

Солтүстік Қазақстан облыстық өлкетану мұражайы  
“Асыл мұра” орталығы.

## КӨРКЕМ СӨЗДІҢ ЗЕРГЕРІ

Ғабит Мүсіреповтың туғанына  
100 жыл

(Өмірдерегі мен шығармаларының анықтамасы)

Петропавл - 2002  
Солтүстік Қазақстан облысы

## ФАБИТ МҮСІРЕПОВ ЖАЙЛЫ ЛЕБІЗДЕР:

“Ғабит Мүсіреповтың “Қөзы Көрпеш – Баян сұлу” туындысы қазақ драматургиясының ғана емес, бар қазақ әдебиетінің көркем шығарма туғызу жолындағы биік белесінің бірі”.

Мұхтар Әуезов.

“Мүсірепов болса қашанда таңдауға лайық тұлға!”

Әбдіжәміл Нұрпейісов.

“Ғабит Мүсірепов – ардақты ат! Мүсірепов туралы мың сөзден “Мүсірепов” деген бір сөздің мағынасы әлдеқайда терең, мазмұны әлдеқайда бай. Демек, Мүсіреповті мақтаудың керегі жоқ. Мүсіреповпен мақтану керек!”

Зейнолла Қабдолов.

“Ғабит Мүсірепов өзін де, өзгені де қайталамайды.”

Тәкен Әлімқұлов.

“Қазақ сөз зергерлерінің ішінде Мүсіреповтің қайталанбас жазушылық қолтаңбасы ерекше. Стилинің әсемдігі, дәлдігі, тілінің нәрлілігі, нәзік юморы мен аса байқампаздығы – бүкіл бір ұрпаққа үлгі.”

Тахауи Ахтанов.

“Мүсірепов қандай жаңа құбылысты, қандай жаңа адамды жазсын мейлі, оның түп-төркінін халықтың өз бойынан табады; қандай өрелі проблема көтерсін мейлі, халықтың өз көкірегінен іздейді”.

Әбіш Кекілбаев.

“Оның кітаптары нағыз дарынның қолтаңбасымен және нәзік талғампаздығымен ерекшеленеді. Олар халық өміріне, интернационализмге шынайы бойлаған”.

Иван Шухов.

“Оның көрікті сөзінде отты, серпінді романтика мен ғажап реализм үнемі астарласып отырыпты. Сондықтан да, біз оның шығармала-рын қашанда үлкен олжадай, қымбат шашудай қабылдап келеміз”.

Әбділда Тәжібаев.

“Әлі де талай-талай замандар өтеді. Талай – талай толқындар кезекпен ауысып, талай-талай ұрпақтар келеді. Сол кезде халқымыздың осы бір тұстағы бел-белесіне үңілер адам болса, Мүсірепов шығармаларына соқпай кете алмайтынын айдан анық”.

Сафуан Шаймерденов.

“Ғабит Мүсірепов – біздің советтік қазақ әдебиетінің туу, өсу, өркендеу процесінің бар кезеңіне куә ғана болып қоймай, оның бұрын бар, бұрын жоқ салаларының бәр-бәрісін дамытуға, бастауға, туғызуға қатынасқанын, соның ең күшті қайраткерлерінің бірі, әуел бастан-ақ соған аға болып туған, басшысы болып келе жатқан кемел жазушы, кең тынысты талант иесі”.

Ғафу Қайырбеков.

### АВТОБИОГРАФИЯЛЫҚ ӘҢГІМЕ.

Мен ескіше жыл басы деп есептелетін “Наурыз күні” киіз үйде туыппын. Қазақ даласының ең суық жағын жайлайтын біздің елдердің бірсыпырасы ХХ-ғасырдың бас кезінде де қыс айларын киіз үйде өткізеді екен.

Ол күні жер де сілкінбеген, күн түгіл ай да тұтылмаған, есте каларлық боран да болмаған, ең аяғы қалжа сүйегіне иттер де таласа алмаған. Менсіз де үбірлі-шүбірлі бір қара үйде тағы бір бала туа салған да, басқа балаларының атына ұйқастыра ат берілген.

Әрине, ол күннен менің есімде қалған ешнәрсе жоқ. Болысым кім, патшам кім, пайғамбарым кім, табым кім, онда менің жұмысым болмауы керек. Кейін ондайды ұнатпаса да ол кезде тістеген мен шаққанға да енжар болған сияқтымын: жылау-ық болмаппын.

— Қайсар болушы ең, жыламайтын едің, — деп, шешем осы күнге дейін әр кезде айтып отырады.

Тегі, ол кезде біздің ауылдарға көп оқиғалар соқпай өте берген сияқтанады. “Асау той, тентек жиын”, қызыл жон қырғын, батырлық, ерлік жайларын шалдар ғана ертегі ретінде айтып отырушы еді. Апталап, айлап көшетін кездер де атам заманғыға айналған. Қақ қасымызда, төрт-ақ шақырым жерде, Торсан ауылы бар. Оның екі баласы болыс, бір баласы төре; безектеген қос қоңырау ол ауылға күнде бір соқпай өтпейді. Ол қоңыраулар осы елдің тыныштығы үшін, қуанышы үшін шылдырамайтынын қай ауыл болса да біліп отырады.

— Тағы да қандай алым-салық келер екен? — десіп, күңкілдесіп те қояды. Бірақ, бай ауылын айнала қоршаған кедей ауылдар әр кезде сыртта, әр кезде қағыс: заман оларға салмағын салады да әңгімесіне араластырмайды.

— Апырай, осы жылда алатын алым-салық қайда кете береді екен? Біздің бір ауылнай елдің бір жылғы төлейтін алым-салығы бір үйді он жыл асыруға жетпей ме? Патша дегеннің өңеші кең бола береді екен-ау! — дейді, Рақмет деген момын адам.

– Пәлі! Алым-салық төлейтін сенің бір ауылнайың ғана ма екен, мың-мың ауылнай, мың-мың болыс бар емес пе! – дейді, оның інісі Қожақ.

– Мың-мың ауылнай жоқ шығар... Ол тым көп қой. Сонша жұрттан жылда алым-салық алып отырса, қанша патша болғанымен жарылып өлер! – дейді үй күшіктеу, он сомнан арғы есепті біле бермейтін Досан деген адам.

– Жарылып өлер? Әкеңнің әкесінен бері төлеп келе жатқанда балаңның баласына дейін төлейсің. Патша сонда да жарылып өлмейді! – дейді Қожақ. Ол Қорған қаласында жүкші болып кеткен адам. Елге анда-санда ғана бір соғады. Сондықтан оның сөзі нанымды сияқтанады.

Осы сияқты терең тамыры бар сөздер әлденеге байланысты қозғалып кетеді де аяқталмай үзіледі Тағы бір ретте қайта жаңғырығады. Бірақ, мұның тамырлы сөз екеніне көпшілік мән бере алмайды. Үлкен әңгімелер бұл маңайда емес, болыс-би маңайында деп ойлайды. Оған бұл маңай қатынаса да алмайды.

Әсіресе, “үлкен” әңгімелерден – “төрт үй түрікпен” аталатын – біздің ауыл сырт отырады. Сондықтан, менің балалық шағымда есте қаларлық бір оқиға болмаған сияқты. Бұл не деген жадау өмір деп мұңайған да ешкім ойымда жоқ. Болмаған болу керек.

Сондай болымсыз өмірден менің есімде қалғандары да болымсыз. Әкеміздің шаруасы тайға артқан қоржындай бұлтылдап кедей мен орташаға кезек ауысудан көз ашқан емес. Анда-санда орташаға

жақындап шырт түкіре бастағанда әкеміз оп-оңай кедей болып қалушы еді. Бай болуды қанша ұнатқанымен, ол бір ішінде кеткен арманы болу керек. Әр қыста бір тосып алатын жұт пен әр жылда егіздей беретін алым-салықтар кейде тұқыртып кетсе, кейде біржол тұралатып кетуші еді.

Төртте шығармын деймін, Хамит, Сәбит дейтін екі ағам мен үшеумізді, мұсылмандық белгісін салу үшін, “сүндетке” отырғызатын болыпты... Бастыра киген бөркімен, бөркіне түстес буырыл сақалынан бет-аузының пернесі айқын аңдалмайтын тәйпiк бiр молда қылт-жылт еткізіп, бәкісін қайрап отыр. Өткен түні осы бәкісімен бастың құлағын кесіп отырған. Анда-санда бәкісін төбеден сорғалаған тамшыға тосып алады. Қайрақтың татын тамшы жуып жібергенде бәкі бізге қарай сумандап-сүйрендеп, жұтынып қоятын сияқтанады. Әке-шешелеріміз әр баласының жақсы мінездерін көтере мадақтап, жоқ мінездерді де тауып мақтап, “сүндетке” бейімдеп келеді. Бір-бір “сүндет атымыз” болады екен, “сүндет тойы” болғанда сол сүндет атымызға мініп шығады екеміз, ендігі жылы оқу оқиды екеміз, ақылды болады екеміз... Киіз үйдің бір қабырғасына көрпе төселіп, жастықтар тасталып жатыр. Тұғжың молда намазға да отырды.

Әзірлік аяқталып болғанша үш бала көз құйрығымен ұғынысып, сыртқа шығып кеттік. Ауыл ағаш арасында болатын, тез жүгіріп, ауылдан ұзаққырап алдық. Үйімізде жалғыз кәрі бурыл ат болатын. Үшеуміздің ойымызға да сол жануар түсіпті: “сүндет” арқылы бір-бір ат аламыз да,

ат жетпегеніміз “сүндеттен” аман қалатын сияктандық: бірақ, мұның бірі де болмай шықты.

Естиярымыз Хамит інілерінен гөрі тереңірек бір сырды ұстап қалған екен:

– Сүндеттелмеген балаға қатын да әпермейді! – деді.

Біздің: – әпермесе, әпермесін! Қатын не керек? Ойнап жүре береміз! – дегенімізге тағы да бірталай салмақты тойтарыс беріп, ағалығын істеп сабарман мінез көрсете бастады. Сәбит екеуіміз беріспеуге бет алып, ағаш арасына зыта жөнелгелі тұрғанымызда сыртымыздан құшақтай алған бауырмал қолдар үйге қарай алып кетті.

Енді міне, үш бала қаз-қатар жатырмыз. Енді бұрыл атқа екінші жағынан жабысқымыз келеді. “Сүндет атың қандай?” деп молда сұрап қалғанда – “бұрыл ат!” десек болды ғой! Ат сенікі болад та...

Төр жақ шетте Хамит, ортада Сәбит, мен есік жақ шеттемін. Молда менен бастаса, бұрыл ат маған тиетін сияқтанады. Ортада жатқан Сәбит Хамитқа бата алмай, менімен орын ауыстырғысы келіп еді, мен көнбедім. Ол мені шымшып, аяғымен теуіп қалып, сыбырлап боқтап та жатыр...

Молда үлкендете бастады да:

– Сүндет тойыңа мініп шығатын “сүндет атың қандай?” – деп, ең алдымен Хамиттан сұрады.

О да қауіптеніп жатыр екен “бұрыл ат!” деп тез жауап берді. Тегінде молданың аңдитыны да баланың көңілі алаң болатын осы бір кез

екен, Хамит “ойбай-ай!” деп, бақырып та жіберді: өткір бәкі ащы сезілді білем...

Бурыл атты Хамит атап қалғанда Сәбит кемсеңдеп жылай бастады. Біржола қара жаяу қалғандай, егіліп жылап кетті.

Кезегі келіп “сүңдет атын” сұрағанда Сәбит: – “А-т-ы-м жоқ” – деп тіпті қатты өксіп жіберді: көзімен ғана емес, бүкіл денесімен, жанымен, тәнімен жылады. Әлдеқандай ауыр қорлық алқымына тығылып, буынып жатқандай сезіледі. Сәбит “Атым жоқ” дегенде менің жүрегімде атым жоқтық жарасы тереңдей түскенімен, қожаға беретін жауапты Сәбит тауып бергендей азырақ жеңіліп те кеттім.

Бірақ, өзіме кезек келгенде, едәуір тоқталып барып: – “менің де атым жоқ” – дедім. Безеріп, қайсарлана айттым да қасарып қалдым.

Әркімге жаутаңдай қарап, шешем егіліп жылап отыр. Ботбай деген жақын ағамыз бар еді, ол да намыстанып жылап отыр екен:

– Немене қайта-қайта аты жоқтығын айтқыза беріп!.. Бір-бір ат беруші ме едің? – деп молдаға ақырып қалды.

– Өзім ат әперем... Жыламаңдар, мына шірік әкелерің ат әперуші ме еді! – деп бізді де уатты. Қуанып қалдық... Кейін “сүңдет тойы” болмағанына одан да артық құандық. Өйткені бізге ешкім ат әперген жоқ еді...

Әке-шешеден күнде еститін көп жақсы тілектердің өзгесі келмесе де “оқу оқисындар” дегендері екі жылдан кейін келіп еді. Жаз бір көлдің басында, қыс айларын әр ағаштың қойнауында өткізетін бес-

алты ауыл “балалардың тілін сындыру үшін” молда жалдапты. Молданың жылдық еңбегіне құнажын бұзаулаған бір сиыр, алты ауылдың бітір-садақасы берілмекші. “Аузының салымына қарай”, өліктің жаназасы да соныкі. Бейсенбі күні балалар молдасына “жұмалық” беріп тұруға тиісті: екі тиыннан кем болмасын, бес тиыннан артық та болмасын... Үлкендер кешқұ-рым осы “жалақыны” бөлісіп, қыр басында ұзақ отырысып қалды.

Молда әр үйде бір жетілеп оқытады. Оқуға бала берген үйлер кезектесіп, бір жеті молданың тамағын да көтереді, балалар оқитын мектеп те болады. Бір жеті өткеннен кейін молда келесі үйге ауысады.

Алғаш “оқуға” барған күні арабтың жиырма тоғыз харпы түгел тізілген бір жапырақ қағазды молда барлық баланың қолына түгел ұстатты. Сарғыш мұрты жаңа тебіндеп келе жатқан шақар жас молданың алдында өмірдей көк шыбық жатыр. Шыбықтың үш жағы жыланның құйрығындай сүйірленіп, балаларға қарай қозғалақтап қояды. Оны көріп отырған балалардың оқымауына да болмайды, бірақ, үйренуіне де болмайды. Қорқыту еш нәрсе үйретпейді.

Балалар төрден есікке қарай үлкендете отырғызылды. Жиырма шақты баланың ең кішісі алты жасар мен едім, маған орын босағадан тиді. Кей үйде қозы-лақпен етектесе отырамын. Кейбір үйдің иті қасымда жатады.

Молда ең жасы үлкен баланы алдына шақырып алды да әлгі айттылған бір жапырақ қағазды тырнағын әдемілеп алған сұқ саусығымен нұқып көрсетіп:

– Әліп, би, ти... – деді. Содан кейін балаға өзі айтқанын үш рет қайталатып – Бар, орныға бар, оқы, – деді де келесі баланы алдына шақырды...

Осы тәртіппен молда оқушы балалардың нақ жартысын алдынан өткізгенше, өзгеміз “әліп, би, ти” деген үш сөзді жаттап та алдық. Тек бір де бірінің мағынасын аңдай алмай отырмыз. Екі жыл оқытып, екі бұзаулы сиыр алып, он шақты адамға жаназа шығарып, алты ауылдан екі жылғы бітір-садақасын алып, молда еліне қайтар кезде де біз ол мағынадан еш нәрсе аңғармап едік. Ескі оқудың әдісі бойынша бір харып баланың алдынан сегіз-тоғыз түрлі өзгеріп өтеді. Мысалы, “а” харып алайық. Бұл ең әуелі “а” емес “ә”, “әліп” деген аты да бар, таяқ сияқты таңбасы да бар. Алдымен бала оның сол атын бір жаттайды, әліп...

Келесі жолы оның асты-үстінде нүкте жоқтығын жаттайды.

– Әліпте жок, би астында бір нүкте, ти үстінде екі нүкте...

Бірақ, бұның қандай дыбыс беретінін бала әлі білген жоқ...

Үшінші кездескенде жаңағы “ә” қатарынан үш дыбыс ретінде оқытылады:

– Әліпсін – ә, әлбәсін – и, әліптүр – ө, ә-и-ө...

Осы ә-и-ө деген үш дыбысты араб харпында жазылатын түрімен қазіргі жаңа алфавитқа көшірсек былай таңбаланар еді: – а, ай, ао...

– Ұлы, өндіріс, он, ер деген сөздер – аоғлы, аөндирис, аон, аир, – деп таңбаланар еді.

Төртінші оралғаныңда сол бір “әліп” тағы да үш түрлі өзгеріс табады.

– Әліпкі-күсін – ән, әліпкі-кәсін – ен, әліпкі-күтір – өн –ән-ен-өн...

енді бір кезде жаңағы жұмсақ әліп (ә) “а” болып кетеді. Ол қай жерде ер жетіп, жуандап кеткенін балалар да аңдамай қалады, молданың өзі де ұғындыра алмайды.

Сонымен бір харыптың сегіз-тоғыз рет өзгертіліп оқытылатынын еске алсақ, араб әліппесінің жиырма тоғыз дыбысы 232-261 харып болып шығады. Сонша шытырманға кіріп кеткен бала кейде соны жыл бойы оқып та хат танымай қала береді. Дыбыс не, харып не, таңба не, оны ешбір бала айыра алмайды. Ең жақсы оқиды деген бала – жаттауға ғана машық болғаны. Сол машықтардың бірі мен болсам керек.

Қобызшы, домбырашы, әнші, жүйрік ат – қыран құсқа құмар Ботпай деген жақын ағамыз улап-шулап отырған балалардың арасына жиі келіп отырады. Үлкендерден біреу келгенде балалар тіпті әндетіп кетеді (ескі оқудың әдісінде үндемей оқу атымен жоқ қой!):

– Әліпкі –күсін – ән, әліпкі-кесін – ен , әліпкі-күтірөн – ән-ен, өн!

Жарықшақсыз жас дауыстарға елтігендей, Ботпай біраз мүлги тындап отырады да молдаға наразылық айта бастайды.

– Осы сенің “әліпки-күсін-ән” дегенің немене өзі? Осы да құдай сөзі ме? – деп, қадала сұрайды. Мінезі оқыс, түсі суықтау кісі болушы еді, молда да оған ығыса жауап береді:

– Оқу ғой, Ботеке... Не екенін бір алланың өзі білмесе, біз қайдан білейік... – дейді. Молданың көкшіл көзі айранданып, сирек мұрты дірілдей бастағаны аңдалады. Бізге ылғи ызғарлы көрінгісі келетін бейшара молданың ығысар бір жаны болғанына біз қуанып қаламыз.

– Сенің үйретейін дегенің “ән, ен, өн” болса, соның өзін ғана үйретіп қоймаймысың, қу мұндар! “Әліпки-кәсін” деген ішінді ұрайының неме керек? Енді бір жетіден кейін балам тағы да осыны оттап отыратын болса, оқуыңнан шығарып алам!–деп, Ботпай молдаға ұрт мінездер көрсетіп қояды.

Әрине, келер жетіден кейін де балалар баяғы маңда жүреді, бірақ, Ботекең де баласын оқудан шығарып әкете алмайды.

Анда-санда Ботпайдың басқа елге ұзатылған жалғыз қызы Бәтима үйіне келеді. Сұлу емес сүйкімді, елжіреген балажан, ерке жүректі адам еді. Ескі ауылда сирек кездесетін, ерекше тұратын, не ойлай қалғаны жүзіне шыға келетін нәзік сезімнің адамы еді. Сол бір жылы бейне балалық шақтың ұмытылмас сағынышы сияқты менің ойымда әлі бар, әлі сыны жоғалған жоқ.

Бәтима қобыз бен домбыраға бірдей жүйрік. Елге қашанан бері таным күйлер мен жұпыны ғана әндер оның саусағына іліккенде құлпыра жөнеліп, жаңа бірдемелерді байымдап кетеді. Басқалар тартқанда сақау қалатын домбыра пернелері ең жаныңа тиетін дыбыстар береді. Бәтиманың даусы да сазды болушы еді. Әсіресе, қалың топ қоршап алып қысталағанда жарқырап шығатын қазақ қызын бірінші көргенім сол. Ол ән салғанда, домбыра тартқанда әкесінен басқа әнші, күйшілердің бәрі де құба төбелденіп, жасып қалатын еді. Әкесі ғана тасып отыратын.

Кешқұрым айдын көлдердің жағасында әкесі қобызды алып, қызы домбыраны алып қосыла тартып кеткенде әр ауылдан шұбырған жұрт андай бастайды. Ол екеуінен басқа ешбір адам қобыз бен домбыраның үнін қоса да алмайды.

Бәтима үйіне келгенде Ботпай үйі ұзақ думанға айналады. Жақын елдердің әнші, домбырашылары жиналып, алыстан талықсып-талмаурап жеткен Ақан, Біржан әндерін салады, Арқа күйлерін әкеледі. Қараңғы елге Абай әлі естілген жоқ, Құрманғазы күйлері Октябрь революциясына дейін жете алмай қойды.

Қалай да Ботпай айналасы домбыра, қобыз үйренуге, жастардың еркіндік сезінуіне сеп болды.

Біздің сол жас бала кезімізде Қазан, Ташкент, Бұхар арқылы тараған “қиссалар” тасқыны басталды. Қараңғы ауыл ішін “Сал-сал” да қисса, “Қыз Жібек” те қисса. Бірақ, Ботпай “Қыз Жібек”, “Қозы Көрпеш”, “Көр ұғылыны” жаттап алыпты, өзгелерін жаттамаған. “Қозы

Көрпешті” айтып отырып, Қодарды боқтап алады да “Қыз Жібекті” айтып отырып:

– Көріңді ұрайын бір қожа мен бір молда мына жерін бұзып қойыпты; бұрын былай айтылушы еді, – деп, ара-тұра түзеп айтады. Сол кезде құлаққа сіңгеннен қалған бір-екі жол өлеңді мен ерте кезде жарияладым. Ол Жібектің әменгерлікке қарсылығын көрсететін сөздер еді:

– Көрпені ағаң ашқан сен ашқандай,  
Не болды жас басыңнан, сорлы бала?

Ботпай бұл сөздерді ширатыңқырай да қадағалай айтады. Жеңгесін алған, келінін алған адамдар отырса, өлеңнің әнін кілт үзіп:

– Сендерге айтады!– дейді. Олар ұялып, жауапсыз ыржиысады.

Біз үш жаз, екі қыс молдадан оқып, қиссаларды едәуір кеуделей бергенде, Доңыз жылының атақты жұтына ұрынып, бәрінен біржола ажырастық. Молда босанып кетті. Содан кейін мен не ескіше, не жаңаша, қазақша оқыған емеспін. Әкемнің орташаға қарай ойыса беріп сылқ етер кезеңі келіп қалған екен, сол жұтта тұралады да қалды.

Ескі ауыл шаруа бағуға қандай қырсыз, қандай бейғам екендігін мен кейінірек түсіндім. Ол кезде бір жалқаулықты, барлық олақтықты тек қана “Доңыздың” ылаңына жауып, ақтаушылармен ойлас едім.

Біздің құба-төбел ауылдар оп-оңай жұтап қалды. Жайлауда отырып-ақ шөбін шаптыра берген бай ағайындарынан жырылып кете

алмай, етек басты болып отыра берген орташа-кедей күздікке келгенде, жаз бойы ескен аңызға жердің түгін ұшырып әкеткен екен. Жұт сол қызыл іңір, күзден-ақ басталып кетті. Біздің үйде сол жылы дәл он алты жан бар еді. Мұның ішінде төрт-ақ адам жұмысқа жарайды, өзгесі өңкей өңез көз, ас иесі, қызыл аяқ балалар мен қартаңдар болатын. Жұмысқа жарайтындардың үшеуі есікте, жалшылықта еді.

Аз ғана жылқыны “жынды боран” алды, аз ғана қой аштан, аз ғана сиыр тістен таусылды. Сүйегі саудыраған, жағы суалған, көзі үңірейген, тәлтірек аштық жер үйдің төрт бұрышында түгел орнай қалды. Сүйек, тері, сақармен қақтап алған сүйектің майы, өлімтік жылбысқысы, бәрі де тесік тамақтан өтіп жатты.

Үйдің қақ жартысын алып жатқан жалпақ пештің аузында қара шөген қайнап тұрады. Шөгеннің ішінде сықыр-сықыр еткен өңкей сүйек болады. Сирақ, кәрі жілік, шеке секілді сүйектер асылған күні сорпаның бетіне май көбірек шығады да, шөгеннің бір жақ бұрышына жиналады. Біз үш бала үш қасық ұрлап алып, көзтаса бола бергенде әлгі майды қалқып кеп әкетеміз... Жер үй бу басқан қараңғы... Тағы қайталаймыз... Қолға түсіп қалсақ, бір қасық сорпа майы үшін бір күнтаяқ жеуге біз өзір...

Шай келеді, шаймен бірге қуырылған бидай келеді. Бидайды кемпір шешеміз бөліп береді, үлкендерге 2 қасық, балаларға сыла қасық тиеді. Бидайды бөлгенде барлық көз кемпірдің қасығында болады да, әркім өз пайдасына қарай түрлі “замечаниялар” жасап отырады:

- Қасығыңды сілікпесейші!
- Батыр түс!
- Маған дегенде қасығың ылғи қалқи бастайды-ау! –десіп қалады.

Кемпірдің бүкір қолдарының қалай қозғалуы мәселені шешеді: жарты оймақ болмаса он шақты түйір бидай қосса, не алып қалса, 32 көз соған қарай түрлі белгілер білдіреді. Кемпір қалыпты бір “кәперетіп” секілді.

Балалар шамамыз келгенше кемпірдің қасына жақын отыруға, кеш болса арқасын қосуға, жалпы айтқанда, кемпірге жақсы көрінуге жанталасамыз. Кемпірге жанаса алмағанымыз, шалға, әкеге, болмаса басқа бір беделі бар біреуіне жақын отырамыз. Өйткені, олардың көзіне жауаңдай берсең, шыныаяғын әперіп жіберсең дер кезінде “бидайың шашылып барады” деп қала алсаң, шырайына қарай әр түрлі жағымпаздық істей алсаң, бес-он бидай ауысып та салады. Бірақ, басқа уақытта қарым-қатынасы түзу адамдар да, шай үстінде ысқырынып, көбінесе ырай бермей қояды.

Кейде шыныаяғын әпере беріп үлкен біреуінің алдындағы бидайын өзімізге қарай шашыңқырап та жібереміз... “Қайда апара-сың?” –деп сол секундында-ақ жалғыз түйіріне дейін жинап алады, бұрынғысынан көрі де өзіне жақындатып, ықшамдап қояды. Көздері жайнап, бізге қарақұстай түйіледі. Біз оған ұялмаймыз, өзімізге тиген бір

қасық бидайды бірдей қылып, 7–8-ге бөліп, 7–8 шәшке қайнаған ақ су “шай” ішеміз. Суды қанша сораптасаң да ешкім қарсы болмайды...

Көп жан – “жақ жұты”. Доңыздың қысы да, жазы да аштық болып еді. Бірін-бірі оғымен атып отырған 32 көз бір жерге сыя алмай, әкем еншісін алды: бізге бір ала қой, бір қысыр қызыл сиыр, бір кер тай тиді. Менен үлкен екі баласын әкем кісіге жалдады да, менің жалданар кезегім бірер жылдан кейін келді...

Белгілі 16-жылы қара жұмысқа ілеккен нағашым мені шаруасын бас-көз етіп қалдыруға сұрап әкетті. Дөңгелек қана шаруалы, екі жас баласы бар адам еді. Ол ел Обаған өзенінің жағасында отырады да, қысы-жазы балық аулап, аздап егін салады екен. Қыстау түрлері әлі де баяғыдай үймежүйме болғанымен, отырықшылыққа бейімделіп қалған ел. Жаздыгүні қыстау маңынан 4–5 шақырым жерге ғана жылжып қонады. Обаған өзенінен Қостанайға жақындаған сайын отырықшылық тіпті айқындай береді.

Мен бұл, мойны алыстықтан бұрын келіп көрмеген елге егін жинау үстінде келіп едім. Егіннен кейін балық ауласып кеттім.

Көкше мұз екі еліге ілексе-ақ балықшы ел балыққа аттаныс жасайды екен. Обаған өзенін мың жерден кесіп тастаған қаза, ау, сүзекі... Қазаны қарап үлгірмейсің! Балықты сақпен сүзіп алуға мұршаң келмейді. Тау-тау болып балық Кавказдың қанжарындай жарқылдап, мұзды шапалақтайды да жатады... Шортан, шорағай, алабұға, табан, сазан, қарабалық, күмістей жылтылдаған ақ шабақ...

– Жиен бала, балықты жинай бер, – дейді нағашым.

Балық науқаны қыс ортасында саябырлады. Көрші ауылда екі класты орысша мектеп бар екен. 6 сом пара алып, “учитель” мені январь айында бірінші класқа кіргізді. Атын әлі күнге білмеймін, “Ақтөбе жігіті” дейтін еді, бірақ алты сом пара алғанын әлі күнге ұмытқаным жоқ: өйткені бұл дәл төрт пұт балық еді...

Ұзамай ол орнынан алынып, мектеп белгілі оқытушы Бекет Өтетілеуовке көшті. Ондай жақсы оқытушыны мен кейінде сирек кездестірдім. Ол үлкен мағынада ағартушы болатын тілегі бар адам еді. Кейде сабақ біткеннен кейін оқуға, білімге шақыратын әңгімелерді айтады. Көбінесе, өзі аударған Крылов мысалдарын оқып береді. Абай, Ыбырай шығармаларын оқиды. Не түсінгенімізді сұрайды. Бірақ, балалар ойы ұғындырғанды да ұмыта береді. Бекеттің өз айтқандарынан есте қалған бір ауыз сөз:

– Қандай іске кіріссең де таза қолмен кіріс! – дегенді көбірек айтушы еді. Тақтаға барып есеп шығарғаннан кейін, болмаса, жазуға отырарда біз ылғи қолымызды жуып әдеттендік. Оның айтатыны бұл ғана еместігін мен кейінірек аңғардым. Қолың таза болуы шынында да көп нәрсені аңғартпай ма?

Бекет менің қиссаға құмарлығымды білгеннен кейін, мені әдебиетке тарта бастады. Әуелі “Жиған-терген” маған өте ұнады. Бірақ, “кәне, несі ұнады?” деп сұрағанда, мен оған жауап айта алмадым. Содан соң ол маған бір жетіге “Шаһымаран” қиссасын беріп, кейін ертегі

ретінде түгел айтқызып шықты. Желілі әңгіме есте қалған екен, мен сүрінбей айтып бердім. Бір кеште, Бекеттің өз үйінде он шақты адамға тағы бір тыңдатты. Тыңдаушылар мені мақтасып тарасты. Өнерсіз-білімсіз елге ертегіші де, бірдемені оқи алған да өзге жұрттан биігірек тұратын еді.

Бұрын бірер жыл молда алдын көрген балаға бірінші кластың сабағы өте жеңіл болып еді. Оның үстіне аздаған мақтаншақ та болуым керек, мені өзіне жақынырақ ұстайтын оқытушыма еркіндік жасап, айналасы бір айдан кейін былай дегенім әлі есімде:

– Мен бірінші класты бітірдім... Екіншінің кітаптарын оқып жүрмін, – дедім.

– Қалай бітірдің? – деп, ақкөңіл оқытушым таңданып та, абыржып қалды.

– Оқытып көріңіз... Букварь да бітті, есеп те бітті, – дедім.

Оқытушымның өз почеркіне еліктей-еліктей, көркем жазуды да түзеп алғамын. Букварьды қиссадай заулатып, әлдене рет сыдыртып шыққамын... Осы жайларымды көтере айттым...

Оқытушым аз ғана жымиды да:

– Қалай оқитыныңды сен емес, мен білуім керек емес пе?.. – деп, мен қызарғанша едәуір кідіріс жасады да – жақсы оқитының рас, мақтаншақтығың да бар... Осы екеуінің біреуін мықтап ұста да, біреуін таста, – деді.

Мен үндей алмай жүдеңкіреп қалдым... Әлде не шым-шым етіп өнбойымды күйдіріп бара жатыр. Сол шым-шым жеріне жеткенше оқытушым үнсіз, елеусіз, аржағына қарай қырындай берді.

– Айтпақшы, арғы күні инспектор келеді, – деді оқытушым, аздан кейін маған еңсеріле бұрылып:

– Жақсы балаларыңды көрсет дейді. Есептен әзірлен. Тақтаға сені де шығарамын, – деді. Мен селк етіп, тез сергіп кеттім.

Инспектор келгенде біз де әзір едік... Өте жарасымды формада киінген, халық ағарту жұмысында екендігі барлық бейнесінен аңқып тұрған, сұлу мұртты, шоқша сақалды инспектор балалармен жұмсақ амандасты. Класта алтындатып салған патшаның өз суреті мен әйелінің суреті ілулі тұратын, сол екеуінің кім екендігін сұрады. Барлық бала қол көтердік. Инспектор балаларды түгел шолып бір қарап шықты да:

– Көне, сен айтшы,–деп, алдыңғы партада менімен қатар отыратын Мұсақай деген баладан сұрады. Мұсақай қолын шошаң-дата көтеріп, білетіндігін тым-ақ айқын сездіруге жанталасып еді.

Бірақ, жаттап алған ұзын сүре тез ұмытылмақ қой. Мұсақай орнынан іркілмей-ақ тұрып еді, біраз жаутандап, жұтынып-жұтынып қалды да:

– Нызнау...– деді, қара басып.

Инспектор көз құйрығымен оқытушымызды бір жанап өткенде, ол қызарып кетті.

– Кәне, сен айтшы...—деп инспектор ең артқы партада отыра-тын, жасы жиырмаға келіп қалған ұзын-тұралау келген Жақып деген бала жігіттен сұрады.

Ол партаны сықырлата, тарсылдата, ебедейсіз тұра келіп:

—Яго...— деп бастады.

—Яго емес, его...—деп түзетті инспектор.

Сол-ақ мұң екен, Жақып та сандалақтап қалды.

Енді оқытушымыздың көзі сенімді оқушыларына қайта-қайта қадалып, қамшылай бастады. Солардың бірі болып, мен де қолымды соза көтердім.

—Жә, сен айтшы...— деп, инспектор маған патшаның әйелін нұсқады.

Бірінші класта болғаныммен, мен де он төртегі ересек бала, тілім оралымға келе бермейтін. Әсіресе, патша әйелінің ұзын сүре лауазымы басталатын “Ея” деген сөзге біржола тілім келмей қойған. Кейде “Ия”, кейде “Иа” дейтінмін. Сол бір кеселді шаларақ естірте, тез аттап алдым да әржағын мүдірмей шұбатып кеттім. Инспектор ырзалығын аңдатқаны болу керек, мені тақтаға шақырды. Көбейту ережесінен бірер сұрақ берді де, қатарынан екі түрлі есеп шығартты. Онысының бәрі де бұрын талай кездескен есептер еді, мен мүдіргенім жоқ. Жүрексініп қалмаса, ол есептерге басқа балалар да мүдіретін емес-ті.

Осыдан кейін оқытушымыз да есін жиып, инспекторға менен орыс тілінен де сұрауды ұсынады. Ұмытпасам, менен сұралған “Чиж и голубь”, не болмаса, “Маймыл мен көзілдірік” мысалы:

Чижа захлопнула злодейка-западня,  
Бедняжка в ней и рвался и метался.  
А Голубь молодой над ним же издевался.

Осы өлеңді осы күнге дейін жатқа білетініме қарағанда, менен сұралған да осы болу керек. Көз алдыңа келері бар, аярың бар, ұғынарың бар өлең оңай жатталған.

Оқушы балалардың бесеуі қыз еді, үшеуі инспектордан қорқып үйлеріне кеткен. Қалған екеуінің бірі тағы да осы мысалды айтып шықты. Инспектор маған М.Лермонтов томын, қызға А.Пушкин томын сыйлады. “Қанжар”, “Терек”, “Дұға” деген өлеңдерді мен сол қыста жаттап алдым. Бірақ, мағынасын бұлдыр ұғынушы едім. Оқытушым ұғындырғаннан кейін де көз жазып қала бергенім даусыз.

Ең қызығы, инспектор кеткеннен кейін үш-төрт күннен соң патша құлаған хабары тарады. Әр ауыл дүрліге хабарласып, ел рухы қатты көтеріліп кетті.

–Бостандық, бостандық! – деп, сүйінші сұраушылар ерсілік-қарсылы шапқыласты.

Таңертең мектепке келсек оқушымыз патша мен әйелінің суретін жұлып алып, столының қабырғасына сүйеп қойған екен. Енді анықтап көрсек, сурет сыр бояумен қаңылтырға салыныпты. Алтындатқан жақтаулары да қаңғырлаған қаңылтыр екен.

—Бүгін оқудан боссыңдар. Мына екеуін ауыл-ауылға сүйретіп, кешке дейін мыжғыландар... Патша құлады деген дауыстарың бөсеңдемесін!— деді оқытушымыз.

Біз патша мен әйелінің суретін қыл шылбырға байлап алып кешке дейін сүйреттік. Әр ауыл үй төбесіне шығып карап, балаларды еріксіз үйге кіргізіп, сыйлап шығарды. Патша дегенді көзімен көрмеген қазақ әйелдері мыж-мыж болған суретті көріп:

—Албастының кейпі қалай жаман еді! Бір көзі соқыр екен ғой!— деседі, ол көзді біз шұқып тастағанымызды білмей.

Сонымен бұдан үш-төрт күн бұрын инспектор алдында қалтырап тұрып мадақтаған патшаны кешке дейін сүйреттік те, Обағанның ойығына тастап жібердік. Қаңылтыр суреттер мұз астын тықыр-тықыр бір-екі тырналады да үндері өшті...

Келер жазда Бекет Өтетілеуов өз атынан өтініш жазып, мені Пресногорьковская станциясындағы жоғарғы бастауыш мектебіне түсірді. Орышадан екі алып, есептен бес алып, түстім...

Сол күз бір той болып жатқан ауылдың шетінде Сәбит Мұқанов екеуіміз кездестік. Бұрын сырт қана біліс болатынбыз. Менің үстімде, солдат шинелінен қазақ әйеліне тіктірген сұр “пальто” болатын.

Басымда тоқыма қара бұйра бөрік, аяғымда саптамалы етік бар-ды. Сәбит маған ығыса сөйлесті. Мен тұйықтау, ол ашықтау болғанымен, жасқанып тұрды. Қайда баратынымызды айтыстық. Ол Омбыға, мұғалімдер курсына кетіп барады екен. Аяғында ол малға “дөстөбірен” жазудың үлгісін сұрап алды.

Өткен жазғытұрғы бір базарда мен елу-алпыс атқа “дөстөбі-рен” жазып беріп, үш сомдай ақша тапқаным бар-ды; оның үстіне, қара қазақтың алдында мақтаныш етіп сыпылдатып жазам деп, “песір” атанғамын. Сәбитке сол жеткен екен. Мен оған бір “дөстөбіреннің” үлгісін жазып бердім де, бірақ, жылқы біткен бір түсті болмайтынын ескертіп — қара, торы, жирен, құла, күрең деген сияқты түстердің орысша, қазақшасын тіздім. Сөздіктің бір бағанасындай етіп малдың әр түрлі ен таңбасын да жаздым.

Сәбиттің ол үлгіні қалай пайдаланғаны күзді күнгі Пресногорьков базарында екі рет кездесті. Өте ыңғайсыз түрде кездесті. Бір аттың түсін жазғанда Сәбит қара, торы, қара көк, жирен деген үш-төрт түсті бір-ақ қосақтапты... Екінші бір аттың ен-таңбасын жазғанда оң құлағында ойығы бар, тілігі бар, шорт кескені бар деген секілді белгілердің бәрін тізіп, сап-сау құлақты жоқ қылып шығарыпты. Қылжақбас стражниктер ат иесін ұзақ әурелеп, аяғында пара алып босатты. Өзге шатақтарын Сәбит “Менің мектептерімде” өзі де жазған.

Орыс үйіне пәтерге қоюға әкеміздің шаруасы көтермей, мені атты қазақтардың сауын сиырын бағатын бақташы Сағындық деген

адамның үйіне орналастырды. Ақкөңіл жақсы адамдар еді. Сағындықтың інісі Сыздық жасында орысша оқыған. Одан қалған жалғыз белгі “Қыз Жібекті” орыс әрпімен көшіріп алыпты. Бұлар ертеден осы қалаға орналасып, жаяу кәсіппен күн көріп отырған адамдар: әйелдері тон тігеді, еркектері етік тігеді, ойық тазалайды, әркімнің отын-шөбін тасып береді. Балаларына дейін орысша таза сөйлейді. Мен олармен орысша сөйлесуге көп уақыт жасқанып жүрдім. Әсіресе, Сәлима, Шайзат деген 13–14 жастағы қыздарымен орысша сөйлесе алмадым.

Бір күні сабақтан қайтып келе жатсам, базарда бір әйел “Яблочки, яблочки” деп, зар қағып тұр екен. Алманы солай атайтынын “орысша-қазақша тілмаштан” көрген сияқты едім. Бірақ, алманың өзі қандай болатынын көрген емеспін де. Пәтер үйімнің екі қызына бір көрмеген сыйлық жасағым келіп, базарға бұрылдым да әлгі әйелден алманың бағасын сұрадым.

Жалқын қызыл жемісті әйел қолына алды да:

–Екі тиыннан, – деді.

Мен жиырма тиынға онын алдым да қалтама салдым. Жарылып кеткелі тұрған іркілдеген қызыл жемісті барлық қалтама бөліп салуға тура келді. Үшеу-төртеуін шалбар қалтасына да салдым. Қаланың батыс жағында, ағаш арасында киіз үйде отыра-тын пәтер үйіме жеткенше әр қалтамнан-ақ едәуір сыз біліне бастады.

Ең ауыр халге киіз үйге кірген соң түстім. Үй толы адам жерде шай ішіп отыр екен. Екі қыз самауырдың екі жағында шай құйып отыр.

Әлдеқайдан келген жат қонақтар бар. Үй иесі зорлап мені де шайға отырғызды. Мен де малдас құрып отыра бердім, шалбар қалтасындағы қызыл жемістер де бырт-бырт жарыла бастады. Сығылыса отырған жұрт сырт қалталарымды да езіп жіберді. Киім сыртына қара-қошқыл ылғал шыға бастады... енді мен орнымнан қозғала алмай, мелшиіп отыра бердім. Қыр қазағы қала нанына қандай құмар, шай да ұзаққа созылды. Менің астыма түгел су өте бастады.

Әлден уақытта шай аяқталып, екі қыз отын теріп әкелуге шықты. Пәтер үйімнің оны-мұнысына жеңіл қолғабыс ететін шартымыз бойынша, отынға мен де кеттім. Үйден ұзап шыққан соң, мен қысыла-қызарандай тұрып қыздарға алған сыйлығымды көрсеттім:

—Алма... Сендерге алып едім, — деп жарылып-жарылып, езіліп кеткен қызыл жемістерді қыздарға ұсындым.

Үлкен қыз қызыл жемісті қолына ала беріп-ақ сықылықтап күле бастады. Кіші қыз ашық мінезді, еркелеу болушы еді, мен ұсынып тұрған қызыл жемісті әуелі қағып жіберіп жерге түсірді де іле өзі еңкейіп жерден алып, үйге қарай жүгірді:

—Апа, Фабиттің бізге әкелген базарлығын қара! Помидор, помидор!— деп айғалап, саңқылдап күліп барады. Үлкен қыз күле-күле шек-сілесі қатып, жерге құлай кетті.

Сөйтiп, қызға қырындаймын деген бiрiншi талабым осы күнге дейiн ұмытылмаған ұятқа ұшыратты. Кейiнiрек бiлдiм, Қорған жағында помидорды яблочки деп атайтындар да бар екен.

Мен Пресногорьков жоғарғы бастауыш мектебін жиырма бірінші жылы бітірдім. Енді еске түседі, сол мектептің айналасын-да ғана бірталай қызық нәрселер бар екен. Ең алдымен, Совет өкіметі орнағанға дейін, біз күнде таңертең сабақ алдында “дұғаға” тұрушы едік. Барлық бала мектептің екінші қабатындағы үлкен залға сапқа тұрады. Қарсы алдымызда дін сабағын беретін поп Малиновский, мектеп директоры Михайлов, дьякон, мұғалімдер... Ең әуелі:

“Отче наш, еже еси, на небеси... да будет воля твоя...” – деген дұғаны хормен айтамыз. Ағаш мектеп күңіреніп кетеді. Одан кейін, патша алдақашан құлап, атылып кетсе де біз “Боже, царя храни” деген дұғаны он тоғызыншы жылға дейін оқыдық. Поптың жуан даусы залдың бұрыш-бұрышын анда-санда бір дүңгірлетіп қояды. Терезелер үн қосады. Бірақ, хордың нағыз жаны – дьякон. Ол әрі жас, әрі сұлу жігіт. Даусы нағыз барқыттай баритон болу керек. Қыздар хорға қосылып тұрып, кейде оның даусын тына қалысып тыңдасады. Музыка сабағында еркек балаларға оның көзі бір түскені есімде жоқ, қыздарды ғана оқытатын сияқты.

Сонымен, айналасы алты жылға созылған мектеп дәуірінде мен патшаға үш рет кездестім: әуелі инспектор алдында патшаның әйелін мадақтадым, үш күннен кейін суретін сүйреткіге салыстым, енді міне, “жасаған, патшамызды сақтай көр!” деген дұғаны да төрт жыл бойы хорға қосылып айтып келемін! Бұл әрі шеткейлік-тің, әрі атты-казак станциясының ерекшелігі еді.

Мен бірақ, Пресногорьков жоғарғы бастауыш мектебін әлі күнге дейін алғыспен еске алам. Орыс тілі, орыс әдебиетін ұғындыруда аса бір ұқыптылығы бар еді. Суффикс, флексияларға екі жыл бойы тілім келмей қойғанда, сол дәкір тілді еріксіз икемге келтірген түріне тілім келмесе де мағынасын терең ұғын-дыруға жанын салған оқытушыларымды алғыспен еске аламын. Үйрене алмаған өзім кінәлі, ол мектеп етік тігу, есік-терезе жасау, кірпіштен үй салу өнерлерін де үйретіп еді. Бір жағынан әлі шайқалмаған ескілігі болса, екінші жағынан жаңалыққа да жатсырай қарамайтын. Жиырма бірінші жылы ақ бандылар көтерілісі болғанда сол мектептің жиыра шақты баласы Ақмола облысының оңтүстік партизандарының гуппасы деген отрядқа қосылып кеттік. Атты казак еңбекшілері таптық тартыста қазақ даласынан оп-оңай озып жүре берді.

Бандыларды құрытқаннан кейін, қазақ елінің ішінде қаймағы шайқалмаған ескі қалыптардың заңсыздығын ұғына бастадық. Болыстық, ауылдық советтер түгелімен байлардың, атқамінерлердің қолында болатын. Аз ғана топ сол жайды өзгертуге аттандық. Бірақ, өзіміз де заңсыз қимылдадық. Айналасы бес жігіт – Есім Досполов дейтін мұғалім екеуміз, қасымызда үш жігіт белсендіміз бар, болыстың орталығына келіп:

–Бай балалары, сендер болыс болуға хақыларың жоқ. Болыстық жиналыс шақыр, жұртқа соны түсіндіреміз... –дедік.

Жиналыстың аяғы насырға шауып кете ме деп қауіптенген болыс айналасы жарты сағаттың ішінде бұрынғы болыс, военком, оқу бөлімі, жер бөлімі сияқты мекемелерді басқарып отырғандарды түгел орындарынан түсіріп, бәрін де өз қолымызға алдық. Орталықты көшіріп, басқа елге апарып орналастырдық...

Менің қылыш, мылтық сияқты нәрселерге ертеден құмарлығым болушы еді, мен военкомдықты қалап алдым... Бір қызығы, біздің заңсыздығымызды облыс орталығы сөккен жоқ, бекітіп берді. Өттең, военкомдық тоғыз айдан кейін жойылды да, мен ол жұмыстан ажырасып кеттім, әйтпегенде осы күнге дейін солдат атанып жүрмей, мүмкін, офицер қатарына қосылар ма ем, әлде қайтер ем?..

Қалың бұқараның сол кездегі ұғымын андататын бір жайды Омар деген кісінің амандасуынан түсінуге болатын еді. Ол кісі неше кездессең де бір-ақ түрлі амандасады:

– Е, шырағым, қай баласың? – дейді ол, көргеннен кейін де танымай қалып. Сен аты-жөніңді айтасың.

– Е, сен екенсің ғой... Орынша ма едің?

– Ие, орыншамын.

– Милицияларың кім?

– Сол бұрынғы жігіт.

– Кәператиптерің кім?

– О да, бұрынғы жігіт...

– Е, бәрі де орыншы екен ғой әлі...

Осы екі сұраудан аспай Омекең ылғи тоқтайды. Совет өкіметінің хал-жайын білгені де, күнделікті тіршіліктің бетін аңғарғысы келгені де осы екі сұраудың аңғарынша шешіліп отыратын сияқты. Ел ішіндегі осы ыңғайға сәйкес мен төрт жарым ай аудандық милиция бастығына орынбасар да болдым. Бірақ, ол қызметке қызықпай қоштастым.

Жиырма үшінші жылы күзге қарай Сәбит мені Орынборға әкелді. Бұл кезде шаруасы орташаға қарай ойысып қалған әкеміз менің оқуға кетуіме едәуір-ақ қарсылық етіп еді, Сәбит көп күш салды. Он жетінші жылдан бері Сәбит үлкен қалаларда, мен ауыл төңірегінде болдым да, ол менен “озып” кеткен екен. Ол Совет өкіметінің болашағы жайында сөйлей алатын болыпты. Қазақстан мәселелері түгел алақанында сияқты. Наркомдармен тең отырып сөйлеседі. Өзі бас наркомның үйінде тұрады екен, мені де сонда алып келді.

Екеуміз жалғыз терезесі жабық верандаға шығатын аса қараңғы бөлмеде төрт-бес ай тұрдық. Қараңғы бөлме тазалықты бақыламауға өте қолайлы болды. Біздің бөлмені ешкім сыпырмай-ды да, жумайды да. Мен де салақпын, Сәбит менен де салақ. Қара махоркені қосыла тартамыз да қалған тұқылын кез келген бұрышқа лақтыра береміз. Темекіміз таусылып қалған кездерде қайта жинап алып, қайта тартамыз. Сөйтіп, салақтықтан да үнем туып жүрді.

Сәбит екеуміз бір кісілік қана жіп-жіңішке темір төсекке бірге жататын едік. Төсекке салған шай жәшігінің жұқа тақтайлары екеумізді

көтере алмай, еден жарылғандай гүрс етіп әр түнде сынады. Кейбір түндерде белуардан шойырылып екі-үш рет еденге түсеміз. Көзімізді ашпастан тақтайларды қайта құрастыра салып, қайта ұйықтап кетеміз. Сәбит менен бұрынырақ ұйықтап кетеді. Кейде шала құрастырылған тақтайлардың сықыр-сықыр сына бастағанына да қарамайды. Әлі есімде сол қырық-құрау тақтайларды қыс бойы жаңартқан да жоқпыз, құрастырумен құтылып кеттік. Мұнымыз да салақтық үнемі болып шықты.

Сәбит көбінесе өлең жазады, мен сабақ әзірлеймін. Ол өлеңнің ұйқасы табылғанына көбірек қуанады, мен шалалау ұғынған бір сабақтың жүйесі табылғанына көбірек қуанамын. Оның газет-журналдарға жиі басылып тұратын өлеңдері екеумізді еркін асыруға жетеді. Бірақ, түк берекіміз же жоқ, көбінесе тоқ-жарау жүреміз.

Осы салақтық нәтижесі қыс ортасы ауа бергенде-ақ маңдайымызға тиді. Сәбит рабфаққа былтыр келіп түскен, биыл екіншіде оқитын. Бірақ, біріншінің біраз экзамены мойнында жүреді екен. Өлеңге әулігіп, сабаққа салқын қараған Сәбит қыс ортасында біріншіге қайта келді. Мен күзді күні әзірлік курсына түсіп ем, қыс ортасында біріншіге көштім. Сөйтіп енді сабақты бірге әзірлейтін болдық.

Сәбит бұл жайға көп ренжіген жоқ. “Большевиктер налымайды” деді де өлең жағына қайта ауысты. Жазғытұрым біріншінің экзамені басталар алдында елге кетіп қалды.

Сәбит өлеңді іркілмей де қиналмай жазушы еді, жағдай да талғамайтын. Бір столдың үстінде ол өлең жазып, мен есеппен басым қатып, бірге отырамыз. Кейде оның өлеңге еріп бұл бөлмеден шет дүниеде, алыстағы бір оқиғалар арасында, шытырман суреттердің ортасында отырғанын сезінемін де қызығып қоямын. Қазір оның ойында оқу да жоқ, тоқ-жарау тұрмысымыз да жоқ, басқа түрлі күнделік қуаныш-қайғысы да жоқ, тек қана өлеңге ауысатын суреттер, өзі ғана айқын көріп, үнсіз тілдесіп отыратын адамдары бар.

—Адамның кейбір кездері,  
Көңілде алаң басылса  
Тәңірінің берген өнері  
Көк бұлттан ашылса,

Сылдырап өңкей келісім,  
Тас бұлақтың суындай  
Кірлеген жүрек өз ішін  
Тұра алмас әсте жуынбай...—

дегендей, бұл ақынның бір қымбат шағы ғой. Өлең үстінде Сәбитті мен осы халде талай көрдім. Сонысына қызығушы едім.

Менің кітапқа құмарлығымды, азды-көпті сынай алатынымды аңғарып, Сәбит маған — “жазуға кіріс” деп мазалап жүрді. Газет басқармаларынан қарулы-қарарлар әкеліп аудартып жүрді. Ол бір оңай

табыс болатын. Сол кезде ылғи қате аударылған, қате аударыл-маса ешкім түсінуге болмайтын қаулы-қарарлардың қазақшасында менің де еңбегім бар. Бірақ, менің ойымда “сылдыраған келісім де”, еріксіз сүйреп әкететін суреттер де оянған жоқ еді ол кезде.

Мен сол кездегі Орынбор рабфағын кейбір жағынан жоғары дәрежелі мектептермен теңесе алады-ау деп ойлаймын. Әсіресе, әдебиет, тарих жағынан көп нәрселерді түбірлеп оқытушы еді. Қалайда он тоғызыншы ғасырдағы орыс классиктерін мен сол рабфакта ұғынып шыққандаймын. Әсіресе, Гоголь, Чехов, Горький бахыты ойыма қона қалушы еді. Шет елдердің классиктері кейінгі кездің ізденуіне байланысты болса, әр кезде өмірге байланысты, шындыққа байланысты, сол шындықты өзгертуге бағытталған орыс классиктерін рабфак бірталай-ақ ұғындырған сияқты. Рабфакты бітірер кезде жазу талабы менде де ояна бастады. Қабырға газетіне бірінші рет ұзақ әңгіме жаздым (кейін ол “Тулаған толқында” деген повестке айналып, менің бірінші басылып шыққан еңбегім болды).

Ол бір болған оқиғаның төңірегінен туған әңгіме еді. Мені болған оқиғаның өзі бастап кетті. Оқиға желісі үзілер жерге дейін еркін барған сияқты едім, аяқтау салмағы өзіме түскенде, малтығып әрең шықтым. Кезінде өзге ешкім аңдаған да жоқ.

Бірақ, рабфакты бітіріп шыққаннан кейін де әдебиетке ауысуға табаным тұрақтай алмай, Омбыдағы ауылшаруашылық институтына барып түстім. Ол кезде оны Академия деп атайтын. Әдебиетке алабұрту

сонда басталды. Есеп үстінде отырып та, тәжірибе станциясында аудармалы егін салысып жүріп те ой алаңынан құтыла алмай қойдым. Өзгелер ауылшаруашылық үйірмелеріне кеткенде мен әдебиет үйірмесіне жазылдым. Жеті студент ортадан жалдап, өзін Белинскийдің шәкіртімін деп санайтын қартаң бір педагоктан қыс бойы оқыдық.

Ол сабақты әр жазушының өз көзі болу керек дегеннен бастап еді. Барлық жазушы бір-ақ көзбен көруге тырысса, салатын суреттері де ұқсас шығуы мүмкін. Жазушы көзі тұрақтамаған жас балаға ұқсамауы керек, ой көзі тұрақтылықты тілейді. Тұрақсыз көз өмірдің сыртын ғана, бояуын ғана көреді, сырына тереңдей алмайды. Идеялық көзқарастың тұтас та тұрақты болуы жазушыға қандай керекті болса, дүниені көретін өз көзі болуы да сонша қажет. Осыған келісеміз бе? – деді. Біз сөзсіз келістік.

Содан кейін ол мазмұн мен түрдің тұтастығын Белинский ойларымен дәлелдеп, екі лекция оқыды. Көзқарас мазмұндық тек, жазушы көзі деген сол текті өзіңше көре білу болады екен.

Қыс бойы әдебиет ағымдарымен танысуымыздың аяғы “философтар дүниені түсіндірумен келеді, міндет сол дүниені өзгертуде ғой” дейтін атақты қағидасымен аяқталды. Бұл совет әдебиетінің негізгі заңы, негізгі талабы екен деп таныдық.

Бұдан үш-төрт жыл бұрын В.И.Лениннің Саратов, Орынбор, Омбы қалаларының оңтүстік бетіне көз салсаң, қаймағы бұзыл-маған қандай патриархалдық, тағылық жатқанын айтқаны құлаққа бір

шалынған. Мақтаншақ топтар, бұрынғымызға қол тигізбей, қадірлеп ұстағысы келетін бірталай адамдар, Орынборда бұған мән бермей, “айтылды – қалдығы” айналдырып, тез ұмытқан. Маркстің қағидасы ең алдымен сол кең өлкенің өмірлік тіршілігін тез өзгертуді талап етіп тұрғандай, ойға дөп қона қалды. Мүмкін, қаламға тезірек жармасуыма бір себеп осы болу керек.

С.Мұқанов

## ҒАБИТ МҮСІРЕПОВ ТУРАЛЫ

(Қысқаша биографиялық очерк)

### 1. ҒАБИТТИҢ АТА ТЕГІ ТУРАЛЫ

Ескі ауылдың тілімен айтқанда Ғабитпен мен руласпын. Екеіміздің де арғы атамыз керей. Керейді: Ашамайлы, Абақ деп екіге бөлгенде, біз Ашамайлығы жатамыз. Ашамайлының басым көпшілігі – Совет Одағында. (кейбір шежіреші қарттардың айтуынша бертінде жүз болыстай ел болған)–деседі. Абақтың басым көпшілігі – Қытай мен Монғолияда (Оларды алпыс болыс болған деседі). Ашамайлы ішінде біз Сибанбыз. Одан Ерімсары, Қортық Күнгене, Шоқыматар, Шимойын. Бастапқы үшеуінің ұрпақтары қазіргі Қостанай облысының Ұзынкөл және Урицкий аудандарында және Солтүстік Қазақстан облысының Преснов, Октябрь, Ленин аудандарында тұрады. Шоқыматар – Ақмола облысының бір ауданында Шимойынның үшінші тоқалынан Жылыбай, Қосай деген кісілер туған екен. Қосай – менің жетінші атам. Бастапқы екі шешемізден туған балалардың біразы Семей облысының Шұбартау ауданында, басым көпшілігі Монғолияда сияқты.

Ғабит Сибан ішінде – Қортыққа жатады. Қортықтан Тоқпамбет, Сейіт туған екен. Тоқпамбет тұқымы өсіп біздің заманда екі старшина ел болды. Сейіт тұқымы өспей, жалғыз-жалғыздан туып келді де, ең соңы

менің Зәуре дейтін апамнан туған жиенім – Нүрке (Нұрсұлтан) Сүлейменов Совет Армиясында кіші офицерлік қызметте жүріп, Ұлы Отан соғысы күндерінде ерлікпен қаза тапты, сонымен Сейіт ұрпағы бітті!..

Ғабит Тоқпамбет ішінде Беспайға жатады. Осы арада бір кішкентай “кілтипанды” айта кету керек. Ғабит туған ауылды Сибан ішінде “Түрікпен дейді. Оның себебі мынау Беспайдың сегіз ұлының бірі – Тасболаттан Қуат, Сәдір деген екі ұл туады екен. Тасболат бай болған екен, оның қалың жылқысы бақтыруды баласы – Қуат басқарады екен. Бір күндері Қуат жайылған жылқыны аралап жүрсе, бір жас жігіт атын қаңтарып, жерде ұйқтап жатыр екен дейді. Қуат оятып жөнін сұраса, “затым түрікпен, батыр жігіт ем, ханымызға қарсы болам деп қуғынға ұшырадым да, осылай қарай қаштым, ұлы жоққа ұл болуға әзірімін” депті. “Ендеше маған ұл бол” депті Қуат. Жігіт соған көнгеннен кейін, атын Жолғұтты қойып үйіне алып келіпті де, Әділбай деген баласы өліп, жесір отырған келінін қосыпты. Жолғұтты сіңісіп жақсы бала болып кеткеннен кейін, балалы-шағалы болғаннан кейін, Қуат енші беріп “Қояншоқ” дейтін ағашты, шұрайлы жеріне қыстау салдырады.

Жолғұттыдан Еламан туған екен. Менің ауылымның қазіргі мекенінде “Еламан” атты көл бар. Жолғұттының да, Еламанның да зираты осы көлдің теріскей жағындағы дөнесте. Ескі зираттардың үстіне қалың шие шығады.

Еламанның Әсіреп, Мүсіреп, Кенжетай туады. Мүсіреп орта дәулетті кісі екен дейді. Ол сөзге шешен, іске қажырлы адам болса керек. Сондықтан, Сибан ішінде ғана емес, бүкіл Керей руында әрі ірі бай (бес мың жылқысы болған), әрі ірі феодал болған, әрі батыр боп, патша үкіметінің әскерін бастап Кенесары Қасымовты Арқаға қарай айдап тастаған, сол қызметі үшін Хорунжи чинін алған, XIX ғасырдың орта кезінде, Құсмұрын дуанының Сұлтан-правителі Шыңғыс Уәлихановты түсіріп, орнына Сұлтан-правитель болған Есеней Естемесов, Мүсіреповті оң қолы ғып ұстап, өз ауылының қасынан қоныс беріп, қыстау салдырған. Дөңес жерге жалдана біткен бұл ағаштың атын “Елтің жалы” дейді. Елтің – Қыпшақтың Күрлеуіт руынан шыққан адам екен, өзі Есенейдің туған апасын алған жездесі екен. Елтінің әкесі Нияз:

Абылай апас Арқаның сары белі,  
Қуандық пен Сүйіндік жайлайды елі,  
Қырық мың жылқы түссе де ұлайланбас,  
Нияздың Аюлы мен Қаракөлі, –

деген өлеңіндегі Нияз. “Нияздың қаракөлі” Баян мен Ереймен тауларының арасында екені мәлім. Қалың Күрлеуіт елі де сол маңайда деседі. Есеней Елтінді қасына содан көшіріп алған. Артынан басқа Күрлеуіттер де келе бастап, жеріне симайтын болған соң, Есеней оларға Қостанай облысының қазіргі Урицкий ауданынан жер берген. Қазір ол

арада үш колхоз Күрлеуіт бар. Шоқан Уәлиханов 1841 жылы “Едіге батыр” жырын жазып алған Күрлеуіт Жаманқұл (Шоқанда қатеден “Жұмағұл” аталған) ақын осы арадағы Күрлеуіттен шыққан. Елтінді басқа қонысқа көшіргеннен кейін, оның мекенін Еселей Мүсіреповке берген. Ауыл шаруасы колхоздануға дейін, Түрікпен ауылы Елтін жалын мекендеп келді. Қазір ол, Қостанай облысы, Пресногорьков ауданы “Жаңа жол” аталатын Ғабиттің туған ауылының қарамағында. Ертерек кезде, кейбір шығармасына Ғабиттің “Елтін жал” деп қол қоятын себебі осыдан.

Мүсірептен Кәжімбай, Ботбай туады. Кәжімбай момын мінезді, кедей шаруалы болған, шаруа бағудан басқамен айналыспаған адам. Оның қылығындағы ерекшелік – ұмытшақтық пен ұйқышылдық екен. Осы жайда, ел ішіне тараған нешетүрлі қызық әңгімелер бар. Кәжекең 1931 жылы, тоқсан бір жасында қайтыс болды. Сонда сақал-шашы ағарған жоқ. Ботбай елдегі маңғаз жігіттердің бірі болған, ол балуан да, шешен де, әнші де, қобызшы да, күлдіргі де адам екен. Дәулеті шағын бола тұра, ол жазғы, қысқы үйлерін таза ұстаған, өмір бойы әдемі киінген, жақсы ат мінген, сері болған кісі. Еселейдің мал-мүлкіне ие болған күйеуі (Еселейде ұл бала болмаған) – Торсан Тілемісов, өзі болыс кезінде Ботбайды төрт биінің бірі ғып ұстаған. Кейін Ботбай Торсанмен араздасып, өмір бойы дауласып өтті. Ботбай 1911 жылы, 56 жасында қайтыс болды.

Кәжімбайдан:Мақмет (Махмұт), Ақан, Мақан, Самырат туады. Мақметті (Ғабиттің әкесі) Мүсіреп бауырына салады да, Кәжімбайға енші бергенде алып қалады. Мақмет сол үйде өсіп, сол үйде үйленіп, сол үйден енші алып шығады. Мақметтің әйелі Дина Обаған бойын жайлаған Шекті руында (Арғынның бір бұтағы) Оңғарбай деген кісінің қызы екен. Түрікпен ауылынан атпенен екі-үш күндік бұл елден, Динаны Мақметке, ат үстінде көп жүретін Ботбай айттырған екен деседі. Мақмет мұсылманша сауаты бар, кітап, газеттерді қарап отыратын, ақылды, парасатты кісі еді. Оның бір сайлауды ауылдық старшин болғаны да бар. Дина үлкенге келін боп, кішіге жеңге боп, жастарға шеше боп жаққан, мінезі биязы, бейлі кең, асы дәмді, абысын-ажын арасында ұйымшыл, ақылды болған кісі. Ол менің кіндік шешем. Мен Түрікпен ауылында туған екем де, жерден Ботбайдың бәйбішесі –Тұрағал көтеріп ап, кіндігімді Дина кескен екен. Сондықтан да және ақылды, пейілді адам болғандықтан да, Дина апайды өл-өлгенше сыйлап, алдынан кесе-көлденең өткен жоқпын, сыпайылықтан басқа сөз айтқан жоқпын. Дина 1959 жылы 82 жасында қайтыс болды. Шаруасы кедей Кәжімбайдың өзге балалары – Ақан, Мақан, Самырат өмірлерінің көпшілігін жалшылықта өткізді. Ақан мен Самырат ертерек өлді. Мақан (бұл кәдімгі “Өмір мектебінде” сыйпатталатын жылқышы – Мақан әлі тірі) жалшылықтан ол ауыл шаруасы колхозданғаннан кейін ғана босанды. Бала-шағасы өскен, өзі де еңбекші ол, туған ауылы – “Жаңа жолда” соңғы отыз

шақты жылда жақсы тұрып келеді. Қазір оның жасы сексенді алқымдап қалған болу керек.

Мақметтен: Хамит, Сәбит, Ғабит, Баязит, Гүлсім, Әшім туады. Хамит оқу жасына жараған шақта, сол елге (“Сағындық ауылы” дегенге) Уфа қаласындағы медресе Ғалияда оқып жүрген Қамал Жайсақов (Қаз дауысты Қазыбектің ұрпағы) келеді де, жаз айларында мұғалімдік құрады. Бұрын қадымша аздап оқыған Хамит, “төте оқу” аталған жәдиттен тез сауаттанып, шәкірттердің алдыңғы қатарында болады. Революция жылдарында, Хамит қысқа мерзімді курстан өтіп, 1917 жылдың күзінен өз еліндегі бастауыш мектепке мұғалім болды. Мен өзім де 1918 жылы Хамит сабақ берген мектептен қазақша сауатымды аштым. Сонан бері алдынан жүздеген балаларды өткерген (олардың көбі даңқы кісілер боп кетті) Хамит ағай (1894 жылы туған), сол мектепте әлі күнге дейін мұғалім. Қырық жылдан астам ауылдық мектепте қызмет сіңірген бұл қадірлі адамның кеудесінде Ленин ордені жарқырайды.

Сәбит (“Түркпен тұқымы өскелең” деп, менен бұрын ұлы болмаған әке-шешем, маған осы Сәбиттің атын қойған) жұмысшы жігіт еді. Мақмет үйінің дөңгелек шаруасын баққаннан басқада жұмысы жоқ ол 1936 жылы қайтыс болды. Ғабит туралы кейінірек айтамыз. Баязит көп жылдан бері партия мүшесі. Ертеректе мұғалім де болған, аудандарда советтік қызметтер де атқарған ол кейінгі жылдарда газет қызметкері. Қазір Қостанайдағы “Ленин жолы” газетінде. Гүлсім де көптен бері ауылдық мұғалім. Шешек дертінен бала шағында құлағы кеткен Әшім,

зиректікпен жақсы сауат үйреніп, ертеректе баспа орындарында қызметкер еді, соңғы жиырма шақты жылда туған ауылына барып ұсталық қызметіне орналасты. Сонан бері сол қызметте.

## 2. ҒАБИТТІҢ ӨЗ ӨМІРІ ТУРАЛЫ.

Оның азанмен қойған аты – Ғабде-әл-Ғабид. Бұл арапша – “құлдың құлы” деген сөз. Ғабиттің бір кезде, кейбір жазуларына осылай қол қойып жүрген шағы да болды.

Ғабит документтерінде “1902 жылы туған” болып жүреді. Отызыншы жылдардың аржағында, оның документтерінде “1900” деген цифр болатын. Осы “қайшылықтың” себебі неде?

Өзара ойнағанда, біз Ғабиттің мұнысын “жасарғысы келуі” деп дәлелдейміз. Онымыздың жаны да бар, өйткені, жүріс-тұрыс жағынан, киіну-сәндену жағынан жігітшілік я аңшылық құру жағынан қазіргі қазақ жазушыларының ішіндегі серіміз бен салымыз Ғабит екені рас. Мұндай адамның көп көзіне жасырақ көрінуге тырысуы да табиғи іс.

Осы жайда тағы бір ойынымыз бар: Отан соғысынан кейінгі жылдардың бірінде, Алматыға Ғабиттің үйіне Дина апай келіп, мәжілістесіп отырғанымызда, мен ол кісіден Ғабиттің туған жылын сұрадым. Сонда Дина апай, “Қай жылы екенін қайдан білейін” деді де, маған “қазақша жыл қайыра білуші ме едің?” деген сұрау қойды. Мен

“білем” дедім. “Ендеше”, – деді Дина апай, – Ғабит те, сен де сиыр жылы туғансыңдар: сен басында, Ғабит аяғында. Содан санап ала бер!

Санаған шағымызда, Ғабиттің да сөзінің жаны болып шықты: мен туған жылдың “сиыры” – 1900 жыл болар деп жүрсем, анық бір мәліметте “1901 жыл” екен. Қазақша жыл наурыз айымен – яғни марттың жиырма екісінен басталады. Сонда, егер мен 1901 жылдың апрелінде тусам, (бұл жасымды Ғабитша дұрыстауға тырысқан жоқпын, себебі – бір жас жасарғанда қайда барам?!), сиыр жылының аяғында туған Ғабит, әрине, 1902 жылы туған болады.

Мақметтің шаруасы дөңгелек болғанын жоғарыда айттық, бірақ, ол бірінші жақтан – Ботбай қолынан енші алғандықтан, екіншіден – Кәжімбайдың басқа балаларына сүйенгендіктен, өзі жалшылықта жүрмеген, “ел адамы” аталатындардың санатына қосылған кісі. Шаруасы шағын бола тұра, ол үлкен ұлы Хамитті жалшылыққа бермей оқытқан, Хамит мұғалімдікке ілінген соң, Мақметтің шаруасы аздап түзеле бастаған. Дегенмен, Хамиттің аз табысы көп жанға көмек бола алмаған соң, мал-түлігі болған шақтарында Мақмет Сәбит пен Ғабитті жаз маусымдарында жалшылыққа да берген. Ғабит, мысалы, 1914–15 жылдардың жазында, ауылының қасындағы Исаевка селосының сиырларын жаяу бағуға жалданды.

1916 жылдың жазында, Ғабиттің нағашысы – Оңғарбайдың балалары (аттарын ұмыттым) приемға ілігеді де, қолында шаруаға жұмсар адамы қалмаған Оңғарбай Ғабитті үйіне алып кетеді. Ғабит сол үйдің

колғабыс жұмысында жүрген шақта февраль революциясы болады да, Оңғарбайдың майдан жұмысына кеткен балалары қайтады, Ғабиттің қолы жұмыстан босайды. Енді не істеу керек...

Сол ауылда, Ыбырай Алтынсарин системасымен ашылған орысша – қырғызша (қазақша) бастауыш мектепте қызмет атқарып жатады екен, учителі – қазақ әдебиетінің революциядан бұрынғы ақындарының бірі, 1913 жылы “Жиған-терген” деген атпен өлеңдер жинағы шыққан, демократтық бағытта болған, ауыл мектебінде елу жылдай үздіксіз еңбек атқарып, кеудесіне Ленин орденін қадаған, Коммунист партиясының мүшесі, Ұлы Отан соғысынан кейін, қартаң жасында қайтыс болған – Бекет Өтетілеуов. Ғабиттің айтуынша, бұл Бекет патша үкіметіне де, Алашордаға да қарсы болған адам.

– Патша тақтан құлады деген хабар анықталғаннан кейін, – деді Ғабит, – бұрын міндетті түрде, школаның төрінде ілулі тұратын II Николайдың портретін Бекет жұлып ап жерге тастап, оқушы балаларға тепкілетті. Патшаның кім болғанын, февраль революциясының не екенін мен 1917 жылы мектеп қабырғасында Бекет Өтетілеуов, аузынан естідім.

1917 жылдың алғашқы алты айында Бекет школынан орысша оқыған ересек Ғабит, тілі жетілмегенмен, орыстың жазу-сызуына төселіп, бастауыш білімді еңсеріп тастаған сияқты. Сол жылдың күзінде еліне қайтқан Ғабитті, әкесі енді жалшылыққа салмай, қазақша – Ыстап, орысша Пресногорьковка аталатын казак-орыс (казачество) станицасындағы “бастауыштан жоғары” аталатын орысша жеті жылдық

школаға сабаққа береді. 1918 жылдың көктемінде, ағасы – Хамиттің мектебінен сауатымды ашып жүрген шағымда, Ғабиттің менен орыс тілінен экзамен алатыны (“Өмір мектебінің” бірінші кітабының аяқ жағын қараңыз), маған достебреннің (удостоверение) “үлгісін” жазып беретіні осы школадан оқып жүрген шағы.

Одан кейін, Ғабитті мен, 1920 жылдың қысында Ыстапта оқуда жүрген күндерінде жолықтырдым. Қазақтар Ыстапты орысша “штаб” деген сөзден бұрмалап алған. Патша өкіметі қазақ даласын отарлаған шақта, Орал, Орынбор, Троицк, Петропавл, Омбы, Семей, Өскемен аталатын қалалар салып, солардың арасында казак-орыс станцаларын тартқан ғой. Сол кезде Троицк мен Петропавл арасындағы ең зор станица осы Пресногорьковка болып, соғыс штабы орнап, атаман сонда тұрған. Қазақтардың “Ыстап” деуі содан. Жыл сайын, көктем кезінде Ыстапта үлкен жәрменке ашылып, алыс жерлердің саудагерлері келеді екен. Ыстапта сабынның, бұлғарының, пиманың, ұнның кішірек заводтары болып, маңайдағы көшпелі ауылдар, осы бұйымдарды солардан алған. Ыстап бертінде мәдениеттің де орталығы болып, орталау школасынан бірталай қазақ балалары оқып шықты да, артынан көрнекті қызметкерлер болды. Мәселен: Ақмола губерниялық сотының председателі болып жүріп, 1927 жылы өлген Хажығали Қосаев, республикалық прокуратурада жауапты қызметте жүріп, отызыншы жылдардың аяғында қайтыс болған Махмуд Таукин, Қазан қаласында темір жол инженері болып жүріп, культтің құрбаны болып кеткен Саруар

Ташатов, көп жыл партиялық қызметте келе жатқан Өмірұзақ Данияров, офицерлік қызметте жүріп Ұлы Отан соғысында ерлікпен қазаға ұшыраған Қазі Есеналин, тағы басқалар. Ғабит осылармен бірге оқыды.

Ғабитқа мен 1920 жылдың қысында азық-түлік разверсткасының отрядын басқарып жүрген шағымда жолықтым. Мен ол кезде орыстың әрпін танығаннан басқа оқуын білмеймін. Орысша тілім “нан жеу” мен “бүйрық беруге” ғана жетеді. Сондықтан ба, әлде, рас солай ма, Ыстапта оқып жүрген Ғабит маған “орыс тілінің профессоры” сияқты көрінді. Ал, саяси мәселелерде мен оған “ұстаз” екем. Ыстапта оқып жүрген ересек қазақтар (ішінде Ғабит те бар), қазақ аузынан Совет өкіметінің жайын менен ғана естіген сияқтанады.

Одан кейін Ғабитті көруім – 1922 жылдың күзі. Көріспеген азғантай уақытта Ғабиттің басынан бірталай оқиғалар өтіп қапты, жиырма бірінші жылдың февраль айында, сол маңайдағы құлақтар мен байлар Совет өкіметіне қарсы көтеріліс жасағанда Ғабит сол араның қызыл-партизаны – Дмитрий Ковалевтің отрядында болып, бандаларды жойысыпты. Одан кейін “Таузар” аталатын болыстың соғыс бөлімін басқарған да ол бөлім жойылып, Ғабит үйінде қызметсіз жүр екен. Оған табан аузында қызмет ұсындым: сол кезеңде, біздің арада қазақша – Жекекөл, орысша – Благовещенко аталатын селода, қазақтың аудандық милиция штабы құрылатын болып, начальнигіне біздің елдің атақты байы және белді феодалы – Абылай Рамазановтың баласы – Сұлтан (орысша “реальное училище” аталатын орта школаны бітірген жігіт)

тағайындалған екен; мен бұл кандидатураны ұнатпап ем, губерниялық милиция начальнигі Зікрія Мухеев, “жоғарыда бекіліп қалды, бұзуға болмайды, оған жақсы орынбасар табу керек”, – деді. Сонда менің есіме көптен көрмеген, бірақ нелер істегені сырттан естіліп жүрген Ғабит түсіп, Мухеевке “осындай жігіт бар” деп ем, ол, “ризаласса тағайындайық”, – деді.

Ғабит менің ұсынысымды қабылдады да, 1923 жылдың жазына дейін Жекекөл милиция штабында начальниктің орынбасары болып қызмет атқарды. Оның мінезі жалпы қаталдау адам: Жас кезінде тіпті қатал болып, байларды, әсіресе, ұрыларды өте қысып ұстаған. Сондықтан болу керек, 1922 жылдың күзінде Орынбор рабфагына оқуға түсіп, 23 жылдың жазында каникулға Петропавлға келсем, губерниялық милицияға Ғабиттің үстінен шағымдар түсіп қалған екен. Осы жайды басқарушы жолдастармен кеңескенде, Ғабиттің Орынбор рабфагына оқуға кеткенін мақұл көрдік. Бұған ризаласқан Ғабиттің ауылынан оқуға қалай аттанғаны, “Өмір мектебінің” екінші кітабында суреттелгендіктен, бұл арада қайталамаймын.

Орынборда Ғабит екеуіміз әуелі Сәкен Сейфуллиннің пәтеріндегі (ул. Деевская,5) қараңғылау кішкене бір бөлмеде тұрдық. Мұнда екі керует симағандықтан, бір темір кереуетте құшақтасып жататын едік. Тұрақ жайынан ыңғайсыздық көргенмен, тұрмыс жағымыз жаман болған жоқ. Мен сол жылы Қазақстан Орталық Атқару комитетіне мүше боп сайланғам. Мүшелерге ол кезде червонец алатын ақшамен

айына 75 сом беріледі. Ол тіпті көп ақша: мәселен, қойдың құны ол ақшамен бес сом, жаңа хром етік он, он бес сом... Сондай арзаншылықтан да және “қазақшылығымыз” бойымыздан арылмаудан да болу керек, екі бойдақ жігіт, соқа қара басымыз тұрып, Сәкеннің үйіне жұма сайын әкеп бір қой соятын едік те, азғантай ғана етін пайдаға асырып, көбін шіртіп алатын едік...

Рабфакқа түскен Ғабит, оқуды жақсы алып кетті.. Оның айтуынша, қоғамдық ғылымдар болмаса рабфактың былайға пәндері бұрын өзі жеткен пәндер.

Келер жылдың оқуында, Ғабит екеуіміз “Советская” аталатын мейманхананың номерінде тұрдық. Мен өкімет мүшесі болғандықтан, номер бізге тегін берілді. Ғабит екеуіміз ол жылдың қысында, оқумен қатар, “Еңбекші қазақ” газетінің редакциясында қызмет атқардық. Негізгі жұмысымыз үкіметтің газетке жарияланатын бұйрық-жарлықтарын аудару. Осы істің үстінде, мен өзім төмендегідей қызыққа ұшырадым: өкіметтің бір қаулысында – “Труженики сельских полей в текущем году проявили хорошую инициативу и успешно справились с уборкой хлеба” деп жазған екен. Мен “труженики” деген сөздің мағнасына түсінбедім де, редакция қызметкерінің бірі Бейімбет Майлиннен сұрадым. Ол да орысша шорқақ болушы еді, сондықтан “менде білмеймін” деді де, осы сөздің түбірін табу керек деп, “түбірі – “трус” дегеннен шыққан болар” деген жорамал айтты. Мен сол жарамалға тоқырадым да, “труженники” деген сөзді “қорқақтар” деп

аударып, газетке сол қалпымен басылды да кетті. Сол бір кезде, Воскресенов деген орыс авторының мақаласын қазақшаға аударған біреу, атын да қазақшылап газетке “Жексембин” болып басылып кеткен. Осы екі фактіден кейін, көргіш біреу газетке “қорқақ жексенбі” деген фельетон жазып, жұрт маған көпке дейін күліп жүрді. Ғабиттің аудармаларында мұндай сорақылықтар болмауға тиісті. Орыс тілін жақсы білетіндіктен оның аудармалары дұрыс болуға тиісті.

“Совет” мейманханасы Ғабиттің алдағы семьялық өміріне жол ашты. Сол мейманханада, шыққан тегі ақтөбелік, жасамыс учитель-дердің біреуі — Әбіш Тойбазаров дейтін адам тұрады, (қызметі оқу комиссариатында болды ғой деймін). Арық та, талдырмаш, бойы шарғалау бұл кісінің Ұлтуған есімді зор денелі, жарқын мінезді, шала сауатты әйелі бар еді, балалары жоқ еді. Осы семьямен танысқаннан кейін, асы дәмді Ұлтуғанға Ғабит екеуіміз “нахлебник” болып, сол үйден қоректеніп жүрдік. Әбіш сол қыстың аяғында қайтыс боп, қолымыздан жерлестік.

1924 жылдың жазында мен елге каникулға кетіп, Орынборға күз қайтсам, Ғабиттің өмірінде “драма” басталып қапты. Сол бір шақта қазақ педагогика институтында Хұсни Яғфарова дейтін татар қызы оқиды екен де, Баймен Алмановтың үйінде тұратын осы қызбен Ғабит Ұлтуған арқылы танысып, енді үйленуге ойлайды екен.

Мен бұл оқиғаға қарсы болдым. Оған себебі: Ғабит болыстық военком болып жүрген шағында “Сәпі балалары” аталатын байлардың

біреуінің жас Қаншайым атты келінін алып қашып, үйіне апарған. Ғабит Орынборға оқуға аттанғанда, келіншек оның әке-шешесінің қолында қалған. Енді соны тастау маған қиянат көрінді де, Ғабит менің ырқыма көнбеген соң, елдегі туыстарына хат жаздым. Кешікпей Орынборға Ғабиттің ағасы Хамит келіп қалды. Ғабит ағасын да тыңдамай, Хұсниға кешікпей үйленді. Ғабиттің тұрақты семьялық өмірі осылай басталды.

Рабфакты мен 1925 жылы бітірдім де, сол жылдың жазында Қызылордада шығатын “Еңбекші қазақ” газетінде қызмет атқарып, күз Петропавл барып “Бостандық туы” газетіне орналастым. Ғабитті содан кейін көргенім – 1928 жылдың күзі. Мен 1926 жылдың ортасынан 1928 жылдың ортасына дейін, Қызылорда қаласындағы Қазақстан Мемлекеттік баспасының (Казгосиздат) бас редакторы болып қызмет атқардым да, жаз ортасында ол қызметтен босанып, Ленинград мемлекеттік университетіне оқуға баруға жиналдым. Бас редакторлық қызметке мен Ғабитті ұсындым.

Орынбор рабфагын 1926 жылы бітірген Ғабит сол жылдың күзінде Омбыдағы ауыл шаруашылық академиясына барып оқуға түсті. Менімен жиі хат жазып тұратын ол 1927 жылдың басында “Әмірқан бидайығы” (американский пырей) дейтін тақырыпқа кітапша жазды да, Қазақстан Мемлекет баспасына жіберіп, біз басып шығардық. Менде Ғабиттің “осы кітапшаның ақшасы семьямызға жарты қыс азық болды” деген хаты бар.

Академияның бірінші курсы бітірген Ғабитті Ақмола губерниялық партия комитеті 1927 жылдың күзінде (Ғабит сол жылдан партия мүшесі) Бурабай ауылшаруашылық техникумына оқытушы қып жеберді. Сонда жүріп, Ғабит “Теңіз тепкісінде” деген атпен алғашқы ұзақ әңгіме жазады да, Қазақстан Мемлекеттік баспасына жібереді. Осы әңгіменің қалай жазылып, редакциясы қалай жасалып, “Тулаған толқында” деген атпен жеке кітап болып басылар алдында, Ғабиттің өз қолымен 1928 жылдың 18 апрелі күні маған жазған хаты бар. Оның жазушылық жолын ашқан осы хатты төменде түгел келтіруді мақұл көрдім.

### “СӘБИТ!”

Бүгін сенің хатыңды алдым. Әңгіме менің “Теңіз тепкісі” жайында болғасын, мен де сол туралы жазбақпын. Негізінде оны қысқартып, яки түзегеніне алғыс айтпасам ренжімеймін ғой. Бара салысымен басу жағын қарастырғаның, мені ілгері сүйремесе кейін кетірмес. Біраз елігіп, алғашқы екпінмен көр-жерді жазып тастауым да мүмкін. Шарт деген жағын өзгертуге құмар еместігім саған жасырын сыр болмауы керек: мен гонорары емес, еңбегімнің өзін бағалаймын. Менің көбінесе көкейімді тесетін ақшасы емес, жазғанымның іске аса алғаны екендігін аңғар. Енді хатыңды бөлшектейік:

Мен әр бөлімді нығыз түймегендігімді білем. Бірақ онымның өзіне бір баға бермекші едім. Көркем әдебиетте менің бір сүйетін

нәрсем, жалғасы білінбей көбінесе, жалғасы келесі бөлімді оқып отырғанда ғана сезілсе екен деймін. Бұл мүмкін ескірген түр болар. Сөйтсе де мен осыны ұнатам. Жазушылар, әсіресе, байламын көрсетіп қоятыны бар, мен оны ұнатпаймын. Менің Гогольді сүйіп оқитынымды білетін едің ғой: көбінесе ол маған осы жағынан ұнайды. Қазіргі беталыста, жасырын жақтар аз болу керектігін біле тұрсам да, мен ұнатқанымды істеп едім. Әрине, сендер көп. Әр жерде тексерген боларсыңдар. Бұлай болғасын көпшіліктің ауқымы ұйғарды – мен риза. Одасын, көпшілік көптен бері төселіп келе жатқан, бауыры жазылғандар, мен – шикі. Сондықтан сендер-дің – төселген көпшіліктің бетінен алуым әлсіздігімнен басқа нені көрсетер дейсің.

Менің тағы бір ұнатпайтыным: алған теманың өзінен басқа, ешқайда бұрылмайтын әдет. Мұны мен жек көрем. Әсіресе, болмысы, тұрмысы..., тағы тағылардың ізі түсіп отырса екен. Осы күні (меніңше) жазушылар “саяси жақ” деп алғанда, басқа жағын ақсақ тастайды. Мен оған қарсы. Сондықтан қай күнде болса да, менің жазғандарым көлденең материалды көбірек қосып отырады. Бұл әдетті (әзір жүзеге асыра алмаған әдетті) түбінде, жазып кете алған күнде де тастамаспын деймін. “Теңіз тепкісіне” де бірталай көлденең материал кірген себебі сол еді.

Етістік деген бір ит қой. Өткен, қазіргі, келешек уақыттары араласып кетуі мүмкін. Алғашқы хатымда біраз беттерді көрсетіп едім ғой. Сөйлемнің аяғы көбінесе сқауемоға тоқтайды да, сұмдық бәле болады.

Түгел алғанда, алғашқы адым әлсіз екендігіне не күдік бол-сын, кейбір алып тастаған жеріңе қарсылығым болса да баспаға беріліп қалғасын, әңгіме қысқа ғой. Мысалы: “Теңіз тепкісі” мен “Тулаған толқынның” қайсысында адамгершілік, достық көп екеніне таластан кейін ғана мойын сұнар едім. Матвейдің бай екені бір жанды жасыруға бөгеті жоқ еді. Өйткені, ол саудагер, қазақтардың балығын алып үнемі еңбегін жейді. Байлар көбінесе, іштен жейтін әдетін ескермеген екенсің.

Қысқасы, кітапшаның басылғаны үлкен қуаныш. Түзегеніңе алғыс. Сыншылар, кемін көрсетсе тіпті жақсы.

Қайтадан сенің хатыңа келейік (басына қарай). Сенің “Ағаш камшың” маған да тиетін секілді (кейбіреулер “бөлен жолдамын” деп, босқа қомпиятыны бар ғой, сол секілді болып кетпесе)? Өйткені қалам сүйген болып, “идеология” деп шатасудан құр емеспін ғой. Басқалардың неге қатынаспайтынын білмеймін, өзім туралы мынаны ғана айта алам: мен болып жатқан айтыс-тартысқа қатынаспаймын демеймін. Айтысты ұнататынмын да , ешкімді сынап көрмесем де, сынауды жақсы көретін әдетім де бар. Қорықпаймын да, түсінемін де. Бірақ мен қалам сүйе бастағалы мынадай екі кесір ұшыраттым: бірі, айтыс болып жатқан жерден алыс жатқандығымнан, кезінде қол жетпей қалады. “Е.Қ.” көбіне дұрыс келмейтінін білесің ғой. Әлгі Шаймерденнің де, тағы біреулердің, Елжастың, Әзімбеттің, тағы басқалардың сынын көргенім жоқ, естідім ғана. Солар секілді нәрселердің көбі көрілместен кетеді. Кейде басын,

кейде ортасын, әйтеуір бірдемесін толық оқи алмай қаласың. Солай болғасын қатынаса алу қиын.

Мен жазу ісіне қатынаса бастағалы жазатын орындардан кеудеге итеру болмаса, өзіне тарту көргем жоқ. Жазуға жаңа араласа бергенімде “Е.Қ.” бостан-босқа шығарып тастағанын білесің бе? (Бейімбет, Смағұл тағы басқалары) Өзге өзге болсын, Бейімбет көрер көзге құйыршықтанып мені алдауға кірісті. Алдамастан тура айтса қайтеді? Әрине, жазу үшін газет маңында қызмет міндет емес. Мадагаскарда жатып та жазуға болады. Бірақ газет күнбе-күн сабақ береді. Одан кейін де газетке жазып қарадым. Ең нашар дегендерімді басады да, жақсы дегендерімді баспады. Саған айтылмаған мынадай бір әңгіме болды. Былтыр “Оқшау сөз” бәйгесі кезінде Омбы оқушылары бірігіп “Е.Қ. ға” екі оқшау жібердік. Біреуі “Қалаудың өмірі”, екіншісі “Май сасыса тұз себеді, тұз сасыса не себеміз?” деген оқшаудың несі Қартқожа еді. Сөзін құраған мен едім, екі рет Омбы оқушыларының алдында оқып, сынап тузеп, жібергенбіз. Біреуі де басылмады. Өйткені бірі (алғашқысы) Аббас туралы да, екіншісі Абдрахман туралы. Коммунистерді түйреклеуіміздің өзі бір қата болар. Бірақ-біз кім екені туралы, ашық түсіндіріс бергеніміз жоқ. “Көменес” жағынан ешнәрсесі жоқ еді. Баспады. Екінші рет, барлық оқушының қолын қойып “басылуын” сұрап жаздық. Міне, осы арада бір иттік араласты. Біздің хатымызды конвертін жыртып оқыпты да, “Е.Қ.” Қызылжардағы “Б.Т.ға” айдап кеп қалыпты. Сыртында “Айсаринға” деген бар да. Дәлелді сол. Бірақ хат емес, мақала болғасын, мақала

екенін конвертті жырттып, оқып көргенсін, Айсарин неге қудырады? Міне бұл иттік. Күздігүні “Көлеңкенің көлеңкесі” деген бір оқшау тағы жаздым. “Е.Қ.” өз кемшіліктерін айтса баспайтынын, әсіресе басындағы қызметкерлерінің қол жаулығы болып кететін жақтарын айтқан едім. (Дұрысында баяғы Сәкен, Молдағали, Смағұлдардан бері қарай Аббасқа дейін “Е.Қ.” Арқылы өз әдістерін жүргізбеді дей аласың ба)? Бұл және басылмады. “Е.Қ.-қа” жазу да, таныс біреуің болмаса, мақаланды оқу да қойылды. Сөйтіп газетке қатынаспай, күнбе-күнгі жабардан, айтыстан сырт қалдым. Жаза алсам кітап жазғым келді. Осының барлығы “Ағаш қамшы” етпей не қылады? Бір ұйымның, тілектес жолдастардың маңайында болсам, мүмкін қатынаса алған болар едім. Жөндеп жаза алмағасын кеудеге итеру дұрыс та шығар. Бірақ өтпес едім. Қаламынан үміті бар адамды бауырға тартар едім. Мінекей, Сәке, осындай жайлар мені күнбе-күнгі айтыс-тартыстарға қатынастырмай келді. Мені нағыз сүйегін жақтарымнан жырып тастады. Үміт кеспе, кейін орталарыңа барып, ат ерттеуге жарармын.

Сен оқуға барамын дейсің бе? – Қайда? Неге? Тоқта! Ендігі жылы бірге Литхудқа барайық! Жарай ма? Жаз! 15-майда елге келу ерте...

Сәбит! Ғабит мына хатын аяқтамай кетіп қалған екен. Почта келіп қалғасын мен беріп жібердім, қалған сөзі болса тағы жазар.

Өзімізден бәріңізге көп-көп сәлем! Хат жазыңдар. Мен өзіме тиісті ақшаны күтіп тұрмын.

Достық сәлеммен Хүсни”.  
18/IV

Көркем әдебиетке осылай бейімділігі болғандықтан және идеоло-гиялық беті дұрыс деп ойлағандықтан, менің ұсынуыммен, Қазақстан Өлкелік Партия Комитеті (Қаз.крайком) Ғабитті Қызылордаға шақырып алды да, Қазақстан Мемлекеттік баспасына бас редактор ғып қойды. Мен оқуға, Ленинградқа жүріп кеттім.

Қаражат жағым аса қысыңқы болғандықтан маған университетте бірақ жыл оқуға тура келді де, 1929 жылдың күзінде Қызылжар барып, “Кеңес ауылы” газетінде редактор болып тағайындалдым. Бұл кезде газет-журнал беттерінде бірталай әңгімелері басылып, жазушы атанып қалған Ғабит екеуіміз, әдебиеттік кейбір мәселелер туралы баспасөз бетінде қаттырақ айтысып та қалдық. Келер – 1930 жылы мен Москвадағы Қызыл профессорлар институтына оқуға кеттім де, Алматыға 1936 жылы оралдым. Бұл мезгілдің ішінде Ғабит Қазақстан Мемлекеттік баспасының директоры болып, одан кейін “Социалистік Қазақстан” газетінің редакторы болып қызмет атқарған екен де, 1936 жылы Қазақстан Орталық Партия Комитетінің үгіт-насихат бөлімінің меңгеруші қызметінде екен.

1956 жылдан бері Ғабит Қазақстан Жазушылар одағының бірінші секретары. 1958 жылдан Қазақстан Ғылым академиясының академигі, сол жылдан СССР Жоғары Советінің депутаты.

### 3. ҒАБИТТІҢ ЖАЗУШЫЛЫҒЫ ТУРАЛЫ.

Бұл очерктің мақсаты Ғабиттің әдебиеттік еңбегін толық талдау емес, оның өмірбаянымен ғана қысқаша таныстыру.

Жазушылық алғашқы бетінде, қазақ совет әдебиетіне Ғабит сіңірген жақсы екі еңбегі бар: біреуі – жиырмамыншы жылдардың аяғында қатты шиеленіскен тап тартысы, көркем әдебиетке де әсерін тигізіп, алашордашылармен байшыл-ұлтшылар өлмеуге жан таласқан шақта, Ғабит идеологиялық майданның алдыңғы қатарынан орын алды да, социалистік құрылыстың жауларын публицистикалық қаламымен де қатты түйреді; екіншісі, осы бағытта көркем шығармаларымен де қызмет атқарып, ауылдағы тап тартысының сол бір кездегі айқын және көркем бейнесін көрсететін бірнеше әңгімелер жазды.

Бұл жүйдегі табысы мол да, көрнекті де болған Ғабит, “Көк үйдегі көршілер”, “Бір адым алға”, “Туннель”, сияқты кең көлемді прозалық шығармаларға да құлашын ұрғанмен, ол талабы сәтті бола қойған жоқ, аталған повестер мен романдар аяқталған жоқ. Көлемді прозада Ғабиттің алғашқы сәтті еңбегі, меніңше, “Қазақ солдатты” (1949 жыл). Мазмұны қызғылықты, жазылуы көрікті болғандықтан, бұл роман Совет Одағында да, шетелдерде де бірнеше тілге аударылды. Одан кейін туған “Оянған өлке” (1953 жыл), бірінші кітап Ғабиттің прозадағы бойы бұрынғыдан да биіктей түсуіне кепіл болды. Бұл жайда Ғабитқа қоя

тілегіміз: “Оянған өлкенің” екінші кітабыда тезірек жарық көруі және бірінші кітабындай сәтті шығыуы.

Ғабит 1936 жылдан бері драматургия жанрымен де шұғылданып жүр. Бұл жүйедегі оның тунғышы “Қыз Жібек” аса қызғылықты жазылдықтан, күні бүгінгі дейін театр көрушілерін өзіне құмарттыра түседі. Драмалық театрларда ойналатын “Қозы Көрпеш–Баян сұлу” мен “Ақан Сері–Ақтоқты да” сондай. Ғабит бұл үш пьесада, меніңше, қазақ драматургиясының ең күшті өкілінің бірі. Тарихи тақырыпта осындай жетістікке ие болған Ғабит, меніңше, советтік заманның тақырыбына ондай күшті емес. Бұл тақырыпта қазақ драматургиясында оның алдына түсіп кеткен кісі де жоқ. Дегенмен сахна заңын жақсы білетін, драматургия заңын жақсы білетін, тарихи тақырыпта жазған пьесаларында жақсы шеберлік көрсеткен Ғабиттен жаңа тақырыпта да шарықтар деп үміттенеміз.

Ғабит қазақ совет әдебиетінде очерк жазуға да төселген адамдардың біреуі. Бұл жанрда да оның қалымынан көптеп туған жақсы шығармалар бар. Соңғы он шақты жылдарда, осы аса қажетті жанрда да аз жазуын мақұлдай алмаймыз

Қазақ совет әдебиетінің мәселелерін талқылауға да Ғабит сіңірген еңбек аз емес. Ол соңғы отыз жылдың ішінде көркем әдебиеттің партиялығы үшін үздіксіз күресіп келе жатқан адамның біреуі. Көп жылдар біріне-бірі жалғасып келе жатқан бұл еңбегінің соңғы жемісі –

биылғы жылдың төртінші съезінде жасаған баяндамасы. Ғабиттің осы жемісі және қажетті істі ілгері алып баруына сеніміміз күшті.

Қазақ совет әдебиетіне Ғабит сіңірген зор еңбектің біреуі – орыстың және Европаның классикалық шығармаларын қазақ тіліне аудару. Өзі де жазушы болғандықтан және орыс тілін жақсы білетіндіктен, оның аудармалары дәл де, сапалы да болады.

Ғабиттің жазушылығын тұтас алғанда, өзіне тән бірнеше өзгешеліктері бар: бірінші – бойына сіңбеген тақырыпқа жармаспайды; екінші – бойына сіңірген тақырыбын тез жазуға асықпайды, сондықтан шығармаларының шикісі аз болады; үшінші – жазатын тақырыбына күй таңдайды, күйі жетпесе, игерген тақырыбын да жаза қоймайды; төртінші – шығармасына өте ұқыпты, сондықтан хал-қадары жеткенше, олпы-солпысыз шығарады; бесінші – тілге үнемшіл, сипаттап отырған оқиғасына жәрдемі жоқ сөзді қолданбайды; алтыншы – жарқылдақ сөздерді көбірек қолданып, шешен сөйлеуге тырысады; жетінші – адам портретін жасауға, қазақ жазушыларының ең шеберінің бірі.

Ғабит биыл 57 жыста. Ол ойы да, бойы да толысқан адамның біреуі. Сондықтан да, алдағы күндерде қазақ совет әдебиетін байыта түсуге бел+сене араласып, өзі шұғылданып және төселіп жүрген жанрлардан, әлде де көрнекті шығармалар берер деген үміттеміз.

26.XII.59ж.

## ҚОС ШАЛҚАР

Міне,біз екі шалқардың арасында тұрмыз. Қоңыр құйқалы, құнарлы шиыр. Адырсыз, жотасыз жазық алап. Керілген кең тақта. Қуаң тартқан қау.

Батыс жағын қапталдай өскен қалың жал, көкжиекті көміп, кең жазылған кереге тәрізденіп иіліп келіп екі көлге тіреле тоқтаған. “Қос шалқар” қос босағаға орнатқан күміс бағана тәрізді екі көл. Кешкі тымыққа тынып, жадырап жатқан су ақырын ғана жағасына соғып дірілдейді. Үшқынбайды, тітіркенбейді...

Ақырын соққан самал шалқар көлдің ақша бетін аймалап сүйгендей болады. Сүйген жерінде ирек із қалады. Шалқар шімірігіп үшқынғандай болады.

Көшпелі көк бұлт көлеңкесін көлге түсіріп, айнаға қарап сыланады. Кешкі күн екі көлге кезек шомылып, жарқ-жұрқ етеді. Біз таза ауаны тойғанша жұтып, колхоз егісінің ортасында тұрмыз... Бұл Қосымның “Қос шалқары”. Қарақас бәйбішеге ас бергенде қара қасқа аттың бәйгесіне Қанікей деген жетім берілген. Сондықтан “Қанікей шалқары” деп те аталады.

“Телпектердің”, “Ит аяқтардың” терліктей мәйегін Қосымның қалың жылқысы “үйтіп” жатқанда, ит аяқтар “Қос шалқардан” атын да суара алмайтын.

Бұл өзіміздің күйгелек Тәпел күзетіп жүретін “Қосымның Қос шалқары да...”

Мен “Қос шалқарды” өмірімде үш-ақ рет көрдім. Бірінде, он шақты бала жидек теруге келдік. Белшемізден шыққа батып ала сәуледе ағашқа кірдік. Кіруін ұрланып кірсек те, көңілді көкке көтеріп, қып еткен сыбдырға жаңғырығып тұрған нуға кіргесін, айғайламасқа, дәтіміз шыдасын ба! Керексіз жерде-ақ сақылдап күліп, қарға адым жерден айғалап сөйлестік. Жидек бізді сүйрей берді.

Жидекті қуып ұзасқан сайын айғайымыз басымдап, Тәпелі “күрғыр” естіп қалыпты ғой. Осындай ғана қасымызға келіп ақырып кеп қалғанда талайымыздың-ақ қабық шелекшеміз “ғайып боп” кетті. Өзі ұзындау, өзі бейғамдау Әбзи деген бір жолдасымыз аңырып қаша алмай қалып еді, қуалай жонына шыбыртқы шып-шып етіп қалды. Қамшыдан қайқалақтаған Әбзидің арық қабырғасы ыржың-ыржың етіп, екі қолымен арқасын уқалай “ағатайлаған” дауысы тым ащы шықты. Сонда да қаша алмады. Өзгеміз зытып отырдық.

Бір-бір шелек жидек теріп алып, “Қос шалқардың” біріне шомылып қайтпақшымыз да. Ол болмады: “Ауылға дейін қумас па екен” деген адамша артымызға қарай-қарай ауылға тарттық.

Міне, бұл “Қос шалқарды” бірінші көргенім...

“Қос шалқарды” екінші көргенімде әуе айналған ыстық шілде еді. Алдынан санағанда он жетінші, артынан санағанда жиырма екінші өгіз арбасында едім. Байғұс қара өгіз көзіне шыбын үймелеп, аузынан сілекейі шұбырып, митің-митің аяңдап келеді. Екі доңғалақты қазақ арба дығдылы ойбайын салып, о да келеді. Ұзын қораптың ішінде меніменен төрт адам. Менен басқалары шөп шабатын жүздікшілер. Мен өгізді алып катуға келем. Басқа арбадағылар да сондай. Арба біткеннің артында жалт-жалт еткен ақ орақтар. Тұмсықтары салбырап, көк майсаға тістерін қайрап келе жатқандай.

“Қос шалқарға” жөнелсін деген хабар келгесін, жаңа ғана барған жайлаудың қызығын тастап, жігіттер жүздікке жөнелген. Бұлар Қосым байдан әр кезде өсімге алған үш сом ақша, екі шана шөп, биенің сүті, аттың майы деген сияқты борыштарын өтеуге келе жатыр. Бәрінің де іші ауырған адамдай қабақтары қатыңқы, көңілдері кірбікті. Үмітсіз өкінші барлығы түстерінен-ақ білініп келеді. Жаңа ғана барған жайлаудың қызығы артта қалғаны жігіттерге қатты батып келеді. Жым-жырт. Насыбай сұрасқанда болмаса, тіс жарып жадыраспайды.

Жүздікшілерді бастап келе жатқан Жантық тарантас арбаға ат жеккен сонадай алдымызда отырады. Тұра қалған жерде Қосымның жабдығын сөз қылады. Қосымды иемдене сөйлейді. “Қос шалқардан” екі мың қидырсам, “Қыз кеткеннен” бір мың қидырсам деп бастайды. “Керенаулық қылып, жаңбырға тидіріп жастай жинап жүрмеңдер! Өзім

көрмей шошаққа тартпаңдар!.. Үйтсеңдер өкпелемендер!” – дейді. Не керек, өзіне тиген үкімді істеп, жүздікшілерді билеп келеді.

– Осы ит-ақ түбімізге жетер, – деп жігіттер өзара күңкіл-деседі. Қосыммен қосақтап Жантықты да сыбап алысады, сүйтіп, “жарты патша” Жантықтың үкімінде тәулікке тарта жүріп келеміз.

Ертеңінде шаршы түс табанында “Қос шалқарға” жеттік. Ыстықтан қаталаған өгіздер, тілдерін кере құлаш шығарып, солықтап тұр. Жантық жігіттерді иіріп, алып ауыл ауылға бөлді. Айналасы ат шаптырым алаптың ортасына бір жан түсірмеді. Алапты айналдыра түсірді. “Қос шалқардың” жағасына да жақындатпады. “Ауыз суға томар су да жарайды” деп ешкімнің айтқанына мойымады. Жігіттер амалсыз бытырап-бытырап кетті. Қос-қостың арасы атпен қатынасатындай алшақтанды. Жақын түссе қыдырыс көбейеді деп, әдейі осылай істеді.

Біздің қос сегіз адам болып бір жерге түсті. Шалшықты томаршадан сасық су әкеліп шай қайнаттық. Күлімсі сасық шайды ішіп алып, орақшылар қатар-қатар жол тарта жөнелді. Сары бас араласқан қалың қаудың жолдары жыбырлай бастады. Рақмет шыңдаған ақ орақтар күнге шағылысып жарқ-жүрқ етті. Күшті білектер, маңайдан моншақтаған ащы тер, отты көріктен шыққан ақ орақтар, Қосымның ырысын кеңітіп, қалың қауды қарш-қарш құлатты.

Кешкі салқынмен өгізшілер қайттық. Жүздікшілер жаутандасып қала берді. өзге емес, біздің қайтқанымыз батқандай, ананы-мынаны айтып арбаға біраз иірілісіп тұрды. Қысылғанда алған жүздік ақшасы,

соның салдарына сонау жайлаудан келіп шыжыған шілдеде шөп шауып жатқандары, Жантықтың айнала әмір етіп жүргені, біздің қайтып бара жатқанымыз – бәрі қосылып жігіттердің жанын жеп тұрғандығы кейіптерінен білініп тұр.

Рақмет марқұм бір мінез еді: “Кет шапшаң, мыналарды қынжылтпай... біздің қытынға айт, қолыма биялай, бір-екі сабақ тарамыс беріп жіберсін. Ендігі астан қалдырмай ала кел!..” деді.

Қазақ арба ыңырсып барып айқайын түзеп жүре берді. Кең алапқа айнала тиісіп жатқан жүздікшілерге қарай-қарай біз де кете бардық. Кешкі тымықта зу-зу еткен орақ дауысынан ұзай бердік. Қосым мен Жантықтың осынша иттігінің мәнісі не екенін ажырата алмадық. “Қос шалқарға” тағы да шомыла алмадық. Қотыр басқан теңбіл денеге тұнық шалқар тағы бұйырмады.

Міне, бұл “Қос шалқарды” екінші көргенім...

Бүгін “Қос шалқарды” үшінші рет көріп тұрмын. Астымда ат, қасымда Күсен мен Болжық бар. Мана ерте келіп көп жерді араладық. Ағаштың ішінде еркімізше жүрдік. Қосымның ырысы болған “Қос шалқардың” қойнау-қуысын қалдырмастан араладық. Кіші шалқарға бөленіп тұрып шомылдық.

Баяғы көрген Тәпел де жоқ, Жантық та жоқ. Есіме түскені болмаса, бірі де ұшыраған жоқ. Қуар-ау, саббар-ау деп те ойлағаным жоқ...

Күз... Кәдуілгі қарабалас жабдықтың қабындаған уағы. Күн әлі ерте. Қораның баурайына күн жаңа түсе бастады. Көлеңкеде өскен қалың шөптің шығы бұға айналып, ізін білдірмей жоғалып барады. Сарғылт тартқан салаң көде жылы күнге кеудесін тосып, түнгі ызғарды тебендеп шығара бастаған сәскелік. Жаңа ғана білек қызып, тер моншақтап жұмыс өне бастады. Істеген сайын қимылың басымдап, ұрған құлашыңа өзің де қызығатын мезгіл...

Күсен қолын сермеп, айнала көрсетіп:

– Анау қалың жалдан, сонау қызыл байлаған діңгекке дейін... мына жағымыз, қалыңның арғы етегіндегі қара жолдан “Қыз кеткенге” дейін, “Қос шалқарды” ішіне ала... біздің жер...– деді.

Күсен жарқылдап күледі. Күсен екіленіп сөйлейді. “Қос шалқарды” айтқанда көзінен жасы домалап кетеді:

– Ертең өлсем арманым жоқ,– дейді.

Қуанышын айтуға тілі жетпейді. Тоттанған кәрі жүрегіне жас, қызыл қан жорғалағанын білдіреді. “Қос шалқармен” байланысты әңгіменің бәрін айта жөнеледі. Баяғы Қосымның талай қылықтарын тізбектеп ағытады. Бірақ шымбайына батқан батпан қылықтарды қанша толық айта алса да, “Қос шалқар” тигеннен кейінгі қуанышын айтып жеткізе алмайды.

– “Қос шалқардың” бізге тигеніне таңым бар, таңым бар... –дей береді. Әңгімелесіп келеміз.

– Неше үйсндер?

– Он бір үйміз. Келеміз дегендер толып жатыр. Қалай болып шығады деп алмай жүрміз. Өзіміз биыл ғана коллектив болған соң, аяғы қайтып кетеді деп жүрексінеміз.

– Неше ауылдан жиналдындар?

– Тіпті неше ауыл дейтін емес, толып жатыр. Ішімізде бір ноғай, бір “бәленбай” мешері де бар. Машина жағында жүретін Мекайла деген орыс бар. Бізді жұрт коллектив ауылы дейді. Бастабында ерсі көріп жүрдік, осы күні жұрттың бәрі де “Коллектив ауылы” болғысы келетін көрінеді. Біз коллектив ауылы болып отырғанымызға қуанып қоямыз. Жазғы ауыл түгіл, қысқа қыстауды да бірге салдық. Коллектив болғалы жылға жақындады. Әлі бір ұрсысып көргеміз жоқ. Ана жылғы коллективтер жанжалдаса беріп, аяғында бытырап кетіп еді. (Онда жалғыз Ордабай ғана байып шықты ғой). Біз бірге туғандаймыз. Ылғи кедейміз ғой, шырыш бұзатын бір жалқау бар еді. Әрі-бері түзелер деп қарадық та, болмағасын шығарып жібердік.

– Коллектив боларда Қосымның балалары талай лоблытты-ау! Соның кесірінен көп кедей кіре алмай қалды. Коммунист болып кетесіндер, “түбінде қазынаға бәрін алады” деп, жаман азғырды...

– Осы күні шаруаларың қандай? Машина саймандарың бар ма?

– Ойбай, қарағым-ай, не шаруа сұрайсың. Бәріміз де түгіміз жоқ кедей емеспіз бе! Бәрімізде 7-ақ бұзаулы сиыр, 6-ақ жылқы, 13-ақ қой бар еді. Қазір байып алдық: қазынандан он өгіз, алты ат, бес

бірішке, екі тілді үш соқа берді. Бенке, Сенке, Реске деген машиналарымыз және толып жатыр. Бәрін де кейін өтерсіңдер деп, тегін беріп жатыр. Ауылнай мен болыс хабар береді. Біз барып алып келеміз. өзгесі не керек, жазғытұрым жүз сексен пұт тұқым берді ғой. Отыз жер егін салдық. Бір-бірінен жүз пұт түсетін!... Әлгі айтылған жалқау, Бәйкен деген жігіт Қосымның баласына екі жердің тұқымын беріп жіберіп, артынан қоймай жүріп, қайырып алдық. Өзін де жерге тығып жібере жаздадық...

Жылда егін дегенді кім салып көрген. Биыл үй басына екі жүз, үш жүз пұт егін алайық деп отырмыз! Үй басы елу пұттан қорға шығарамыз деп сөйлесіп қойдық. Тұттай жалаңаш едік, кооперативке бидай беруге уәделесіп, жақын арада киініп алдық.

– Шөпті қанша алдыңдар?

– Сұрама, шырағым. Мынау алаптан Қосымға екі мың шөп шауып беретінбіз ғой. Осы алап бізге тигесін шөпсіз болармыз ба! Қазынадан алған екі машинді салып жіберіп едік, бір айда үш жылға жететін шөп түсірді. Алдақашан үйіп алдық. Енді егінге қол қойдық. Қазір көресің.

– Газет, журнал оқисыңдар ма?

– Оқығанда біз оқиық (бірақ кейде газетіміз жоғалып кетеді. Осыны түземей-ақ қойдыңдар. Кітап ала алмаймыз. Ауылнайға айтып едік, неге әпермей жүргенін білмеймін). Кешке таман жұмыстан келгесін біздің үйге жиналып аламыз да, Сембек оқиды, біз тыңдаймыз. Көбіміз

хат білмейміз ғой. Қыстыгүні оқу үшін, Болжықтың бір бөлмесін үлкенірек етіп салдық. Жаздыгүні ауылнай, комсамолдар келгенде далаға жиналушы едік. Қыстыгүні әлгі бөлмеге жиналамыз ғой дейміз.

Өзіміз кооперативке мүшеміз. Бірақ кооператив басындағылар жаман-ау, жаман... Мата келсе алдымен өздері алады. Жақындарына береді. Кейде құр қаламыз. Қосшыға, е... МОПР-ға мүшеміз. Мына екі белгі біреуі Ленин ғой. Біреуін өзім де білмеймін. Шемберлиннің жауабы дей ме, қорғау деген бірдемесі бар ма, әйтеуір сондай бірдеме... тағып алғаным. Қамзалымды түнде басыма іліп қоям...

Осы кеңесумен отырып Кіші шалқарға жаздай салынған қыстауға да келіп қалдық. Күсекем сөзге жарытты.

Болжық та қосарланып қояды.

Бұл қыстау өзге қыстаулардан анағұрлым өзгеше, ортасынан көше қалдыра салған он бір балшық үй. Есік, терезесі орнатылып, іші-сырты майланған. Сыңғырлап тұр. Қазақ кедейлерінің қыстауында қос терезелі, тақтай еденді үйді өмірімде бірінші көруім. Шошайған шошаланы емге іздесең де жоқ. Бір-бір “саманный” азбар. Көше де, үйдің айналасы да тап-таза. Әрбір үйдің қасына сандықтап үйілген сары мая. Болжықтың үйіне кіргенде:

– Мына тақтайға енді түкіре береміз бе? –деді Күсекең.

Үйлерден өтіп моншаға келдік.

Кәдуілгі қаланың моншасы. Сыңғырлап тұр. Барлық керегі даяр. Күсен моншаны біраз жыр қылды:

– Осы монша бізге мешітіңнен артық көрініп тұр. Бір тайынша шығарып, керек-жарағын алдық та, сыртын өзіміз салдық. Әлгі Мекайла бәрін біледі екен. Ішін сол жөндеді. Енді кір дегеніңіз маңымызға жолар ма екен? Енді біз кірлі қазақ болармыз ба екен? Жұма сайын түсіп тұрамыз.

Моншадан өтіп қыстаудың шетіндегі қырманға келдік. Далиған кең қырман. Айналдыра үйілген егін, алтынмен қаптап қойғандай жалт-жұлт етеді. Ең биік маяның төбесінде қызыл жалау. Болмашы желге желбіреп, “Кел мұндалап!” тұр. Алтын маялардың арасы қыбыр-қыбыр жан. Құймышағынан майы шыққан өгіздер, жегуге әзірленген аттар. Өлеңкідей жаланған жігіттер. Көйлегін ышқырлығына қыстырып алған әйелдер. Бірінде айыр, бірінде тырнауыш, бәрінің де езуі құлағында. Әр үйде ернін сылпылдатып отыратын әйелдер, мінекей, егін соғысып жатыр!..

Күн шағырмақтанып көтеріле бастады. Айналмаға аттар жегіліп, ұзын шыбыртқы шарт ете түсті. Аңадай жердегі жалғыз дөңгелек зырқырай жөнелді. әжемнің ұршығындай емес, көз ілестірмейді. Тынып жатқан шаң аспанға будақтады. Машина гүр-гүр етті. Таудан құлаған судай гүрілдеді. Алтын бауларды қылықп жұтып, қызыл маржанды қап-қап ағытылдырды. Еңбек күйі, еңбек буы жеті қырға жетті. Қара жер солқылдап биге басты. Аспан қосыла гүрілдеді!..

Бір жағынан тасылып жатыр. Бір жағынан соғылып жатыр. Қырман басы ұлы дүбір той!.. Гүр-гүр-гүр!.. гүрілдеген сайын маңайдан

шыққан ашы тер, қызыл маржан болып қапшыққа құйылады. Буы бұрқырағанеңбек күйі аспанға өрлейді. Жер мен аспан қосыла билейді. Аспандағы алланың асты солқылдайды... періште біткен зым-зия, басын қайда тығарын білмейді...

Түс ауа еңбек ерлері демалды. Дабырласқан бойымызбен ауылға келдік. Тоғыз қараша үй. Шет жағынды екі күрке бар. Маңайда қара-құра жоққа жақын. Тізілген қызылды-жасыл машиналар. Ауылдың барлық көркіде, салтанаты да солар. Басқа ауылдың сырты желілеген құлын, үйірлеген жылқы, тізіп тастаған қазақ арба болса, бұл ауылдікі оған үйлеспейді. Өз алдына бір көрініс, бір салтанат. Ата мұрасы қазақ арбалар, жүдеп-жадап кеткен, әр жерде біреуі шойырылып жатыр. Оның орнына: “Он бесің бірширегіме тұрмайсың” дегендей абажадай көк арбалар тұр.

Жалма-жан түскі тамақтарын ішті. Самауыры жоқтары барына жүгіріп барды. Тәжікелесіп отырып демалысты.

Қайтадан қырманға жөнелді. Тағы да гүр-гүр. Машина “коллектив” күйіне басты. Оған “коллектив” мүшелері қосылды. Қос босағадағы “Қос шалқар” қосылды. Қарауытқан қалың жер толқынданып билейді.

Үйінде отырып осыны естіген Қосымның баласы: “Қос шалқар!”, “Қос шалқар!” болды... батшағар, осының арты не болып кетер екен!..” – деді.

Бұл сұрауының шешуі алыс еместігін сезе алмады.

## ТУҒАН ЕЛГЕ СОҒҒЫ СӨЗ

“Кешегі өткен Ғабиден досқа: “Енді екі жыл жүрсек жетпей ме?!” дегенім бар еді. Сол мөлшерім мөлшер болды. Қойны суық қасиетті қара жер құшағына, міне, мен де кеткелі жатырмын.

Үмітпен, күреспен, сеніммен өткізген ұзақ ғұмырымды қорыта қарасам қуанышым да, ренішім де мол екен. Жаңа қазақ мемлекетінің биік туы менің көз алдымда көтерілді. Бүгінде күллі әлем назары ауған іргелі елге айналдық. Бірақ әдебиет пен өнер ұлы болмаған жағдайда ұлт ұлы боп есептелмейтінін ұмытпайықшы. Жан сүйсінтер бірлік жоқ жерде саналы тірлік те жоқ. Кейде мыстың алтынға, қыранның қарғаға телініп жататыны осының кесірі. Үлкен өнердің үлкен, таза мінезі болуға керек. Өзім іргетасын қаласқан қазақтың ата әдебиетінің атынан, өздерің қадір тұтқан алыштар тобының атынан өтінемін: мені соңғы сапарға шығарып саларда осы ақтық тілегімде еске алыңдаршы.

Қалам ұстауға халім болмағандықтан, хатты Әлжаппар мен Мұхтарға айтып жаздырдым.

Ал, қасиетті елім, жерім, қиыспас дос-жаран, ағайын-туыс, сәулелі жас ұрпақ,, хош, хош болыңдар!

Ғабит МҮСІРЕПОВ

## КӨРКЕМ СӨЗДІҢ ЗЕРГЕРІ.

Халықтың рухани байлығы – шын мәніндегі көркем әдебиетті жасайтын тек қана табиғи ұлы дарындар екені талассыз шындық. Қазақ халқының XX ғасырдағы өскен әдебиетін бүкіл әлемге танытқан да сол алып дарындар болатын. Туған елінің жиырмамыншы ғасырдағы көркем әдебиетін саф алтындай талай-талай шығармаларымен байытып, абыройын биіктеткен Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабиден Мұстафин сияқты алыптар тобының қатарында тұрған - Ғабит Махмұтұлы Мүсірепов.

Оқырманын ағыл-тегіл эстетикалық сезімге бөлеп тастайтын үлкенді-кішілі көркем туындыларымен қазақ әдебиетінің дамуына ірі үлес қосқан Ғабит Мүсірепов – классик жазушы. Үйткені, оның суреткерлік өрен шеберлігінен кезінде де, кейінде де, келешекте де талай қаламгерлердің үйреніп тағылым алар шығармаларының қыр-сыры аса мол. Оның шығармаларының бүгінгі оқырманның да, болашақ ұрпақтардың да ажырамас рухани серігі, қымбат мұрасы болып қала беретіні ақиқат. Үйткені, оның әрбір туындысының биік өнермен, үздік

шеберлікпен жасалған асыл дүниелер екенін барша қауым алдақашан бір ауыздан мойындаған болатын.

Ғабит Мүсірепов – қазақ әдебиетінің үлкенді-кішілі бірнеше жанрларын өркендетуге кезінде белсене араласқан көркем сөздің зергері. Мәселен, оның қаламынан шыққан көркем әңгіменің қай-қайсысы да идеялық мазмұны терең, жазылу шеберлігі көзтартарлық әсем де мінсіз шығарма ретінде есте сақталып отырады.

“Қос шалқар”, “Талпақ танау”, “Шұғыла” сияқты алғашқы әңгімелерінің өзі-ақ сөз өнеріндегі хас жүйріктің қалам шеберлігінің сымбатты көріністерінің айқын дәлелі екені анық. Осы ғасырдың жиырмасыншы-отызыншы жылдарындағы халық өмірінің шынайы шындығын терең бейнелеген бұл әңгімелердің оқыған кісіні толғандырар, ойландырар сәттері аса көп. “Қос шалқардағы” туған өлке табиғатының ғажайып суреттері естен кетпестей болып тиянақты жасалғаны белгілі. Онымен қатар сол табиғат аясындағы адамдардың әлеуметтік тіршілігі де реалистік бояулармен дұрыс бейнеленген. Яки “Талпақ танау” әңгімесі тек қана Ғ.Мүсірепов қаламынан туған өзіндік сыр-сипаты, ерекшелігі мол тұлғалы туынды. Бұл әңгімені оқығанда адам психологиясындағы түбегейлі тартысты ойнақы әзілмен, жарасымды қалжыңмен, ұлттық нақышпен, тіл өнерінің құдыретімен айнытпай берудегі шеберліктің қадір-қасиетіне бірден ден қоясың.

Ал “Шұғыла” – қазақ халқының 1932 жылғы қайғылы өмірінің айшықты суреттерін тапжылтпай көз алдына алып келетін іргелі

шығарма. Сол жылдардағы Қазақстан басшылығының сорақы қателігінің адам айтқысыз зардабын шегіп, аштық-жалаңаштықтан жаппай қырылған қазақ халқының жүдеу, жұпыны тіршілігі бұл әңгімеде үлкен суреткерлік бояумен берілген. Сол кездегі халық өмірінің ауыр трагедиясын дұрыс бейнелеген “Шұғылада” жазушының әрі азаматтық ерлігін, әрі суреткерлік батылдығын жұртшылыққа қатар танытқаны ешқашан ұмытылмақ емес.

Жазушының әр тұста жазған ана тақырыбындағы шоғыр әңгімелері қазақ әдебиетінің көкжиегін кеңіткен кезеңді еңбектер. Ол ең алдымен отызыншы жылдары А.М.Горькийдің ана тақырыбына жазылған әңгімелерінің ізімен екі-үш әңгіме (“Адамның анасы”, “Өлімді жеңген ана”, “Ана кесімі айнымайды”) жазды. Одан кейін жазушы өзінің “Ананың анасы”, “Ашынған ана”, “Ананың арашасы” атты белгілі әңгімелерімен қазақ әдебиетіне жаңа леп, көркемдік өрнек әкелді. Жазушының осы шығармалары арқылы әдебиетімізде бұрын-соңды ұшырмаған адам мінезінің тың қырлары жарқырап көзге түсе бастады.

Жазушы ана, әйел тақырыбына шығарма жазуды үзбей, бұдан кейін де жалғастыра берді. Бірақ, бір кездегі өзінің ізіне қайта түсіп шиырлауға бармай, көркемдік ізденістің соны өлкесіне, тың өрісіне жол тартты. Бұған оның Ұлы Отан соғысы жылдары жазған “Ер ана”, “Ақлима” әңгімелері толық дәлел. Бұл шығармаларда суреттелген Наталья, Ақлима алдыңғы кезеңдегі ана бейнелеріне әрі ұқсас, әрі өзіндік тың қасиеттерімен көрінген жаңа образдар болып шықты.

Отызыншы жылдарғы әңгімелердегі Қапия, Нағима романтикалық леппен суреттелген, негізінен белсенді іс-әрекетпен көрінетін эпикалық бағыттағы кейіпкерлер болса, ал Наталья, Ақлималарды жазушы реалистік жарқын бояулармен көрсетуге күш жұмсады. Жазушы өршіл, асқақ іс-әрекетімен қатар кейіпкердің ішкі дүниесінің, сезім әлемінің байлығын терең суреттеді. Тосын оқиға, айырықша жағдай үстіндегі әйел мінезінің ғажайып сипатын бейнелеп жан дүниесінің мөлдірлігін, отаншылдық сезімінің ірілігін үлкен суреткерлікпен тебірене толғады.

Ал, Ұлы Отан соғысынан кейінгі бейбіт жылдардағы әңгімелерінде жазушы сол қарапайым замандастарымыздың – әйелдердің бүкіл әлемге, келер ұрпаққа үлгі-өнеге болатындай, қызығып, тағылым аларлықтай қадір-қасиеттерін әдемі де әсерлі етіп бейнелей түсті (“Әмина”, “Айгүл қойшының күндері”, “Айжан қойшының күндері”). Бұл шығармалардағы әйелдер де – ойдың, істің адамы, еңбектен ғана бақыт тапқан біздің замандастарымыз, ел қамын ойлайтын қоғам қайраткері.

“Айгүл қойшының күндері”, “Айжан қойшының күндері” атты әңгімелердегі Айгүл, Айжан - қазіргі қазақ ауылындағы қоғамдық игілікті молайтып жатқан жасампаз еңбеккердің нағыз типтік өкілдері. Сырттай қарағанда көзге көп түспейтін, жиі байқала бермейтін, ал іштей тереңірек үңіліп, байыпты зерттегенде ғана білінетін қазіргі малшы қауым тіршілігіндегі ғаламат қиындықтарды суреткер терең реализммен көз алдымызға айқын елестетіп отырады.

Жазушы өзінің сүйікті тақырыбына үзбестен қайта-қайта оралып, қалам тербеумен болғаны жұртшылыққа мәлім. Бұған қалың оқырман қауымның жылы ықыласына, үлкен ілтипатына бөленген “Атақты әнші Майра” атты 1981 жылы жазылған әңгімесі толық дәлел. Бұл әңгімесінде жазушы тарихи факт, тарихи адамның өміріне сүйене отырып, қазақ әйелінің өнерпаздық тұлғасын оның адамдық қасиетімен ұштастыра тұрып әдемі суреттеп берді.

Өнерді, өнер адамын жырлаудың қазақ совет әдебиетінде қалыптасқан белгілі бір көркемдік дәстүрі бар. Майра туралы жазушы әңгімесі – туған әдебиетіміздегі сол көркемдік дәстүрді тереңдете, байыта түскен кемел шығарма. Бұл шығармасында жалпы көркем өнердің, соның ішінде ақындық, әншілік өнердің дүниеге келу процесіндегі өзіндік ғажайып сырларын жазушы әрі шынайы, әрі әсерлі етіп тебірене жыр еткен. Бұл әңгімедегі өнер жұлдызы Майраның көрікті портреті, ішкі өмірінің жарығы сөз құдыретімен оқырман зердесіне нұр болып құйылып жатады. Әдемі де әсерлі суреттеулер арқылы жазушы Майраның жан дүниесінің тазалығын, адамгершілік – моральдық қасиетінің асылдығын көңілге ұялатып отырады.

“Жеңілген Есрафил”, “Тарландар”, “Бірінші фонтан” сияқты әңгімелерінде жазушы еліміздегі еңбек адамдарының қажырлы кейпін жақсы танытып, өз замандастарының үлкен мұрат-сезімін биік шабытпен толғап берді.

“Өмір жорығы”, “Қыран жыры” әңгімелері терең ойлы сөз шеберінің қолынан шыққан бөлек туындылар. Бұлар – барлық адамзат атаулыға ортақ ізгі мақсат – ұрпақтар сабақтастығын түйіндеп берген терең мағыналы символикалық кемел шығармалар. Бастан-аяқ салихалы ойға, философиялық толғаныстарға негізделген бұл әңгімелердің кім-кімге де берер ғибратты тағылымы, эстетикалық нәрі мол. Мәңгілік өмірді лайықты түрде жалғастыру үшін табанды күреске, жалынды жігерге баулитын өршіл, өміршең идея – аталған шығармалардың зергерлікпен өрілген негізгі арқауы. М.Әуезовтың “Көксерегі”, С.Сейфуллиннің “Қызыл аты” сияқты шығармалардағы символикалық көркемдік дәстүрді өзіндік өрнекпен, суреткерлік айқын қолтаңбаман жалғастыра отырып, жаңа биікке шығарған “Өмір жорығы”, “Қыран жыры” қазақ әдебиетіндегі әңгіме жанрының классикалық үлгілері болып танылды.

Жазушының “Этнографиялық әңгімесі” кезінде күллі оқырман қауымының назарын ерекше аударған елеулі туынды болды. Әңгімеде дәурені өтіп, тарих сахнасынан ысырылып қалған қазақ қоғамындағы төре тұқымымен кедей қызы Қарашаштың, мұғалімнің араларындағы көзқарастар тартысы үлкен суреткерлікпен бейнеленген. Шығармадағы шымшыма өткір тіл, ащы мысқыл, аяушылық сезімдер оқырманға қатты әсер етеді. Тіршілік біткеннің бұлжымас темірдей заңы – ескі мен жаңаның карама-қарсылығы, бітіспес арпалысы әңгімеде шынайы шеберлікпен берілген.

Еліміздегі жеке адамға табынушылық тұсындағы адам айтқысыз сорақылықты, қалың бұқараны ұмытылмас қайғы-қасіретке ұшыратқан шексіз зұлымдықта терең сезіммен, байыпты толғаммен, рухани тебіреніспен суреттеген шығарма – жазушының “Сөз жоқ, соның іздері” әңгімесі еді. Символикалық қанық бояулар, өткір детальдар, естен шықпас жарқын суреттер бұл шығарманың идеялық мазмұнын тереңдетіп, көркемдік еңсесін көтеріп тұр. Замандас өмірінің трагедиялық бір сәтін керемет шеберлікпен мүсіндеген шығарманың оптимистік сарына басым. Әңгімедегі Сәулеш – жарқын келешектің таза, қуатты, биік символындай болып есте қалады.

Жазушы қай-қай шығармасында даешкімді қайталамай, тыңға, соныға ұмтылды. Бұған “Жапон балладасы” дәлел. “Арқаның әңгімесі”, “Көздің әңгімесі”, “Тастың әңгімесі” сияқты туындыларымен жазушы халықаралық тақырыпқа қазақ жазушы-ларының ішінен бірінші болып жол тартты. Шебер де шымыр әңгімелерімен 1945 жылы Жапонияның Хиросима, Нагасаки қалаларына тасталған Американың атом бомбасының зардабын тебірене суреттеп берді. Ұмытылмас көркем бейнелерімен жазушы адамзатқа шексіз қайғы-қасірет әкелушілерді өлтіре әшкерелеп, лағынет айтты. Жалпы адамзаттық өткір проблеманы қозғаған “Жапон балладасы” тек қазақ әдебиеті ғана емес, бүкіл көп ұлтты совет әдебиетінің идеялық – көркемдік табысы еді.

Қазақ прозасында В.И.Ленинге арналған туындылар аз емес. Жазушының “Жиырма төрт сағатта” әңгімесі В.И.Ленинге арналған

қазақ прозасындағы туындылардың маңдай алдысы ретінде жұртшылыққа кең танылды.

Жазушының повестері – оның творчествосының өнікті де жемісті бір саласы. Жиырманшы – отызыншы жылдары ол повесть саласында көсіле қалам сілтеді. “Тулаған толқында” (1928), “Көк үйдегі көршілер” (1929), “Өмір ертегісі” (1930), “Алғашқы адымдар” (алғашқы аты “Бір адым кейін, екі адым ілгері”) (1932), “Үздіксіз өсу” (1934), “Туннель” (1935), “Жайлау жолында” (1936), “Тұтқын қыз” (1938) повестерінде Ұлы Қазан социалистік революциясы алдынағы, еліміздегі азамат соғысы жылдарындағы, Қазақстандағы коллективтендіру кезіндегі халық басынан кешкен дүбірлі оқиғаларды әдемі баяндап берді. Әрине, бұл повестер, бір жағынан, творчестволық жолға шыққан жас қаламгердің тұңғыш шығармашылық тәжірибелері іспеттес. Сәтімен шыққан көркемдік бояулар, суреттеліп отырған мезгілдегі адамдар мінезінің дәл табылған сипаттары, тілдік өрнектің көрікті нақыштарымен қатар бұл аталған повестердің босаңдау жақтары, ширамаған тұстары бар еді.

Жазушы повестерінің ішіндегі аса көрнектісі – “Кездеспей кеткен бір бейне” (1966). Бұл оның жоғарыда аталған алғашқы повестерінен кейін араға отыз шақты жылдар салып, шеберлігі ұшталып, әбден жетілген тұста жазған өте дарынды, классикалық шығармасы болатын. “Кездеспей кеткен бір бейнені” автордың өзі поэма деп атаған еді. Бұлай атауы орынды да заңды болатын. Үйткені бұл шығарма – қара

сөзбен жазылған әсем жыр, шын мәніндегі поэтикалық туынды. Шығарманың төгілген көрікті тілі, құлпырған сұлу суреттері, биік шабытпен сомдалған асқақ тұлғалары повесті оқырманның қолынан тастамай жастанып оқитын ең сүйікті, қымбат рухани азығына айналдырып жіберді. Повесті қаһармандық, азаматтық қасиеттің өрлігі, мәңгілік айнымас, тозбас махаббаттың, жан сұлулығының әдебиетте сирек ұшырайтын көркем бейнесі деп тұжырымдауға болады. Шығарманың бас кейіпкері Еркебұланның прототипі – атақты жазушы, белгілі революционер, қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллин. Еркебұланның азаматтық тұлғасы, қаһармандық күрескерлігі, албырт ақындығы, ішкі дүниесінің байлығы мен жарығы шығармада суреткерлік зергерлікпен шебер бейнеленгені анық. Сондай-ақ арманына жете алмай кеткен бүлдіршін қыз Ақлима, әйел болса да азаматтық кесек мінезімен сүйсіндіретін Ақбала, болашақтың көк өрім өркені Қайсар – ұнамды образ галереясының жарық жұлдызындай мәңгілік бейнелер. “Кездеспей кеткен бір бейне” – азаматтық ерлікті, адамгершілік биіктікті, ақындық асыл өнерді, сөнбес махаббаттың мәңгі алаулайтын жалынын оқырман жүрегіне бірден ұялайтындай етіп суреткерлік үлкен шеберлікпен бейнелеген, шынайы шалқар шабыттың жарқын көрінісі. Шығарма кезінде жұртшылық тарапынан аса жоғары бағаланып, оған 1970 жылы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығы берілді.

Ғабит Мүсіреповтің жазушылық жолы-бірте-бірте сатылап өсу жолы. Проза саласында жазушы ең алдымен шағын жанрларда қалам

тербеп, машықтанғаны белгілі. Әңгіме, новелла, очерк, публицистика, повесть жанларын еркін меңгеріп барып, ол кейінірек романға ауысты. Ең алғашқы романы – “Қазақ солдаты”. Алдымен бұл шығармасын жазушы 1945 жылы “Қазақ батыры” деген атпен повесть ретінде жариялады да, кейін өңдеп, толықтырып, кемелдендіріп 1950 жылы “Қазақ солдаты” романын жұртшылыққа ұсынды.

“Қазақ солдаты” романының бас кейіпкері Қайрош Сарталиевтің образы 1941-1945 жылдарғы Ұлы Отан соғысына қатысып, Совет Одағының Батыры атағын алған Қайырғали Смағұловты елестетеді. Романдағы Қайрош Сарталиевтің басынан кешірген көп оқиғалары – Смағұловтың өмір мектебінде көрген, өз басынан өткізген жайлары. Жазушы романды негізінен осы болған оқиғаға сүйеніп жазған. Сонымен қатар, әрине, ол шығармада көркем әдебиет талабына сай типтік образ жасаған, бір адамның өмірбаянымен шектеліп қалмаған. Бұл бізге шығарманың бас кейіпкері Қайырғали Смағұловтың әдеби суретін емес, жалпы совет жауынгерлерінің, Отаны мен халқын жанындай сүйетін қарапайым совет адамының образын көруімізге мүмкіндік береді. Тарихи материал – бұл жерде жазушы үшін шындық өмір көріністерінің бірі. Бұған идеялық, тәрбиелік мән беріп, жинақтап, қорытындылап, типтендіру – көркем шығарма жолындағы міндет.

Ғ.Мүсірепов осы міндетті, яғни 1941-1945 жылдарғы неміс-фашист басқыншыларына қарсы азаттық соғысы үстінде патриоттық,

ерлік қасиеттері толық көрінген совет адамының типтік образын жасау міндетін үлкен суреткерлік шеберлікпен орындап шыққан.

Романның сюжет желісі Қайрош Сарталиевтің соғыстан бұрын колхоздағы, балалар үйіндегі өмірінен басталып, оның Ұлы Отан соғысының жауынгері, батыры болғанға дейінгі оқиғаларды қамтиды.

Автор романында Сарталиев айрықша бір өзіндік қасиеттерге, ерекшеліктерге сүйеніп батыр болды деуден аулақ. Қайрош Сарталиевтің образы арқылы ол жалпы совет адамдарына тән рухани беріктікті, Отан мен халық алдындағы перзенттік борышты өтеуді қасиетті міндетім деп санайтын нағыз шын мәніндегі адамгершілікті көрсетуге тырысқан.

Жазушының суреттеуінде Қайрош Сарталиев – советтің қарапайым адамдарының бірі. Оның мінез-құлқы мен жауынгерлік қабілетіне қарап, басқалардан ерекше батыр болуға ықтимал еді деп айтарлықтай өзгешелік жоқ. Кейіпкердің соғыс алдындағы өмірі де, соғыс кезіндегі ісі де қарапайымдылықты дәлелдейді. Бірақ сондай қарапайым адам қалай батыр болды? Қайрош Сарталиевті батыр еткен, жазушының суреттеуінше басқа мыңдаған батыр жауынгерлер сияқты оның туған еліне төнген қатерлі қауіпті толық түсініп, Отанымыздың тәуелсіздігі мен бостандығын жоймақ болған неміс-фашистерінің зұлымдық ниетін іске асырмау үшін, бойдағы бар қуат, ар-намысты, кекті сала соғысу қажет екенін жанымен ұғынуы. Бұл бізге жазушының совет адамдарының өскен ой-өрісін, мінез-құлқын, олардың күрескер

бейнесін жақсы түсініп, ұғынуының үстіне бұл қасиеттерді романда асқан шындықпен және шеберлікпен суреттегенін байқатады.

Негізінде “Қазақ солдаты” романы Ұлы Отан соғысы тақырыбына жазылған қазақ әдебиетіндегі прозалық шығармалардың ішіндегі ірісі де, тәуірі де екенін, оның жалпы идеялық-көркемдік мазмұнының жоғарылығынан көруге болады.

Ғабит Мүсіреповтің творчестволық жолындағы көрнеті шығармасы – “Оянған өлке” романы. Бұл романды о баста жазушы трилогия ретінде жазбақ болғаны мәлім. Сол трилогияның бірінші кітабын 1953 жылы жариялап оқырман қауымға ұсынды.

“Оянған өлке” романын оқырман жұрт жылы қарсы алды. Тарихи тақырыпқа арналған романда өте маңызды тақырып көтерілді – жазушы Қазан революциясынан бұрынғы Қазақстанда қазақ пролетариатының туып, қалыптасу проблемасын қойды. Капиталистік қатынастардың Қазақстанға бірте-бірте еніп, өнеркәсіп, өндіріс орындарының туа бастау кезеңіндегі қазақ өмірі романда кеңінен көрінді. Феодалдық әдет-ғұрыптардың іріп-шірігендігін, етектен тартқан көне дәстүрдің шегіне бастауын көрсетеді жазушы.

“Оянған өлке” – XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстандағы жұмысшы өмірі туралы кең ауқымды, шынайы туынды. Әсіресе, еңбек адамының сол қанаушылар билеген замандағы өте ауыр, аянышты, қайыршылық өмірі бұл шығармада реалистік тереңдікпен тебірене суреттелген. Өздерін аяусыз езіп-жаншып отырған үстем тапқа

қарсы бел шешіп күреске бет алған жұмысшылардың айбынды, қайратты, қайтпас-қайсар тұлғасы романда жинақталған әдеби тип дәрежесіне көтерілді.

“Оянған өлке” романымен Ғ. Мүсірепов қазақ совет әдебиетіндегі жұмысшы тақырыбын келістіре жырлап, жетік меңгерудің көшін бастаушылардың қатарына енді.

Идеялық мазмұны терең, көркемдік сипаты көз тартарлық “Оянған өлке” романы тек жазушы творчествосының ғана емес, бүкіл қазақ совет әдебиетінен келелі орын алатын кенеулі шығарма ретінде танылды.

Өмірінің соңғы жылдарында жазған “Жат қолында” (1984) романы, бір жағынан “Оянған өлкенің” жалғасы, екінші кітабы іспетті, екінші жағынан, оны өз алдына дербес шығарма деуге де келеді. Үйткені бұл романда суреттелетін өмір кезеңі де жаңа, кейіпкерлер де соны. Жазушы “Жат қолында” романында ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басындағы Орталық Қазақстандағы әлеуметтік өмірдің қатпар-қатпар шындығын кең ауқымда байыпты түрде суреттеп берді. Шығармада Қарағанды, Ақбұйрат, Нілді өндіріс орындарын ағылшын, француз капиталистерінің билеп-төстеп тұрған кезеңдегі қазақ халқының қоғамдық тіршілігі, тұрмыс-салты, әдет-ғұрпы, рухани әлемі тарихи тұрғыдан дәл де терең бейнеленен. Жазушы суреттеп отырған дүбірлі оқиғаларға тұтас тұлғалары, сан алуан тағдыр-қарекеттері арқылы оқырманның көңіл айнасынан өтіп, көз алдына айқын елестеп отырады.

Романның бас кейіпкері – саяси күрескер, қоғам қайраткері Кенжеғара Берікқарин. Ол роман-эпопеясының бірінші кітабында толық көрінген, оқырманға бұрыннан жақсы таныс Игілік байдың ұлы. Бірақ ол Игілікке мүлде ұқсамайтын жаңа әдеби тип. Ол бір кездегі қазақ сахарасының шынжыр балақ шұбар төс шонжары - әкесінің көлеңкесі де, көшірмесі де емес. Жаңа әлеуметтік ортада, тарихтың жаңа дәуірінде қалыптасқан жаңа характер. Ол семинарияда оқыған, білімді, ойлы, ақылды, санасы сергек көзі ашық азамат. Халық өмірінің ащы-тұщысын, заманның аумалы-төкпелі бағытын терең байыптан, саралап дұрыс ұсынған, кеудесі сәулелі, озық қайраткер, батыл күрескер. Әке жолынан бөлініп, оның жаңа бағыт ұстауының романдағы дәлелі (мотивировка) жеткілікті, сенімді. Өз қарақан басының қамын күйіттеп, қалайда баюға құныққан дүниеқор әке мұратынан ажырап, алшақ кеткен Кенжеғараны айналасындағы еңбекші бұқараның жүдеу тірлігі, ауыр халы, мұң-мұқтажы жүрегін сыздатып қатты ойландырады, толғандырады. Буырқанған, қилы-қилы әлеуметтік күрес-тартыстың қазанында қайнап піскен ол жалы биік азамат болып қалыптасады. Кенжеғараның нақты-нақты іс-әрекеттерінен оның халық қамы үшін қызмет еткен іскер, ірі қайраткер екені шығарманың әр тұсынан көрініп отырады.

Идеялық мазмұны бай бұл романның да көркемдік кестесі көз тартарлық, мінсіз. Баяндау, суреттеу стиліндегі мүлтіксіз өрнектер, шығарманың өн бойына өң, ажар, көрік беріп отыратын жылы юмор,

философиялық терең мағыналы ішкі монологтар, оқиғалардың, кейіпкерлердің көңіл ауандарына сай мәнерленген табиғаттың тартымды суреттері шығарманың еңсесін көтеріп, көркемдік деңгейін биіктетіп тұр.

“Жат қолында” – орыс жұмысшылармен қоян-қолтық бірлесе отырып қазақ жұмыскерлерінің революцияға келу жолын тарихи шындыққа сәйкес нанымды да терең бейнелеген қазақ әдебиетіндегі әлеуметтік – саяси романдардың көрнектілерінің бірі де бірегейі.

Сөз зергерінің творчестволық жолындағы белесті туындылардың қатарына қосылған оның “Ұлпан” романы еді. Өзінің бар ерекшелігімен, көркемдік бітімімен, эстетикалық әсер – күшінің молдығымен романда көрінетін Ұлпан – бүкіл қазақ әдебиетіндегі оқшау тұрған әдеби образ.

Романдағы Ұлпан бейнесін суреттеуге Ғабит Мүсірепов бүкіл өмір бойы іштей дайындалып, көп ізденіп, толғанғаны мәлім. ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы қазақ халқының әлеуметтік – тарихи өмірін терең зерттей келіп, жазушы тарихи фактілерді, өмірде шын болған оқиғаларды, адамдарды шығармасына негіз етіп алған. Ұлпан өмірінің хикаясын шерте отырып, автор сол тұстағы бүкіл халық, қоғам өмірінің айқын суреттерін жасап берді.

Әрине, романдағы басты кейіпкер – Ұлпан.

Әр заманда да, әр халықта да өмірдің айырықша құбылысы болып жарқ ете түсетін төтенше дарынды, жарқын тұлғалары болатыны аян. Ұлпан өткен ғасырдағы қазақ топырағында пайда болған сондай ғажайып құбылыс еді. Жазушы ел өміріндегі сол тарихи фактіні ала

отырып, өзінің суреткерлік қарымымен халық дарынының, ақылойының типтік көрінісіндей адам характерін үлкен зергерлікпен жарқыратып сомдап берді.

Романдағы Ұлпан – негізінен реалистік тұлға. Оның бүкіл бойынан сол дәуірдегі қазақ әйелінің ең жарқын, ең асыл қасиеттерін көру қиын емес.

Романда суреттелетін Ұлпан – күшті, терең характерімен, кесек бітіммен берілген тұлғалы образ. Оның сезім байлығы, адамгершілігі, адалдығы, моральдық тазалығы, ақылдылығы, зеректігі, зерделілігі, парасаттылығы, өткірлігі, өжеттігі келісті де көрікті бейнеленген. Бұндай жарқын бояулармен берілген әйелдің әдеби тұлғасы тек осы романда ғана емес, қазақ әдебиетіндегі өзге шығармаларда да кездеседі. Ал, Ұлпанды олардан бөлектейтін, даралап, оқшаулайтын онын үш басты сыр-сипаты бар.

Бірінші, Ұлпан тек қана жалғыз өз қара басының жайын ойлаған пенде емес, ол-айналасындағы ел-жұрттың, бұқараның, қалың қауымның қамын көздеген ел қамқоры, ел анасы. Өз бақытымен қатар, өзгенің бақытын, тағдырын, тұрмысын ойлап, сол өзгелер үшін жан сала қызмет ету, сол басқаларға қиыншылықта қол ұшын беруге ұмтылу-адамгершіліктің ең жоғарғы түрі. Біз сөз етіп отырған романдағы Ұлпан сондай асыл қасиетімен үздік көрінетін абзал ана. Тар заманда қолынан келген мүмкіндікті қапысыз пайдалана отырып, қалың бұқараға болысқан оны сол аймақтың бүкіл еңбекші қауымы кезінде қатты

кадірлеген, сол төтенше адамгершілігі үшін ол өмір бойы ел алғысына бөленіп өткен. Өлгеннен кейін де оны ұмытпай бүкіл ауыл-аймақ әулие тұтып, аруағына сыйынған.

Сол феодалдық заманда Ұлпан сияқты халық қамын ойлаған жанның ізгі ойы, арманы, мақсат-мұраты іске толық асуы мүмкін емес еді. Ұлпанға қарсы кедергі тас қамалдай, жауыздар тобының тегеуіріні мықты болатын. Сондықтан да оның өмірі бастан-аяқ шиеленіскен күресте, арпалыста өтті де трагедиямен бітті. Ақырында Ұлпанға жабылған жауыздар тобы оны аянышты да өкінішті апатқа ұшыратып тынды. Бұлай болу сол дәуірдің әлеуметтік шындығы болатын. Әлеуметтік өмірдің логикалық түйіні осыған келіп тірелері заңды еді. Жазушы айтқандай, “Өз заманынан бұрын туып, арманда кеткен үлкен жанның”, өмірі басқаша аяқталуы мүмкін емес еді.

Ұлпанның екінші басты қасиеті - өз заманындағы көне ескілікке, әсіресе, әйелдерді қорлап, кемітетін феодалдық әдет-ғұрыпқа қарсы батыл күресуі, халық өміріне ауадай қажет жаңашылдыққа, прогреске ұмтылып, елге айтарлықтай үлгі-өнеге көрсетуі Ұлпан образының әлеуметтік бітімін әрі көріктендіре, әрі биіктете түскен.

Үшінші, үлкен адамгершілік, зеректік, ақылдылықпен қатар Ұлпанда қайраттылық, өткірлік, қаһармандық мінез бар. Ел, халық намысы үшін оның жалындап жарқ еткен тұсы да шығармада қапысыз бейнеленген. Әсіресе, Сибан жорығы тұсында ол ел анасы болумен бірге,

халықты ерлікке, батылдылыққа, елдікке жетелейтін қаһармандық, патриоттық, азаматтық дәреженің де биігінен табылады.

Романдағы Ұлпан – сол негіздегі халық өмірінің шынайы сипатын танытатын, жинақтаушылық күші мол, әдебиетіміздегі шын мәніндегі типтік образ. Ұлпан бойындағы барлық абзал қадір-қасиеттер ғасырлар бойы қалыптасқан қазақ әйелінің, қазақ халқының адамгершілік, ерлік, азаматтық, батырлық тұлға-бітімінің айқын да жарқын көрінісі екені кәміл.

Ғабит Мүсіреповтің драматургия саласына сіңірген еңбегі де орасан зор. Қазақ әдебиетіндегі драма жанры Ұлы Қазаннан кейін қалыптасып, дамығаны баршаға мәлім. Жүсіпбек Аймауытов, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқановпен бірге ұлттық драматургияның негізін қалап, шаңырағын көтеріскен Ғабит Мүсіреповтің есімі қазақ театрының тарихынан елеулі орын алады. Оның әйгілі пьесалары қазақ театрының саханасынан түспейтін тұрақты репертуарына айналды.

Ғабит Мүсірепов Шекспир, Мольер, Шиллер, Гоголь, Островский сияқты дүние жүзі драматургиясының алыптарынан творчестволық үлкен қуатпен үйрене отырып, ұлттық драматургияға ірі олжа салды. Оның “Қыз Жібек”, “Қозы Көрпеш-Баян сұлу” сияқты пьесалары халықтық лиро-эпостың негізінде туса да, өз алдына дербес туындылар ретінде танылған еңбектер. Фольклорлық шығармалардың

идеялық, тақырыптық желісін сақтай отырып, ол бүтіндей тың өрнекті дүниелер жасады.

“Қыз Жібек” пьесасындағы Қыз Жібек, Төлегеннің жастық жалынға толы, асыл мұраттарға ұмтылған аяулы тұлғалардың талғамы жоғары қалың көрерменнің сүйікті кейіпкерлеріне айналғаны аян. Сондай-ақ “Қозы Көрпеш – Баян сұлудағы” Қозы Көрпеш, Баян образдары да қазақ драматургиясындағы үлкен суреткерлік шеберлікпен берілген мінсіз әдеби типтер болып орнықты. Кезінде кемеңгер жазушы-ғалым Мұхтар Әуезов: “Қозы Көрпеш” пьесасы – қазақ әдебиетінің бір салада ірілеп өскендігінің айғағы. Драматургия құрылысы қиын, ауыр жанр болғанда, “Қозы Көрпештің” жазушысы сол қиыншылықтарды шеберлікпен, ақындық, көркемдік, ұсталықпен шеше білген. Пьеса осы сипаты арқылы қазақ әдебиетінің қатты өскендік айғағы болып шықты. “Қозы Көрпешті” қазақ әдебиеті өзінің үлкен мақтаны ете алады. (М.Әуезов. Он тоғызыншы том. Алматы. 1985. 306-бет), - деп Ғ.Мүсірепов пьесасын аса жоғары бағалаған болатын.

Драматург Ғабит Мүсірепов тарихи белгілі адамдардың өміріне де қалам тербеп, жақсы драмалық үлгілер жасады. Оның “Ақан сері – Ақтоқты” драмасы ХІХ ғасырдың жетпісінші жылдарындағы Қазақстанның әлеуметтік өмірін шынайы бейнелесе, “Аманкелді” пьесасында жазушы 1916 жылғы қазақ еңбекшілерінің патша өкіметіне қарсы ұлтзаттық көтерілісін, Ұлы Қазаннан кейін совет өкіметін орнықтыруға қазақ халқының белсене еңбек сіңіруін айшықты

өрнектермен суреттеп берді. Бұл пьесаларында драматург Ақан сері, Аманкелді сияқты тарихи қайраткерлердің шынайы келбетін сахналық шеңберде дұрыс танытты.

Жазушының тарихи тақырыпқа жазған “Болашаққа аманат” драмасы да қазақ драматургиясындағы аса елеулі еңбек. “Болашаққа аманат” драмасының бас қаһарманы – қазақ халқының XVIII ғасырдығы даңқты перзенті, батыры шешені Сырым Датов (1712-1802). Сырым 1783-97 жылдары 14 жыл бойы патша отаршыларына қарсы халық көтерілісін басқарған айтулы қолбасшы, көрнекті қайраткер. Драмада Сырым Датов өмірінің үлкен бір кезеңі – “халық кеңесін” ұйымдастырып басқарған тұсы суреттелген. Әр түрлі мінез – характерлермен қатар драмада сомдалған Сырымның батырлық, шешендік, ұйымдастырушылық, қайраткерлік тұлғасы, оның өз халқы үшін жанын шүберекке түйіп қызмет еткен кеменгерлік ой-пікірлері мен іс-әрекетінің ұтқыр шеберлікпен бейнеленуі жазушы творчествосындағы ірі көркемдік табыс.

Ғабит Мүсіреповтің ұзақ жылдар ізденіп, көп уақыт даярланып барып жазған елеулі еңбегі “Қыпшақ қызы Аппақ” атты драмасы еді. Оның бұл драмасы да тарихи болған фактіге, дерекке, оқиғаға арқа сүйеіп жазылған. Драманың бас кейіпкері – өзірбайжан халқының XII ғасырдағы ұлы ақыны, ойшылы Низами Гянджеви (1141-1209). Жазушы драмасында суреттелген Низамидың қазақ (Қыпшақ) қызы Аппаққа деген кіршіксіз таза махаббат хикаясы – тарихи шындық. Ақын мен

даланың сұлу, қаһарман қызының мөлдір, жалынды, құдіретті, асыл махаббат сезімі драмада шабытты ақындық тебіреніспен, төгілген тіл өрнектерімен келістіре бейнеленген. Ақын Низамидың бейнесі, оның аяулы ғашығы Аппақ образы – қазақ драматургиясындағы тың көркемдік құбылыс ретінде көзге түсті. “Қыпшақ қызы Аппақты” – қазақ, әзірбайжан халықтарының сонау бір көне заманда-ақ қалыптасқан ажырамас қасиетті достығының шабытты жыры деуге де негіз толық.

Ғабит Мүсірепов – бірнеше либретто, сценарийдің де авторы. Ол жазған “Қыз Жібек” операсы (музыкасын жазған Е.Г.Брусиловский) мен “Қозы Көрпеш – Баян сұлу” балетінің (музыкасын жазған Е.Г.Брусиловский) либреттолары қазақ операларындағы таңдаулы либреттоның қатарынан орын алды. Ғ.Мүсірепов “Аманкелді” атты бірінші қазақ киносының сценарийін жазысты (Вс.Иванов, Б.Майлинмен бірге). “Махаббат туралы дастан” атты көркем суретті және екі сериялы “Қыз Жібек” фильмдерінің сценарийін жазған да Ғ.Мүсірепов. Әсіресе, соңғы туындысымен ол киносценарийдің үлкен шебері екенін танытты.

Ғабит Мүсірепов – қазақ әдебиетіндегі очерк, публицистика жанрларын дамытуға да үлкен еңбек сіңірген жазушы. Ең алдымен айтатын жағдай, жазушы 30-жылдардың аяғы, 40-жылдардың басынан бастап прозаның бұл саласына белсене араласып, өнімді түрде қалам тербей бастады. Алғашқы жазған очерктерінің өзінде-ақ жазушының

оперативті бұл жанрды еркін меңгеріп, оның тәуір-тәуір үлгілерімен оқырман қауымын қуанта бастағаны анық.

Ғабит Мүсіреповтің очерктері жоғары идеялылығымен ерекшеле-нетінін бөліп айтқан жөн. Әсіресе, замандастарының жарқын өмірі жайлы жазылған жазушы очерктерінде өз дәуірінің озық ой-пікірі үлкен шабытпен, асқақ леппен құлпырған көркемдік бояумен әсем де әсерлі жырланады. Жазушы очерктерінің басым көпшілігі мазмұн тереңдігімен, шынайы көркемдігімен көзге түсіп, өзі өмір сүріп отырған заманның талабына толық үндес келіп отырды.

Жазушы шеберлігін танытатын очерктерінің бірі – оның “Қазақтарым, достарым” атты туындысы. Жазушының бұл шығармасында еліміздегі туысқан халықтар ақын, жазушыларының қасиетті достығы әрі қарапайым, әрі әдемі суреттелген. Тіпті қаламгердің бұл очеркін достық жыры деп атаса да артық емес. Еліміздің атақты жазушысы Михаил Александрович Шолоховпен (1905-1984) кездескен бірнеше эпизодтарды сөз өнерінің күшімен тартымды да айқын көрсете отырып, автор орыс халқының ұлы жазушысының адамгершілік абзал қасиеттерін тамылжыта сипаттаған.

“Қазақтарым, достарым” атты жазушы очеркі – тек осы жанрдағы ғана емес, бүкіл қазақ әдебиетіндегі халықтар достығы тақырыбындағы көркем шығармалардың таңдаулыларының бірі.

Ғабит Мүсіреповтің әрбір очеркі, публицистикасы көркемдік шеберлігімен, идеялық ой-пікірінің салмақты да маңыздылығымен есте

қалады. Туған әдебиетіміздегі публицистика, очерк жанларын жетілдіріп, кемелдендіре түсу бағытына жазушының көп творчестволық еңбек сіңіргенін айрықша атаған жөн. Ал бұл ретте ол айтарлықтай іс тындырды, елеулі-елеулі көркемдік табыстарға жетті.

Ғабит Мүсірепов әдебиеттің өңге жанрларымен қатар Қазақ совет әдебиеттану ғылымы мен сынының да ірге тасын қаласып, олардың дамуына зор үлес қосқан жазушы.

Ғабит Махмұтұлы Мүсіреповтің әдебиет мәселелері жайлы еңбектері 20 жылдардан бастап өмірінің соңғы кезеңіне дейін мерзімді баспасөз бетінде қазақ, орыс тілдерінде үздіксіз жарияланып отырды. Оның үстіне, жазушының әдеби-сын еңбектерінің ең тандамалысы жеке-жеке кітап болып та жарық көрді: Суреткер парызы. Алматы. 1970; Заман және әдебиет. Алматы. 1982; Черты эпохи. Алма-Ата. 1986; Әдебиет – кәсіп емес, өнер. Алматы. 1987.

1977 жылы Қазақстан Республикасы Ғылым академиясы президиумы филология ғылымын дамытуға сіңірген зор еңбегі үшін Ғабит Махмұтұлы Мүсіреповке Шоқан Уәлиханов атындағы бірінші дәрежелі сыйлық берді. Бұл жазушының әдебиеттану мен сын саласындағы еңбектеріне берілген лайықты да үлкен баға болатын.

Жазушының әдебиеттану мен сын саласындағы еңбектерінің барлығына тән ортақ қасиеттерді жинақтап айтсақ, ең алдымен, оның әдебиет пен өнердің біздің дәуіріміздегі даму процесіне және олардың жекелеген елеулі құбылыстарына биік позициядан қарады. Ол әдебиет

пен өнердің әрбір көрнекті табысын халықтың рухани қымбат қазынасы ретінде қатты қастерледі. Әдебиет пен өнер туындысының біздің қоғамдағы идеологиялық пәрменді ықпалына, жауынгерлік белсенді роліне баса назар аударды. Сонымен қатар, әрбір көркем шығармаға жазушының барлық уақытта қойып отырған идеялық-эстетикалық талабы да биік, үлкен. Жоғары идеялылық, үздік шеберлік – міне, әдебиет пен өнердің әрбір туындысын талдау үстінде оның берік ұстанған, айнымас өлшемі осы ғана. Әрбір әдеби шығарманың халықтық асыл мұра болып қалуы үшін үздіксіз де белсенді түрде күресу – Ғабит Мүсіреповтің алпыс жыл бойы жазған барлық әдеби-сын еңбектерінің ең басты сипаты болды.

Ұлттық әдебиеттің тынысын кенейтіп, халықтардың рухани байланыстарын нығайтатын көркем аударма саласында да жазушының сіңірген біраз еңбектері бар. Бұл ретте оның О.Генридің новеллаларын, Сильвестр Тагараоның әңгімесін, А.М.Горький, М.Шолохов, В.Василевская, И.Эренбург шығармаларын қазақ тіліне аударғанын айтсақ та жеткілікті. Сондай-ақ, Ғабит Мүсірепов аударған В.Шекспирдің “Антоний мен Клеопатра”, А.Н.Островскийдің “Таланттар мен табынушылар”, Ж.Мольердің “Сараң”, Я.Галанның “Таң алдында”, К.Симоновтың “Орыстар”, Л.Леоновтың “Шапқын”, А.Сафроновтың “Москва мінезі”, А.Штейннің “Намыс заңы” атты т.б. пьесалары да қазақ драматургиясының өсіп өрлеу жолында едәуір көркемдік қызмет атқарғаны сөзсіз.

Көркем шығарма жазуға әр жазушының әр түрлі жолмен, әр қилы әдіспен даярланатыны мәлім. Ең алдымен, қаламгер өзінің үлкенді-кішілі шығармасына негіз боларлық материал жинайды. Кейбірі шығармаға қажетті ондай деректерді басында ұстаса, кейбір жазушылар есінде сақтаумен қатар шығармасына қажет материалдарды қағазға түсіріп отырады. Біраз қаламгерлер болашақ кітабына керек болар деген оймен жүйелі түрде күнделік жазып жүреді. Ал кейбір қаламгерлер өзінің жазушылық жұмысына қажет деген материалдарды қойын дәптерге (записная книжка) жазып қояды.

Ұлғайған шағында Ғабит Мүсірепов те өзінің шығармашылық еңбегіне қажет деген қыруар деректерді қойын дәптерге түсіріп отырыпты. Кейбір жалма-жан басына келіп қалған ой-пікірлерді де жазып тастаған. Болашақ шығармаларының кәдесіне асатын қыруар деректерді түп-түгел, айнытпай, бұлжытпай есте ұстаудың қиындығын, әсіресе жас ұлғайған шақта мүмкін еместігін сезген жазушы қойын дәптердің оған неге қажет болғанын өзі былайша дәлелдепті: “Ұмытшақтық молайып келеді. Кейде тіпті ұмытпасты ұмытасың, таңертеңгіні кешке дейін ұмытып кетесің.

Жалғыз ұмытпасың – жазу-сызу айналасында. Бір қызығы – кейбір ұмытқандарың жазу үстінде әлденелерге жаңғырып келіп қайта есіңе түседі. Тегінде, әр өнердің, әр кәсіптің “өз жаңғырығы” бар сияқты. Сондықтан нағыз қартайған адамдар да өз кәсібін ұмытпауға тиіс, яғни “өз шеберлігі” қолы қалтырағанша сақталатын болар.

Сонда да, кейбір көрнекті нәрселер, ойға келгендер ұмытылмас үшін анда-санда қағазға түсіріп қояды дұрыс көрдім. Январь. 1970. F.M.” (337-дәптер).

Әзірге бізге мәлім дерекке сүйенсек, жазушы қойын дәптер (күнделік) жазуды 1970 жылдардан, яғни жасының ұлғайған тұсынан бастапты.

Ғабит Мүсіреповтің қойын дәптеріндегі жазбалар екі тілде: орыс және қазақ тілінде қағазға түскен. Біз әзірге қазақ тіліндегі жазбалармен түгел танысып, баспаға сол қазақ тіліндегі материалдарды сұрыптап, іріктеп, таңдап ұсынып отырмыз. Ал Ғабит Мүсіреповтің қойын дәптеріндегі орыс тіліндегі жазбаларын зерттеп, олармен оқырмандарды таныстыруды болашақтың үлесіне қалдырдық.

Ғабит Мүсіреповтің қойын дәптеріндегі материалдар әр алуан, сала-сала. Оларды топтап, жүйелеп сараласақ негізінен мынадай жағдайларды байқауға болады.

Ең алдымен айтарымыз – жазушының негізгі шығармалары-на пайдаланылған деректер осы қойын дәптерден едәуір орын алған. Мәселен, “Ұлпан”, “Жат қолында” романдарына “Ақан сері – Ақтоқты”, “Аманкелді”, “Болашаққа аманат”, “Қайран Майра” пьесаларына, “Достық сапары” (1971), “Уақыт іздері” (1977) сияқты очерк кітаптарына, “Суреткер парызы” (1970), “Заман және әдебиет” (1982), “Дәуір дидары” (1986), “Әдебиет кәсіп емес, өнер” (1987) сияқты әдеби-сын кітаптарына сол қойын дәптерлеріндегі біраз материалдарды

жазушының пайдаланғаны айқын көзге түседі. Қойын дәптерлер мен жоғарыда аталған шығармаларды қатар алып, мұқият салыстыра отырып, қойын дәптерлердегі материал-дарды жазушының қалай, қандай жолмен, әдіспен пайдаланғанын мұқият зерттеу, анықтау, пайымдау — қазақ әдебиетін зерт-теушілердің келешектегі міндеті екені түсінікті.

Өзіне кейін қажет болады-ау деген ой-ниетпен, өзінің күнделікті тұрмыс-тіршіліктегі бақылауынан, көргенінен, ойланудан туған ой-суреттер де қойын дәптерде мол. Мәселен, қаламгер шығармасына жан бітіріп, көрік беретін табиғат суреттерінің қойын дәптерге түскен үзік-үзік көріністері аз емес. Аспандағы жұлдыздың суреттері: “Таң ата ұсақ жұлдыздар азайып өңкей ірілері ғана қалғандай болады, осы кезде көл жағасында болсаң аспанда қалған өңкей ірі жұлдыздар жаңа ғана көлге шомылып шыққандай дымқос, таза үлкенірек сезіледі.

Көлге қарасаң әлі бірталай жұлдыз суда шомылып жатқандай көрінеді”, (337 —дәптер) — деп жазылған болса, жол-сапар үстінде байқалған Ұлы Мұхиттың көріністері: “Тып-тыныш, көгілдір. Беті бөрітіп қоңыр тартып кетті. Сылаң еркелеп біріне-бірі асыла, сүйенісе келе жатқан толқындарға, енді ақ жал пайда болып келеді. Ұсақ жауын!

Мұхитқа жауғанша біздің тың өлкесіне жаусайшы! Кішкене құстар кемеге қонып паналай бастады.

Күштің қорлануы бар, түйілуі бар, жырлауы бар” (378-дәптер) — деген штрихтармен берілген. Бұл жазбаларды жазушының болашақ бір

шығармасына пайдалансам ба деген ниетпен қойын дәптеріне кіргізгені көрініп-ақ тұр.

Ғабит Мүсіреповтің адам портретіне аса қажетті материалдары да қойын дәптерден біраз орын алыпты. 344-дәптерде: “Мен көп жылдар бойында адам ойының, әсіресе пейілінің портреті көзінде болар-ау деуші едім.

Көз бала кезінде көңіл портреті бола алады екен. Өсе келе, есейе келе, көз ойнақшиды, адам оны әр түрлі құбылта алады. Көз алдай алады, ойнай алады, қорқыта алады т.т. яғни оның тұрақты қалпына сирек кездесесің.

Олай болса көз адамның бала кезінде ғана көңіл портреті бола алады.

Сонда, адамның рухани сырын бірден, бірден болмаса да көп ұзамай таңырлық сыртқы белгі портреті жоқ болғаны ма?

Мен бар деп ойлаймын: адамның ой-көңіл, ниет портреті жүзінде! Түгел жүзінде.

Адамның жүзі сұрланып кететін, қызарып кететін, қоңырайып кететін, бозарып кететін, жадырап кететін кездері болады. Осының себебі неде?

– Көңіл құбылысында, ойлау өзгерісінде.

Олай болса адам ойының, ниет-пейілінің дәл осы сәттеріндегі дәл портреті жүзінде.

Адамның бет терісі миы жасалған материядан жасалса керек. Сондықтан миына (ойына, сезіміне, көңіліне) келгені қолма-қол бетке шыға келеді. Кейбір адамның жүзі қарамен таңбаланып та қалады, кетпейді.

Сондықтан мен адам ойының портреті жүзінде дегім келеді, – дейді.

Ғабит Мүсірепов қойын дәптеріне өзі білетін, есінде жүрген, немесе, естіген қазақ халқының ауыз әдебиеті үлгілерін де жазып отырыпты. Дәптерде – халық өлеңдері, аңыздар, ертегі, айтыс, жоктау, шешендік сөздер, билер сөзі, жұмбақ, қазақ мақалдары, өзге халық мақалдарының (түркімен, қырғыз, монғол, ағылшын т.б.) біраз үлгілері бар. Жазушы олардың кез келгенін емес, таңдап, өзіне ұнаған тәуірлерін қағазға түсірген сияқты.

Екеу-екеу мінейік тал кемеге,  
Екеу қайтып сиямыз тар кемеге?  
Он сегіз без жиырманың арасында  
Көңіл шірікін кетпей ме әр немеге.  
Алты ай қыстың аяғы Ақпан-Қаңтар,  
Мейілің олай жалтар, былай жалтар.  
Екеуінен құтылған аман-есен  
Ұзын сары келгенде өлең айтар.  
Дүниенің бүгінгісі, ертеңгісі –  
Кеше мен арғы күннің жаңа елесі,

Бір күндік өмірі бар көбелек те  
Сол күннің айтып кетер ертегісін.

(338-дәптер) сияқты қазақтың қара өлеңінің әдемі нұсқалары жазушы дәптерінде жиі-жиі ұшырайды.

Сегіз сері, Сүйіндік, Әлжан, Қуат, Дихан т.б. ақындардың ең тәуір өлеңдерін де Ғабит Мүсірепов дәптеріне жазып, кейде өз бағасын беріп отырған. Мысалы:

Жылы тамақ ішінді жылытады,  
Суық тамақ қарныңды ұлытады.  
Жұта сал сар қымыздың бір аяғын,  
Қарның ұлығанын ұмытады, —

(334-дәптер) деп, Қуат ақынның бір ауыз өлеңін келтіреді де, сол тұста “нағыз ақын Қуат еді ғой” деп ақын туралы өз пікірін жазып қойған.

Бір кезде қолданылып, қазір ұмытылған қазақ тіліндегі кейбір ескі сөздерді де жазушы дәптеріне түсіріп отырыпты. 332 -дәптерде: Мезе, жанак, тағай, мілік, өң, еңсе, егізек, деңгей сияқты архаизмдердің түсінігін берген.

Қойын дәптерде адам, бала тәрбиесіне қатысты жазушының ой-толғамдары да аз емес. Тәрбие мәселесімен айналасатын ата-аналардың, мамандардың, педагог ғылымдардың, мектеп мұғалім-дерінің кәдесіне асатын Ғабит Мүсіреповтің аса құнды пікірлерінің, ұлағатты сөздерінің мән-мағнасы еш уақытта ескірмек емес.

Ғабит Мүсірепов қазақ халқының арғы-бергі тарихына байланысты қыруар деректерді қойын дәптеріне көп жазыпты. “Қазақ” – деген сөздің о баста қайдан шыққаны жөнінде деректер өте көп. Халықтың, тайпалардың, рулардың (қыпшақ, жалайыр т.б.) шығу тарихы, олардың адамзат қоғамынан алған арны, қызметі жайлы жазушының қойын дәптеріндегі ой-топшылаулар аса бағалы. Сондай-ақ Шыңғысхан, Ақсақ Темір, Жәнібек, Қасым, Хақ-Назар, Есім, Тәуке, Абылай, Сырым, Исатай, Махамбет, Көтібар, Бекет сияқты т.б. тарихи тұлғалар жайлы жинаған көптеген деректер қойын дәптерден кең орын алған.

Қазақ жазушылары – Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Олжас Сүлейменов, Мұхтар Шаханов, Мұхтар Мағауин туралы деректер де маңызды. Әсіресе, қазақтың дүлдүл ақыны Мағжан Жұмабаев туралы (ол ақталмай тұрған жылдарда жазылған Ә.Н.) қойын дәптердегі пікірлердің мән-мағынасын бөліп атаған жөн. Ақын шығармаларын ауызға алуға болмайтын, тыйым салынған сол бір үрейлі жылдардың өзінде-ақ Ғабит Мүсірепов ешбір жаналғыш “өзірейілден” именбестен-ақ Мағжан өлеңдерін қойын дәптеріне жазып отырған. 337 дәптерінде Мағжан Жұмабаевтың атақты “Шолпы” өлеңінің текстісін толық жазып, аяғына “1975 жыл” деген уақытты көрсетіпті. Сол дәптерде Мағжанның “Толқын” атты өлеңінің, 338 дәптерінде Мағжанның “Гүлсім ханымға” атты өлеңінің текстерін жазып қойған. Міне, көріп отырмыз, Мағжанға тыйым салынған қатал дәуірдің өзінде-ақ Ғабит Мүсірепов ақын

шығармасының құдіреткүшіне сүйсіне, табына отырып, оны қадірлей, құрметтей білген. Сол бір аса қиын-қыстау кезеңде ешкімнен қаймықпай, сескенбей, әдебиет туралы, оның дарынды өкілдері жайлы өз жүрегінің сеніміндей ой-толғамдарын қағазға түсіріп отыруы Ғабит Мүсіреповтің азаматтық тұлғасының ірілігін, дарынының биіктігін, құдіреттілігін, тазалығын, болжампаздығын, қаһармандығын танытып, дәлелдесе керек.

Өмірде бірінші болып дарынды ақынды дарынды ақын ғана айырықша толық тани алады. Олар бірін-бірі әділ де, дәл бағалай да біледі. Арғы-бергі ақындардың үздік шығармаларынан айшықты өрнектерді қойын дәптеріне түсіріп, эстетикалық ләззат алумен болған Ғабанның өзі де ақын. Оның әйгілі “Қыз Жібек” пьесасын өлеңмен жазғаны баршаға аян, өлең болғанда қандай: төрт құбыласы сай, шын ақынның шабытты жүрегінен төгілген жыр маржандары! Ал “Ақан сері – Ақтоқты” драмасындағы өлеңдер ұлттық поэзияның жарқын үлгілерінің қатарында келе жатыр. Мына қойын дәптерлерінде де еш жерде жарияланбаған, қалың оқырманға бимәлім, жазушының өзі шығарған өлең шумақтары да кездесіп қалады.

Құшақтап сені қысқанда  
Күн ұялып кетсін батып.  
Құшақтан сен босанғанда  
Қайта шықсын, таң атып.  
Екеумізді көрген дүние

Тандай қақсын түн бойы,  
Аполлон мен Венераның  
Қалсын көңілі бір тойып, –

(338-дәптер) деген өлең жолдары қай-қай ақынның да әдемі өлеңдерімен дөңгейлесіп, нықтасып тұр. Сондай-ақ 1980 жылы Қазақстан 60 жасқа толғанда шығарған ұзақ өлеңі де (338-дәптер) Ғабит Мүсіреповтің ақындық дарынының молдығын, тегеуірінділігін танытатыны сөзсіз.

Әдетте, жазушы атаулының жұртқа дабыра етіп айта бермейтін өзінің ішкі сырлары, көңіл күйінің көріністері, жан дүниесінің құпиялары да күнделікке, қойын дәптерге түсіп қалатыны мәлім. Осы жайға байланысты бір-екі мысал келтірудің реті келіп тұр. Әрбір қаламгердің де өзі сүйіп оқитын жазушылары болатыны ақиқат. Сондай мықты жазушылар Ғабандә да болған. 335 дәптердегі: “Ең жақсы көретін жазушыларымның бірі – Марк Твен” деген жазбасы оның суреткерлерлік сырларының, тағылым-тәрбиесінің сыр-сипатын анықтай түседі.

Қойын дәптерде жазушының өмірбаянына, үй ішілік тіршілігіне тікелей қатысты деректер де баршылық. Мәселен, өз перзенттерінің ішіндегі ең сүйіктісіне арнаған жазушының сыр-толғаныстары назар аударарлық. 338-дәптердегі: “Ең зерек, ең сүйікті балам осы Райхан еді. Мені ең терең түсінетін, ең жақсы көретін балам да сол еді.

Қазақша аз білетініне қарамай ауылмен де, алыс-жақын, туыс, дос-жар жұртшылықпен байланыса да білетін, әдеп-ғұрып дегенді бұза білмейтін балам да сол болатын.

Денсаулығы шамалы болса да өз бетімен тіршілік етіп адам болды.

Достары көп, ешкімге бір ауыз қатал сөз айтпаған шығар.

1941-1982. 24 октябрь, түн.

Хош айтысты өмірмен.

Әкең, ерке құлыным, әкең.

27.10.82.” – деген жазба өзінің ең сүйікті баласына арнаған жазушының жүрек тебіренісі, шынайы жан-сыры. Бұндай жазба-лардың жазушының творчестволық өмірбаянын зерттеушілерге, жазам деп ниеттенушілерге аса қажетті құнды дерек бола алатыны талассыз.

Ғабит Мүсіреповтің қойын дәптеріндегі жазбалардың бір парасы әдебиет мәселелеріне арналған. Әдебиет атаулыны кәсіп емес, сөз өнері деп танитын қаламгер өмір бойы оның шынайы көркемдігі үшін талмай күресіп, белсене ат салысты. Мына қойын дәптердің әр тұсында да жазушы қаламынан шығатын шығарма біткеннің қандай болуы керектігі жөнінде талай-талай байыпты, салмақты, салиқалы, тағылымды пікірлер мол. “Көркем әдебиет деген ең әуелі жанды сөз, – дейді 340-дәптерінде ол, – тек қана сыртқы емес, ішкі сөз. Адам жанын қозғай алар құдіреті болса, төрт аяғын тең басқан өлеңнен де, сағымдай құлпырған қара сөзден де пайда жоқ. Көркемсөздің сұлулығы сағымдай құлпырмасын,

өзендей толқысын”. Яки 335-дәптердегі: “Шығарма сыншылар үшін жазылмайды, оқушылар үшін жазылады. Мазмұн неғұрлым эмоция арқылы берілсе, кітап соғұрлым бағалы, тура айтылған мазмұн қанша салмақты болса да ол көркемдік арқылы берілмесе ол шығарма-очерк, ол көркем әдебиетке қосылмайды.”

Көркем шығармада желі бар, қазықтар бар, түйіндер бар, төбе бар, айпат бар т.т. Желінің қазықтары: “Желі өн бойына түп-тура болмай жоғары-төмен, оңға-солға бұрылып отырады. Қазықтар жерге қағылады, яғни желі керекті бір түйінге соға қайтады. Шығарма ауырту керек, емдеу керек, қуанту керек, ренжіту керек, шығарманың бояулары ақ пен қара ғана емес, қызылы да, көгі де, сарысы да бар...” – деген ой-толғаныстардың теориялық мән-мағынасы терең. Шығарманың көркемдігі, эстетикалық әсері, рухани күші, композициялық келбет-бітімі жайлы бұндай пікірлерге қаламгерлердің де, әдебиетті зерттеуші ғалымдардың да әрдайым жүгініп, арқа сүйері хақ.

338-дәптердегі Ғабит Мүсіреповтің проза туралы бес ауыз өсиетін де барлық қаламгерлер де сабақ алуға тиіс теориялық қадір-қасиеті мол, байсалды да байыпты ой-толғамдар деп білген жөн.

Жалпы, қазақ тілі, көркем шығарманың тілі жайлы көп жазып, көп пікір айтқан қазақ жазушыларының бірі де бірегейі – Ғабит Мүсірепов. Оның қойын дәптерлерінде тіл туралы әр тұста жазып отырған пікір-тұжырымдары аз емес. Қазақ тілін әзербай-жан, өзбек, түркімен, қырғыз, тәжік, татар, башқұрт тілдерімен салыстыра, зерттей

отырып, туған тілінің өзіндік ерекшелігін, қадір-қасиетін айқындайтын жазушының ғылыми тұжырымдары (338-дәптер) аса бағалы.

Әдеби шығарма тілінің көркем, әсерлі, қуатты болуына ұлы суреткердің ерекше көңіл бөліп отырғаны оның бүкіл творчестволық жолынан аян. Шығарма тілі жайлы ой-толғамдары қойын дәптерлерінде жиі-жиі ұшырайды. Әсіресе (10, 38 дәптерлердегі) шығарма тілінің көркемдігі туралы айтқан пікірлер жасамыс жазушыға да, жас қаламгерге де ауадай қажет. “Маған сөздің де, сөйлемнің де еңсесі бар сияқты сезіледі.

Сөздің де, сөйлемнің де салмағын да кірге салып өлшеуге болатын сияқты сезіледі.

Сөйлемнің еңсесі ой салмағында, сөздің еңсесі өзінде, өз сипатында.

Сөзге сөз жарығын да, көлеңкесін де түсіріп тұрады. Сөз өз мағынасын дәл баспай тайғанақтап тұрса, ол өзін де, сөйлемді де оңдырмайды” (10-дәптер), – деген толғамдар әдеби шығармадағы тілдің, әрбір сөйлемінің, әрбір сөздің көркемдік, мағыналық қуатына, эстетикалық әсеріне ерекше мән беруге кім-кімді де жетелеп тұр. Көп жылғы творчестволық тәжірибесінен қорытып айтқан бұндай топшылау-тұжырымдар Ғабит Мүсіреповтің өз шеберлігінің сыр-сипатын да айқындап берген деуімізге негіз бар.

Әдеби сын туралы қойын дәптерлеріндегі пікір-пайымдаулар өте салмақты. Қазақ әдеби сынының жай-күйі туралы Ғабит Мүсіреповтің

сөздері, баяндамалары, мақалаларының қазақ, орыс тілінде жеке-жеке кітап болып шыққаны баршаға аян. Сол мақалаларға, кітаптарға арқау болған әдеби сын жайлы жазушы пікірлерінің негізгі жобасы, түп қазығы осы қойын дәптерлерге түсіп отырған екен. (34 –дәптерінде) жазушының әдеби сынға қойылатын негізгі талап-талғамдарды 8 пунктке жүйелеп, топтастырып жазғанын көреміз. “Идеялық жағынан жақсы я жаман деген түк айтпағанға тең. Идеяны көркем әдебиеттің талап ететін шеберлігімен бере алған ба, жоқ па? Яғни, шеберлік жайын қоса айтпаған сын жарымжан” (340-дәптер), - деген жазушының пікір толғамы қазақ әдебиетіндегі кәсіпқой шала-жансар дүниелерге (халтураға) жағдай жасаған әдеби сынға берілген соққы, әрі әдебиет сыншыларын шынайы шеберлік үшін үздіксіз күресуге шақырған ұран іспетті.

Қойын дәптердегі бірысыра жазбалардан данышпан жазушының ұлт мәселесіне, ұлтаралық қатынастарға үнемі назар аударып отырғаны байқалады. Әрбір ұлттың дамуы, өсуі туралы қаламгердің ой түйіндері көңіл бөлерлік, кім-кімді де ойландырар-лық. “Адам ойының ер жетуі жас баланың ер жетуінен анағұрлым ұзаққа созылады. Ал енді тұтас бір қоғамның, не болмаса ұлт ойынның ер жетуі ғасырларға кетеді” (342-дәптер), – деген топшылаулар ұлттардың болмыс-тіршілігін, қалыптасуын, өркен-деуін дұрыс сипаттайды. Отаршылық езгідегі ұлттардың бет-бейнесі, аянышты тағдыры жайлы да жазушының көп толғанып, талай рет тебіренгенінің ізі қойын дәптерлерде сайрап жатыр.

(361-дәптердегі): “Ұсақ ұлттарды ықтыра берсең, иықтай берсең, жүн болып кетеді. Өзіндік тоқсан тоғыз жақсы қасиеттерінен айырылып, өзгенің тоқсан тоғыз түрлі кемшілігін үйреніп, оның биік ойларына өреси жетпей, ит өуре болады. Енді ол халықтың беті хош-есен болға бұрылып кетеді”, – деген ой-толғам отар-шылықтың қай-қай уақытта да ұсақ ұлттарды апатқа ұшыратып, жоюды көздейтінін айқын танытады.

Өзінің туған елі – қазақ халқының шығу тегі, тарихы, тағдыры, ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық ерекшелігі, жақсы қасиеттері жайлы Ғабит Мүсіреповтің ой-толғаныстары тіпті көп. 337,342-дәптерлердегі қазақ халқының тұтастығы, негізгі қадір-қасиеті, ұлттық ерекшелігі жайлы айтылған пікірлер байыпты, салмақты, дәлелді, әдебиетшілер үшін де, тарихшылар үшін де, экономистер үшін де – барлық қоғамтану мамандарына қажет құнды тұжырым-топшылаулар болуға тиіс. 337-дәптерде: “Қазақ деген ел – бостандық, азаттық сүйетін, даланы, таза ауаны, таза суды, таза көгалды сүйетін халық. Бұл кезінде ол бұзылмаған ел (бұзыла білетін ел емес, бір бұзылса аяқ-қолын жинай алмай кетуі де мүмкін).

Сонша кең дүниеде жүріп, сонша тазалық дүниесінде жүріп ол елдің жан-жүрегі таза болмаса, таңдануға болар еді. Жоқ, ол кезде ол асқан ақ көңіл, мырза, сенгіш, барықсыз ел”, – деп жазушы қазақ халқының ұлттық қасиетінің өзіндік жақсы-жақсы сипаттарын айқын да дәл айтып берген. Бұл топшылаулар тұтас бір халықтың – қазақ елінің

өмір тіршілігін, тарихын ұзақ уақыт зерттей келіп түйген ойдың жемісі болса керек.

Көркемсөз шеберінің қойын дәптеріндегі ой-толғамдардың өмірдің алуан қырлы, сан қилы қыруар мәселелерін қамтитыны байқалады. Бұл жерде олардың бәрін түгел санап айтып шығудың өзі қиын. Адамдар арасындағы моральдық мәселелерді: ар, ұят, мейірім, әділдік, алдамау, жауыздық, ашқарақтық, обырлық, опасыздық, кісі өлтіру т.т. ұнамды-ұнамсыз сипаттарды қамтитын жазба да бар (360 дәптерде). Кісі қайтыс болғанда қалай жөнелту, онын артын қалай күту (жоқтау), еске алу сияқты елдік мінез, халықтың салт-дәстүр жөнінде айтқан пікір-тұжырымдарды (340-дәптер) кең қоғамдық деңгейде пайдалануға болатыны күмәнсіз. Міне, осындай көптеген ішкі сыр, ой-түйіндердің қатарында жазушылық, суреткерлік деңгейге көтерілген қызықты да тартымды ойлар 337-дәптердегі: “Дүниеде әйелдің көзінен артық сиқырлап тартып кете алатын күш жоқ қой деймін. Қалайда, байлық, бақ, мансап, тіпті қоғамдық дәреже дегендердің бір де бірінде ондай күш жоқ. Бәрі бірге қосақталып келіп мойныма асыла кетсе, мен бәрін сілкіп тастап оқтай қадалған әйел көзіне қарай жүре берер едім”, – деген жазушының жүрек сырлары байқампаз сезімталдықтың хас қаламгерге ғана тән сыбағасындай.

Фибрат аралық ақыл-сөз, ұлағатты өсиет дәрежесіне жеткен сөз, сөйлемдер қойын дәптердің әр тұсында да бар. “Жылан жарыққа құмар, шен құмар жан жылтыраққа құмар.

Досыңның зұлым болар бет алысын сезінсең, дос күнінде құтыл.

Олда-білда – арамның анты, құдай ұрсын – қорқақтың анты, ерлер үшін берік ант – қол алысу” (358-дәптер), – сияқты ой-толғамдарды жазушы қаламынан шыққан нақыл сөздер – аферизмдер деуге әбден келеді.

Тұтастай алғанда, Ғабит Мүсіреповтің қойын дәптерлері жазушының творчестволық лабораториясының сан алуан сыр-сипатын танытатын қыруар құнды материалдарға толы. Жазушы творчествосын жан-жақты білгісі, зерттегісі келетіндердің келешекте бұл дәптерлерге соқпай өтуі мүмкін емес.

Сайып айтқанда, Ғабит Мүсірепов – қазақ әдебиетінің барлық жанрларын дамытуға көп еңбек сіңірген көркем сөздің майталман шебері, ірі суреткер. Оның шығармалары сан рет көптеген халықтардың тілдеріне аударылды. Ғабит Мүсірепов – бүкіл дүние жүзіне кең танылған сөз зергері.

Ғабит Мүсіреповтің қаламынан шыққан әрбір өміршең еңбегі үнемі оқырман жүрегіне жол тауып, оның асыл бұйымына айналып отырды. Ол-туған Отанының гүлденуіне үлкен еңбек сіңірген халықтың адал азаматы, қадірмен перзенті. Ғабит Мүсірепов – халықтың шын мәніндегі сүйікті жазушысы.

## ҒАБИТ МҮСІРЕПОВТЫҢ НАҚЫЛ СӨЗДЕРІ.

\* \* \*

Әр ел өз ерлігін көтере айтқанда жеңген жауының осал еместігін  
қоса айтады. Тек ірілік қана аңызға айналады...

\* \* \*

Біз даланың ессіз ерлеріміз ғой, көзге тұрткенде ғана селк  
етеміз...

\* \* \*

Қазақ халқы қазақ атанудан әлдеқашан бұрын мал баққан ел...  
Қазақ – ұйқысы қанған халық, ұйқысы қалған халық...

\* \* \*

Судың тазалығын үйретейік, желдің еркелігін үйретейік, ағаштар-дың жайқалуын үйретейік, күннің жылылығын үйретейік, Ата-ананың достығын үйретейік... Балаларымызды әуелі ата-ананың мейіріміне, махаб-батына бөлейік!

Ақырзаман боларда барлық бәлелердің есігі ашылып кетеді екен...

\* \* \*

Азияның аязына, Африканың ыстығына шыдар ұрпақ керек...

\* \* \*

Өкшелес буын, ойыныңа, ойыңа қараймын...Өзім ұшып кете алмаған биікті сендерге тілеймін. Өзің аспанда, ойың төменде жүргенше өзің төменде, ойың аспанда жүрсін, жаным! Әке ызғары оларға қазір керек-ақ...

\* \* \*

Қыз мінезінде ұяндық пен әдеп бірге кездесе, бірін-бірі жасырыңқырап тұрады, ашықтық пен абайсыздық бірге кездесе, бірін-бірі асырыңқырап тұрады.

\* \* \*

Мен сақтанбай сөйлейтін адаммын!

\* \* \*

Бар мен жоқтың, асыл мен жасықтың мөлшерін салыстыру арқылы ғана танылмақ... Дала қызының назданған еркелігінде мұң да бар, жігер де бар, жалынышы мен жалыны да бар. Жан тазалығы, саудаға салмас ар-ұят тазалығы да бар. Сондай қолтума өнерінен кіршіксіз ләззат ала аласың...

\* \* \*

Отырған орныңнан ұшырып тұрғызатын сезім – поэзия, күй поэзиясы, ән биігі, поэзия биігі.

\* \* \*

Сөзді қалай болса солай пайдалана берсең, сөздің жүзі мұқалып, ұшы майрылады, айтайын дегенің құлаққа қонбайды.

\* \* \*

Елдің ертенгі күнін ойлайтын да бір адам болу керек шығар. Солмын мен!

\* \* \*

Ұрлық, қарлық, зұлымдық, зорлық, қиянат сияқты қылмыстар өше берудің орнына өсе берсе, сол қылмыстардың бәрі де басқарушылардың өз бастарында болғаны!

\* \* \*

Кім бағынышты болса, сол кінәлі болады... Ел деген жетім қозы емес, еміздікпен асырай алмайсың!

\* \* \*

Халқымыздың өзін өзі басқаратын осы ұлы арманын орындап шығуға өз өміріміз жетпесе, үрім-бұтаққа аманат етеміз!

\* \* \*

Асыл сөз атқан оқтай жәй кетпейді.  
Жаманға оқ өтсе де, сөз өтпейді...

\* \* \*

Адалдығына қарасаң, әулие ме дерсің, ерлігіне қарасаң, еркек пе деп қаларсың, Ұлпанды.

\* \* \*

Сындырмай көк болатты ие білген... Ұлпандай адам қайда...

\* \* \*

Таңдарлық қыз әрі есті, әрі сұлу болуы керек емес пе? Сұлулығы жеңсе, есінен айрылып қалатын естілігі жеңсе, сұлулығынан айрылып

қалатын қыздар аз болмайды, естілігі толыққан сайын сұлулығы да толыға беретіндері де болады.

\* \* \*

Үлкен адам кішірейген сайын үлкейе береді екен. Біз—сағат санап, күн санап өскен ел емес, замана таңбаларын санап өскен елміз...

\* \* \*

Жүзге тұратын бірден айрылып, бірге тұрмайтын жүздерге қалған екенбіз ғой...

\* \* \*

Еркекке тіс те керек, іс те керек, білек те керек, жүрек те керек...

\* \* \*

Еркектің көркі ақылында...

\* \* \*

Байдың малы қымбат, кедейдің жаны қымбат...

\* \* \*

Әйел ашуланса жеңіледі, еркелесе жеңеді...

\* \* \*

Шала істеген іс жаман, шала піскен ас жаман...

\* \* \*

Кедейге кепесінің төбесіне шығып тұруы да үлкен мақтаныш.

\* \* \*

Дау кұған ел жауығар, кумаған сауығар...

\* \* \*

Еліміздің ұйтқысы — әдет-ғұрпымыз, оны шайқалтпауды ойлайтын кезіміз осы...

\* \* \*

Жазғытұры жайлауға бет алған бірінші көш—мал ұстаған елдің жыл сайынғы болып тұратын табиғи көрмесі.

\* \* \*

Осы күнге дейін батырлық та, ерлік те, сұлулық та, ақылдық та хан тұқымда деп келдік... Олар қара қазақтың бойына жараспайтын сияқтанып келді, сол ескі әдетпен кете беретініміз әлі бар...

\* \* \*

Сыртынан қанша балағаттасаң да, кездесіп қалғанда мысы жеңе беретін адамдар болады.

Біз әйелді әйел сыңайынан таныған елміз.

\* \* \*

Біз сияқты қырсыққа ұшыраған елде қадірлі адамдар елеусіз қала береді...

\* \* \*

Біздің патшалықтың барлық баспалдағында мәңгі өзгермейтін бір мінезі – өзінен өзгені өсірмейді.

\* \* \*

Россия топырағында біздің демократияның тұқымы өсіп-өне қоймас...

\* \* \*

Адам рухы айналасынан бөлек жасай алмайды...

\* \* \*

Мен бүгін шешуге болатын мәселені ертеңге қалдырғанды ұнатпаймын...

\* \* \*

Қай жерде болсын халықтың мұң-мұқтажына құлақ аспаған адам ол азамат емес. Ол халқының бірінші жауы!

\* \* \*

Ұлы ақындар жәбір-жапа, қорлыққа толы қиянат жыл, замандарда бір айқай салмай қалған емес...

\* \* \*

Сөйлесек... шындық, әділдік, дұрыстық, ақиқат дегендерді алға ұстай отырып сөйлейік...

\* \* \*

Тойған қарын ойға бөгет бола береді...

\* \* \*

Адамның барлық ішкі дүниесінің портреті жүзінен көрініп тұрады...

\* \* \*

Мен қазақтың қазақ болғанына жетелік еш нәрсе бар деп ойламаймын.

\* \* \*

Қай халықтың болса да өсер жолында қандай қабілеті тиянақты болса, сонысына сүйене отырып тәрбиелеу ұтымды болу керек.

\* \* \*

Қазақ әйелі аз ғана жәрдем бергенінді ұмытпайды, тезірек еселеп қайтаруға тырысады...

\* \* \*

Қалам-хат білмейтін елде кейбір тіршілік заңдарын афоризмдермен есте қалдырған...

\* \* \*

Бізді жабайы, өзін ақылды көретін ақмақтығы сонша, арам ойларын дұрыстап бүркей де алмайды...

\* \* \*

Соңғы алты ғасыр бойында нәсілі жат елден шыққан хандар билеп келген ел қайдан оңсын!

\* \* \*

Қазақ халқының бір заманда өзінше бір шалқыған кезі де болған сияқты...

\* \* \*

Әр елдің, әр халықтың есі кіріп, есейер кезі бар. Сол кезінде қай халық болса да өзінің елдік болашағын табан тірер тіршілік тиянақтарын ойланбай қойған емес...

\* \* \*

Адамның парыз-қарызы сыйлауда...

\* \* \*

Менің іздейтін байлығым малда емес, адамда болмақ...

\* \* \*

Жас балалар есейіп жеткенше, үлкендердің не істегендеріне жете түсінбей де еліктей береді...

\* \* \*

Бізге еркеліктің керегі жоқ...

\* \* \*

Хан-сұлтандар уәде береді, алдайды, ұрлық қылады, зорлық қылады, оны қара қазаққа жабады...

\* \* \*

Мен өз елімде, өз жерімде басы артық, керегі жоқ жандаймын. Жалғызсырау деген ауыр күйзеліс...

\* \* \*

Ойланбай істеген қызмет өкініш тудырады... Жер-суынан айрылған елде не билік болады...

\* \* \*

Тіл салақ сөйлеуден бұзылады...

## ФАБИТ МҮСІРЕПОВТИҢ ШЫҒАРМАЛАРЫ:

Мүсірепов Ф. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1992. Т.1. Повестер мен әңгімелер. 400 бет.

Мүсірепов Ф. Шығармалар жинағы: Бес томдық . Жазушы, 1972.-1976.

«1- том. Повестер мен әңгімелер.-1972.-528 бет.

2-том. Пьесалар.1973.-587 бет.

3-том. Оянған өлке: Роман.-1974.-483 бет.

4-том. Суреткер парызы: Әдеби-сын еңбектері.-1976.-620 бет.

5-том. Қазақ солдаты: Роман; Ұлпан: повесть. 1976.- 620 бет.

Мүсірепов Ф. Таңдамалы шығармалар 3 томдық.-Алматы: Жазушы,1980.-

1 том. Повестер мен әңгімелер.- 544 бет.

2-том. Оянған өлке: Роман.Көркем очерктер.-592 бет.

3-том. Романдар және поэма.-584 бет.

Мүсірепов Ф. Таңдамалы шығармалар. Үш томдық.- Алматы: Қазмемкөркем - әдеббас,1955 – 1956.

1-том. Қазақ солдаты: Роман.- 1955.-368 бет.

2-том. Оянған өлке: Роман.- 1955.-504 бет.

3-том. Әңгімелер. Пьесалар.-1956.-512 бет.

Мүсірепов Ф. Қазақ әйелі: Роман және әңгімелер.

Мүсірепов Ф. Жат қолында: Роман.- Алма-Ата: Жазушы, 1984.- 462 бет.

Мүсірепов Ф.Кездеспей кеткен бір бейне: Повесть және әңгімелер.- Алматы: Жазушы, 1987.- 157 бет.

Мүсірепов Ф. Драмалық шығармалар.

Мүсірепов Ф. Әдебиет кәсіп емес, өнер. Толғаныстар. Алматы, Жалын, 1987.-122 бет.

Мүсірепов Ф. Заман және әдебиет: Әдебиет жайлы ойлар,толғаныстар.- Алматы: Жалын, 1982.-350 бет.

Мүсірепов Ф. Жаңа достар.- Алматы: Жалын, 1983.-28 бет.

Мүсірепов Ф. Қайрөш қалай батыр атанды.- Алматы:Жалын,1980.-28 бет.

Мүсірепов Ф. Тандамалы әңгімелер.-Алматы: Мектеп,1979.-206 бет.

Мүсірепов Ф.Ұлпан: Повесть және әңгімелер.- Алматы: Жазушы, 1975.-280 бет.

Мүсірепов Ф. Достық сапары: Әңгімелер мен очерктер.- Алматы: Жазушы, 1971.- 128 бет.

Мүсірепов Ф.Тұтқын қыз: Повестер және ой-толғамдар.- Алматы: Балауса, 1993.-512 бет.

Мүсірепов Ф.Туған елге соңғы сөз (Соңғы қоштасу хаты) Жалын, 1987.- №1. 11 б.

Солтүстік Қазақстан облыстық өлкетану мұражайы  
“Асыл мұра” орталығы.

## КӨРКЕМ СӨЗДІҢ ЗЕРГЕРІ

Ғабит Мүсіреповтың туғанына  
100 жыл

(Өмірдерегі мен шығармаларының анықтамасы)

Петропавл - 2002  
Солтүстік Қазақстан облысы

“Асыл мұра” отралығы

Құрастырушылар: Ғалым Қадірәліұлы, Қайролла Мұқанов,  
Социал Жұмабаев.

## КӨРКЕМ СӨЗДІҢ ЗЕРГЕРІ

Ғабит Мүсіреповтың туғанына 100 жыл  
(Өмірдерегі мен шығармаларының анықтамасы)

Редактор: Б.Қожахметов  
Шығаруға жауапты: С.Жұмабаев  
Басылымға дайындаған: Н.Байтенова  
Корректор: С.Жұмабаев  
Техникалық редакторы:

Петропавл – 2002ж. – бет.  
ISBN

### Кітап мазмұны:

1. Ғ.Мүсірепов жайлы лебіздер.
2. Ғ.Мүсірепов: Автобиографиялық әңгіме.
3. С.Мұқанов: Ғ.Мүсірепов туралы.
4. Ғ.Мүсірепов: “Қос шалқар”.
5. Ғ.Мүсірепов: Туған елге соңғы сөз.
6. Көркем сөздің зергері. (Барлық шығармаларына шолу жасау).
7. Ғ.Мүсіреповтің нақыл сөздері.
8. Ғ.Мүсіреповтің шығармаларының тізімі.
9. Ғ.Мүсірепов туған елінде.(Суреттер).